

Ералин Қуандық

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ  
ЭТНОДИЗАЙН АРҚЫЛЫ  
ӨНЕРТАНЫМДЫҚ БІЛІМ  
БЕРУГЕ ДАЯРЛАУ**



Түркістан 2016

Ералин Қуандық

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ  
ЭТНОДИЗАЙН АРҚЫЛЫ ӨНЕРТАНЫМДЫҚ  
БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЯРЛАУ**

Түркістан 2016



**ББК 85.1 я 7**

**Е69**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Сенат (№2 29 қыркүйек 2016 жылғы) мәжілісінде бекітіліп баспаға ұсынылған.

**Е 69. Ералин Қ. Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау. Монография. Түркістан: Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2016, -95 бет**

**ISBN 9965-435-96-0**

Пікір жазғандар:

М. Тәңірбергенов профессор, педагогика ғылымдарының докторы

С. Бейсенбаев профессор, педагогика ғылымдарының докторы

Бұл ғылыми еңбек «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша жоғарғы оқу орнында оқитын болашақ мамандарды этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беру мен шығармашылық жұмыстарға даярлауға арналған материалдар ұсынылады. Монографияда этнодизайн өнерін оқыту мазмұны, әдістері мен нәтижелері қарастырылған. Өнер тарихы пәнінің оқу бағдарламасының бір бағыты болып табылатын этнодизайн өнерін жоғары оқу орнында оқыту үдерісінде жоспарланған тақырыптар толығымен қамтылған.

**Е 4903000000**  
**00(05)-8**

**ББК 85.1 . 7**

**ISBN 9965-435-96-0**

©Ералин Қ., 2016 ж.

©Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2016ж.

## КІРІСПЕ

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы желтоқсандағы Қазақстан халқына жолдауында: Қазақстан 2050 бағдарламасындағы ұсынылған стратегиялық бағыттарының бірі білім беруге арналған, онда сапалы мамандар даярлауға баса назар аударылған. Оның жүзеге асырылуы оқытушылардың сапалы даярлығында және олардың өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарауын баса көрсеткен. Осындай жаңа талаптар негізіндегі дайындық ұстаздардың жоғары шығармашылық шеберлігі мен адамдық ресурстарды тиімді пайдалануы нәтижесінде ғана жүзеге асатындығы айқындалған [1].

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласында білімді терең меңгерген мамандарға деген сұраныстың артуы мен оларды даярлаудағы әдістемелік білімділігі мен қабілеттілігі, біліктілігінің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және мамандардың даярлығын білім стандарттарының мазмұнына ылайық жетілдіру өзекті мәселе болып табылады.

Өнертанымдық білім берудегі қазіргі заманғы тәжірибелерді саралау барысы бағдарлы оқытудың басты бағытын анықтауға ықпал етеді, жоғары сынып студенттерінің жеке қызығушылықтары мен танымдық қажеттіліктерін, өмірдің өзекті тұстарын пайымдауына, келешекте олардың өнер түрлерінен жоғары оқу орындарда білім алуға бағытталуына әсер ету.

Болашақ мұғалім тұлғасын дайындаудың сапалық жақтары М.Тәңірбергенов [2], С.Бейсенбаев [3], С.Жолдасбекова [4] және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған.

Көркемдік-эстетикалық тәрбие беруді барынша дамытуға, студенттердің өнерге деген қызығушылығын қалыптастырудың мәселесіне назар аударған ғалымдар А.Камаков [5], Қ.К.Болатбаев [6], Б.Әлмұханбетов[7], Б.Оспанов[8], Қ.Е.Ералин [9,10,11,12] еңбектерінде ұлттық өнер негізінде студенттердің өнертанымдық білім беру эстетикалық тәрбие беруге болашақ мұғалімдерді даярлаудың теориясы мен практикасы зерттеліп, маңызы ашылып көрсетілген.

Ғылыми педагогикалық еңбектерді талдау нәтижелері бүгінгі күнге дейін болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау мәселесі жоғары мектептің теориясы мен практикасында жеткілікті көрініс таппағандығын айқындайды. Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау мәселелеріне қатысты қарама-қайшылықтар кездесетіндігі көрінді: Олар,

- болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде этнодизайн өнерінің ұғымдары мен терминдерін өнертанымдық білім беру тәжірибесінде



кеңінен қолдану қажеттігі мен олардың этнодизайн сабақтарында қолданылмауы арасында;

- болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау үдерісіне этнодизайн ұғымдары мен терминдерін ендіру қажеттігі мен жаңа технологияны оқу үдерісінде тиімді ұйымдастыра алатын мұғалімге сұраныстың артуы арасында;

- этнодизайн сабақтарында оған қатысты ұғымдар мен терминдерді қолдану әдістемесінің қажеттілігі мен бұл әдістеменің жоқтығы арасында қарама-қайшылықтар орын алған, осы аталған қайшылықтарды шешу бағыты зерттеу тақырыбын «Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау» - деп тандауымызға себеп болды.

Зерттеу мақсаты: болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлауды теориялық тұрғыдан негіздеу, оқыту бағдарламасы мен әдістемелік нұсқауларын жасау.

Зерттеу нысаны: болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау үдерісі.

Зерттеу пәні: болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау әдістері.

Зерттеудің ғылыми болжамы: *егер*, болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлаудың моделі, бағдарламасы және әдістемесі жасалса, онда болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлаудың ұтымдылығы артады; *ал бұл болса*, болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау нәтижелері жаңа сапалық көрсеткіштерге көтерілетін болады.

Зерттеу міндеттері: болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлаудың педагогикалық негіздерін айқындау; этнодизайн арқылы болашақ мұғалімдерді өнертанымдық білім беруге даярлаудың моделін анықтау; болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлаудың бағдарламасын жасап, оның әдістемесін дайындау.

Зерттеудің жетекші идеясы: болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау танымдық мүмкіндік ретінде, нақты белгіленген дидактикалық шарттарды жүзеге асыру нәтижесінде ұтымды болады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздеріне: жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға қатысты тұжырымдар, көркем-эстетикалық талғам қалыптастыруға, өнертанымдық білім мен дағдыларды игеруге жүйелі қатынасты және оның жүйеге келтірілген мәдениеттану, өнертану, көркемдік-эстетикалық педагогикалық, психологиялық тұжырымдамалары алынды.

Зерттеудің көздері: Қазақстан Республикасының заңдары, Конституциясы, Ғылым мен білім министрлігінің тұжырымдамалары, кешендері, бағдарламалары, философтардың, психологтардың,

педагогтардың тарихшылардың, этнографтардың, өнертанушылардың еңбектері, өнер шеберлерінің этнодизайн бұйымдары, суретшілер шығармалары, ұлттық мәдени мұралар, автордың жеке өзінің педагогикалық тәжірибесі болып табылады.

Зерттеу әдістері: зерттеу проблемасы бойынша тарихи-этнографиялық мұражайларындағы қазақ колөнер мұраларына, шет ел бейнелеу өнеріне, көрмелер мен суретшілер шығармаларына, археологиялық, өнертану, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге, әдістемелік инновациялық құралдарға теориялық сараптау жасау, педагогикалық тәжірибе нәтижесіне математикалық, статистикалық талдаулар жасап, баға беру.

Зерттеудің теориялық мәні: болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлаудың педагогикалық шарттары айқындалды; этнодизайн арқылы болашақ мұғалімдерді өнертанымдық білім беруге даярлаудың моделі анықталды;

Зерттеудің практикалық мәні: жоғары оқу орындарындағы бейнелеу өнері және сызу мамандығы студенттеріне, арналған: «Этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беру» атты элективті курс бағдарламасы; болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлаудың әдістемелік нұсқауы жасалды.

Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы этнодизайн мамандығы студенттеріне білім беру жүйелерінде, мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру мекемелерінде, қосымша өнертанымдық білім беретін оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептерде пайдалануға болады.

Талдауға ұсынылатын қағидалар:

1. Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау қоғам дамуы, мамандарға сұранысы, мамандар дайындау талаптары, жеке тұлға қызметінің қызығушылық, білімділік, іскерлік мазмұнына негізделуі.

2. Этнодизайн арқылы болашақ мұғалімдерді өнертанымдық білім беруге даярлаудың құрылымдық моделінің мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттерге біріктірілуі, өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлерінің болашақ қызмет талаптарына сай келуі.

3. Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлаудың дидактикалық шарттарының оқу үдерісін мазмұндық, ұйымдастырушылық, әдістемелік, материалдық қамтамасыз етуге негізделуі.

4. Этнодизайн арқылы болашақ мұғалімдерді өнертанымдық білім беруге даярлау негіздерін құрайтын педагогикалық білімдері мен педагогикалық іс-әрекеттердің меңгерілу деңгейлерін анықтаудың сипаттамасы.

Зерттеудің негізгі нәтижелері Республикалық, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік және ғылыми-теориялық конференциялары



жинақтарында жарияланды. А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университетінің профессор-оқытушыларының ғылыми-теориялық конференцияларында, кафедра мәжілістерінде, ғылыми әдістемелік семинарларында, бағдарламаларда, оқу-әдістемелік құралдарда, оқу әдістемелік кешендерде, сिलाбустарда көрініс тапты. Тәжірибелік жұмыс А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университетінде жүргізілді.

Монографияның құрылымы. Монография кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Кіріспеде зерттеудің көкейкестілігі, мақсаты, нысаны, пәні, міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық-теориялық негіздері, зерттеу әдістері, негізгі кезеңдері мен базасы, теориялық және практикалық мәні, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары баяндалады.

«Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау» атты бірінші тарауда болашақ этнодизайн сабақтарында инновациялық технологияларды қолданудың ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалды. Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлаудың моделі жасалды, оған сипаттама берілді, болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлаудың дидактикалық шарттары негізделді.

«Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлаудың әдістері» атты екінші тарауда тәжірибелік жұмысты ұйымдастыру жан-жақты мазмұндалды. Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлаудың әдістемелік білімдері мен іс-әрекеттерін қалыптастырудың мазмұны, формалары мен әдістері, берілді.

Қорытындыда зерттеудің нақты тұжырымдары мен ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу нәтижесінен туындаған ұсыныстар берілді. Қосымшада зерттеу жұмысына қатысты оқу әдістемелік материалдар ұсынылды.

## 1 БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ЭТНОДИЗАЙН АРҚЫЛЫ ӨНЕРТАНЫМДЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЯРЛАУ

### 1.1. Этнодизайн арқылы болашақ мұғалімдерді өнертанымдық білім беруге даярлау педагогикалық проблема.

Қазақстан Республикасының Жалпыға міндетті білім беру стандарттарына енген мамандықтар бойынша жасалған оқу-әдістемелік кешендермен (типтік оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары және т.б.) ерекшеленеді. Аталған нормативтік құжаттар білім беру мазмұнының көкейкестілігіне бағдарланды, осыған орай бірқатар жаңа пәндер ендірілді. Қазақстан Республикасының ЖМББС-на «Бейнелеу өнері және сызу» мамандандығына арналған стандартында қазіргі мамандық тұтынушыларының талаптары мен Болон конвенциясының талаптарына сай этнодизайн туралы болашақ мұғалімдерге білім беріп ұлттық бұйымдарды жасап үйрену міндеттері көзделген.

Этнодизайн сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау мәселелеріне қатысты қарама-қайшылықтар кездесетіндігі көрінді, олар:

-жаңа компьютерлік технологияларды болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге оқыту тәжірибесінде кеңінен қолдану қажеттігі мен этнодизайн сабақтарында инновациялық технологиялардың қолданылмауы арасында;

-этнодизайн сабақтарында болашақ мұғалімдерді өнертанымдық білім беруге даярлау инновациялық технологияларды оқу үдерісіне ендіру қажеттігі мен жаңа технологияны оқу үдерісінде тиімді ұйымдастыра алатын мұғалімге сұраныстың артуы арасында;

-этнодизайн сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану әдістемесінің қажеттілігі мен бұл әдістеменің жоқтығы арасында қарама-қайшылықтар орын алған. Этнодизайн бұйымдарын жобалаудың ұстанымдарын анықтау қазіргі кездегі көркем өнер саласындағы сұраныс пен қоғам дамуы барысындағы эстетикалық қажеттіліктен туындайды. Этнодизайн бұйымдарын бағалау мен жобалау үшін, бұлардың көркемдік ерекшеліктерін көрсететін критерийлерін анықтауды қажет етеді. Бұл көрсеткіштерді анықтауда біз бейнелеу өнерінің түрлі салаларында еңбек еткен даңқты суретшілердің, өнер зерттеушілерінің пікірлерімен санасу, оларды негізге алу қажеттігі туындауда. Сонымен қатар этнодизайн бұйымдарын жобалаудың ұстанымдарын анықтауға мүмкіндік береді. Көптеген дизайнерлер мен суретшілер көркем шығармашылық үшін сурет салудың орнын ерекше бағалаған. Этнодизайн бұйымдарының жобалаудың ұстанымдарын анықтауда суретші П.П.Чистяков, А.А.Дейнека бағылы пікірлер айтқан, ол пікірлерді этнодизайн



бұйымдарын жобалауда басшылыққа алу қажеттігін көрсетті. Суретші К.П.Брюллов «Суретші болудың алдында, сурет сала білу қажет, себебі, сурет көркем өнердің негізін құрамдайды», - деп есептеген.[14,73 б]. Сондықтан этнодизайн бұйымдарын жобалау барысында этнодизайнердің суретті жоғары деңгейде сала білуі ең басты кәсіби құзыреттілік болып табылады. Орыс кескіндемешісі және педагогі П.П.Чистяков «Жоғары, нақты кескіндеме өнері ғылымсыз өмір сүре алмайды. Ғылым жоғары кетеріле келе өнерге айналады», - деп көрсеткен. (Чистяков П.П Рисование с натуры М., Спб, 1927 - С. 67), Суретші педагогтың бұл ойы этнодизайнерге дизайнерлік жоба жасау үшін ғылыми өнертанымдық білімнің қажеттігін көрсетеді. Сурет өнеріне қатысты ғылыми білімдер қатарына жарық пен көлеңке, тұстану, сызықтық және ауа перспективасы, пластикалық анатомия заңдылықтарын қосып айтуға болады. Суретші-педагог А.А.Дейнека «...бейнелеу өнерінің кез келген түрінің шығармалары сияқты, кескіндеме де күні бұрын ойластырылады», - деп есептейді. Бұл жерде суретші болашақ картинаның құрылымы мен түсі, орындалу техникасы жайында жоспарлауды, оны ой елегінен өткізу қажеттігін көрсетеді [14. 54б]. Бұл тұжырымнан шығармашылық ой дизайн өнеріне де тән екендігін тануға болады. Этнодизайнерлік жобалау үшін, алдынала жоспарлау қажеттігін көрсетеді. Жобалау үдерісі бұйымға деген сұранысты, материал таңдауды, форманы, бұйымның эргономикасы туралы жобалау үдерісінің алдындағы ойластыру жұмыстарының қажеттігін көрсетеді. Жобалаудың нәтижелі болуы жоспарлы түрдегі жұмысты ұйымдастырудың сапалық көрсеткіші екенін білдіреді. Этнодизайн бұйымдарының жобалаудың ұстанымдарының бағыттарын анықтауға Д.Н.Кардовский Г.К. Савицкийлердің формаға байланысты пікірлерімен санасу орынды. Өнертанымдық білім берудің негізін қалаған суретші-педагог Д.Н.Кардовский «Кескіндеме мен суреттің жаттығуларының негізі - форма болып табылады деген. Бейнелеу өнерінің барлық түріне қатысты нәрсе, ол пластикалық форма. Осыдан келіп, кескіндеме мен сурет мектебінің негізі форманы бейнелеу заңдылықтарын оқып үйрену болуға тиіс», - деп айтқан. Сондықтан этнодизайн моделін жасауға жаттығудың негізі форма болып табылады. Форма дизайн өнеріндегі негізгі көркемдік көрсеткіш. Этнодизайн бұйымдарының негізгі құрамдаушы элементтері формаға сүйенеді. Бұйымдық форма сипаты, бұйымға деген сұраныс пен қажеттілікке байланысты анықталады. Суретші - педагог Д.Н.Кардовский «форма деген кубке, шарға, цилиндрге т.б. ұқсас геометриялық денелердің біріне немесе бірнешеуіне сәйкестік сипаты бар масса», - деп тұжырымдаған. Этнодизайн бұйымдарының формасының көркемдік ерекшелігін тануға оның жеке бөліктерінің бір -біріне сәйкес келуін, олардың үйлесімді сәйкес келуі басты көркемдік сапа ретінде қабылданады. Суретші Г.К. Савицкий «форма

мен мазмұн композициядағы маңызды белгі», - деп таныған. Этнодизайн бұйымдарының композициясындағы зат формасы мен зат мазмұны көркемдік ерекшеліктің бірі ретінде әсемдікке үлес қосатын мүмкіндік ретінде қабылданады. Форма мен мазмұн сәйкестігі болмаса оның нәтижесі жоғары бола бермейтінін түсінуге болады. Данықты суретші А.Дейнека екі және үш өлшемді бейненің форма құрылымын беру үшін қажетті негізгі ережелер немесе заңдылықтар ретінде мыналарды ұсынады: 1.Қандайда табиғи форма немесе адам денесі, пропорция, организм тұтастығы мен оның бөліктерінің гармониясынан құралуы ережесі. 2.Бейненің қарама-қарсы бетінің тепе-теңдік бірлікте болуы, тең бөлшектермен бөлінуі ережесі. 3.Композицияның пластикалығын шешуде статика мен динамика (тыныштық пен қозғалыс) ережесі. 4.Үлкен және кіші формалардың, тыныштық пен қозғалыстық, контраст пен өшірілудің, жарық пен көлеңкенің кезектесу заңдылығы. 5.Перспектива заңдылығы. 6.Алтын кима-денені бөлшектеу заңдылығы. 7.Нұсқа өлшемін кішірейту немесе үлкейту масштабы. Бұл, бізге этнодизайнда формалардың, түстердің сызықтардың орынсыз қайталанбауын ескертеді. Орынсыз қайталану форманың көркемдік сапасына кері әсері бар екенін аңғартады. [16,24 б.]

Этнодизайн бұйымдарының жобалаудың ұстанымдарын өнертанымдық білім берудің көрсеткіштерін анықтау бағытындағы ізденістер пропорциялық өлшемдер туралы айтқан А.М.Соловьев пікірлерін басшылыққа алу орынды саналған. Данықты суретші-педагог А.М.Соловьев (1886-1966) «пропорция әр түрлі өлшемдердің бір-біріне және тұтас бөлікке қатынасын білдіреді», - деп анықтаған. Пропорциялық өлшемдердің сұлулықты беру мүмкіндігін анықтайтынын айтады. Суретші педагог жарық пен көлеңкенің градациясы мынандай көлеңке, рефлекс, жартылай көлеңке, жарық, жылтыр дақ, түрінде болатындығын ескерткен. Ол жарық көлеңке құбылысы көріністерінің жүйесін зат сұлулығының белгісі ретінде таныған. Пропорция латынның «пропорто» «өлшемдес» және зат бөліктерінің ұзындығы бойынша өзара сәйкестігімен анықталады. Адам дене мүшелерінің ара қатынасы бойынша өте күрделі. Оның барлық бөліктері гармониялық қатынастары бар. Барлық адамдардың өлшемдер қатынастары бірдей емес. Мысалы, бойы кіші адамның басы үлкен болып көрінсе, биік адамның басы кішкентай болып қабылданады. Грецияның данқты мүсіншісі Поликлит «Канон» атты кітабында Дорифор мүсінінің пропорциясы дұрыс деп есептеген. Ол адам басы денесінің 1/7 бөлігін, бет пен қол саусақтары 1/10, ал аяқ 1/6 өлшемдер, негізгі дұрыс пропорциялық өлшем ретінде алған. Мұндай пропорциялық сұлулық қатынастарға байланысты әр халықта, әр дәуірде, әр түрлі пікірлер мен көзқарастар болды. Өнер шеберлерінің пікірлерін жинақтай келе формаға байланысты мына



ұғымдарды алға шығару қажеттігі туындайды: форманың үлкен бөліктері, кіші бөліктері, форманың өлшемдері, форманың жазықтық бетінің сипаты (шығыңқы, ойыс) форма материалы, форма бетінің фактурасы, форманың тұтастығы, форманың түсі, форманың кеңістік ортамен қатынасы.[13,32 б.]

Этнодизайн бұйымдарын жобалаудың ұстанымдарын өнертанымдық білім бірлігі ретінде анықтау барысында Б.В.Иогансон мен А. А. Дейнеканың жарық пен көлеңке туралы айтқан пікірлерімен санасу орынды. Даңқты суретші Б.В.Иогансон (1893-1973) «жарық және қараңғының контрасты – композиция тәсілі», -деп көрсетеді (16, 17 б.). Жарық пен көлеңкенің деңгейлерінің бір-біріне қатынасы, зат формасын анықтап, оның образын ашуға қажетті көркемдік ерекшеліктің бірі ретінде тануға болатынын бағдарлайды. Ол «өнердің шығармаларының қайсысы болмасын, ол тұтас болу шарт», - екендігіне назар аударған. Бұл нұсқау этнодизайн бұйымының формасының тұтастай болуы қажеттігін көрсететін талап ретінде тануға бағыт бағдар береді. Көрнекті суретші және педагог Александр Александрович Дейнека (1899-1969) «Сурет сала біл» атты суретті өз бетінше меңгерушілерге, мұғалімдерге және үйірме жетекшілеріне арналған еңбегінде бейнелеудің жарық пен көлеңке заңдылығы қатарына бірқатар түсініктерді қосады. ...Мұндай ережелердің қатарына біз пропорция туралы ілімді... симметрия, ритм, статика және динамика, сондай-ақ перспектива заңдылықтарын қосамыз деген [14, 16 б.]. Бұл ой қорытындысы мен заңдылықтарды сақтау қажеттігі бізге этнодизайнерлік бұйым жобасын жасауда басшылыққа алатын ұстаным ретінде тануымызғы мүмкіндік береді. Жарық пен көлеңке заңдылықтары мен ережелері: жарық, көлеңке, жартылай көлеңке, түсіп тұрған көлеңке, рефлекс, жылтыр дақ өлшемдеріне бөлінеді. Бұлардың этнодизайн бұйымдарын жобалау барысында басшылыққа алынатын түсініктер.

Этнодизайн бұйымдарын жобалаудың ұстанымдарын өнертанымдық білім беру бірлігі ретінде анықтауда композиция туралы Альберти Леон Батиста, Л.Альберти, Г.С.Савицкий пікірлері дұрыс бағыт береді. Композиция латынның «композицио», «шығарма» немесе «құрастыру» деген ұғымды білдіреді. Италиялық ғалым, сәулеткер суретші Альберти Леон Батиста (1404-1472) «Кескіндеме туралы үш кітап» атты еңбегінде «... жазықтық бетінің композициясынан денедегі әсемдік деп аталатын құбылыс туындайды. Дене бетінің үлкен немесе кіші, шығыңқы немесе ойыс болуы мүмкін», - деп көрсеткен. [14,26 б.] Сонымен қатар ол дене мүшелеріне ерекше мән берген. Ол кейбір дене мүшелері бір -біріне жақсы сәйкес келеді. Бұл сәйкес келу өлшемдері, орналуы, түрі, түсінің барлығының бірге сұлулыққа сәйкес келуі тиіс екендігін көрсетеді. Әр дене мүшесінің атқаратын қызметі болады, әр мүше іс-

әрекетсіз қалмауы керек деген ойды айтады. Ол дене мүшелерін, композиция элементі ретінде қарастырады. Л.Альберти дененің қозғалысына ерекше мән беріп қарайды. Денелердің сызықтардың қозғалысының бір-бірін қайталамауының қажеттігіне мән беріп қарайды.[18,93 б.]

Өзінің композиция туралы пікірлерінде картина кеңістігін ұйымдастыру үшін ғылыми негізделген ұстанымдар қажеттігіне Г.С.Савицкий (1887-1949) ерекше көңіл бөлген. Г.К.Савицкий «Картина туралы» атты еңбегінде композициялық орталық ұғымына ерекше мән берумен қатар «тепе-теңдік», «холстың толуы», «бейнелердің байлығы» ұғымдарын композиция заңдылықтары деп есептейді. Ол «ең бағалы композиция, одан еш нәрсені алып тастауға немесе бірдеңені қосуға болмайтын композиция» деп көрсеткен. Бұл қағидаларды этнодизайндағы жобалау үдерісінде қолдануға болатын қағида ретінде тануға болады. Сонымен қатар ол «форма мен мазмұнды композициядағы маңызды белгі ретінде таныған. [17,14 б.]

Этнодизайн бұйымдарын жобалаудың ұстанымдарын өнертанымдық білім беру бірлігі ретінде анықтауда анықтауда Фердинанд Ходлердің, Леонардо да Винчидің, Иван Николаевич Крамскойдың түс, колорит туралы пікірлері мен анықтамалары негіз болады. Швеция суретшісі Фердинанд Ходлер (1853-1913) «Түс затты сипаттайды және дифференциялайды, ол тіпті безендіру ұтымдылығымен де көрінеді. Бояудың ғажаптығы бәрінен бұрын оның аккордтарында, бірге түстің нюанстарының қайталануында», - деп анықтаған. Бұл анықтама бізге этнодизайн бұйымдарының мәнін ашудағы түстің ролін айқындай түседі. Этнодизайн бұйымдарының түсі тұтыну қажеттігі мен сұранысынан бастау алады. Түс бұйымның образын ашуға қызмет етеді. Сондықтан этнодизайнерлік жобалау үдерісінде түстің байлығы оның аккордтары мен нюанстары байлығымен де сипатталатындығын көруге болады. Италия кескіндемешісі, мүсінші, сәулетші, ғалым және инженер Леонардо да Винчи (1452-1519) «әрбір дененің бетіндегі түске, оның қарсы бетіндегі басқа заттың түсінің қатысы бар. Әрбір дененің бетінің бөлшегі, түсі оған қарсы тұрғандардың әр түрлі түстерімен қатысты», - деп таныған. Бұл этнодизайн бұйымы бөлшектерінің түстерінің бір-біріне әсері, жалпы бұйым көрінісіндегі түстердің сипатын байта түсетін әсемдік көрсеткіш ретінде бағаланатынын аңғартады. XIX ғасырдағы екінші жартысындағы даңқты көркемдік сыншысы, суретші Иван Николаевич Крамской (1837-1887) колорит жайлы бағалы пікірлер айтқан. Ол «... Колорит тар мағынада алғанда, біз айтатын қар жамылған үйдің шатыры. Колорит кең мағынада алғанда қосалқы түстердің үйлесімділік заңдылығына құрылған, тұтас полотноның жалпы гармониясы», - деп анықтаған. Бұл тұжырымды этнодизайн жобаларының түстер қатынасын тану мен бағалау үшін



кажетті көрсеткіш ретінде тануға болады. Картинадағы әр түрлі түстердің үйлесімділігі – колорит деп аталады. [17, 24 б.]. Суретші – колорист үшін маңыздысы түс, оның басқа түстермен үйлесімділігі.

Этнодизайн бұйымдарын жобалаудың ұстанымдарын өнертанымдық білім беру бірлігі ретінде анықтауда анықтау бағытында А. М. Лаптевтің, Е. А. Кибриктің, К.Ф.Юонның айтқан ойлары бағалы. Көрнекті иллюстратор, станоктың графика шебері Александр Михайлович Лаптев (1905-1965) композицияның конструктивтік-пластикалық шешімінің шынайы заңдылықтары ретінде мыналарды көрсетеді: олар, композиция рамкасымен шектелетін жазықтықтың шектеулі шеттері; кеңістік пен сюжеттік әрекеттің шектері; тұтастық; компоненттер өлшемдерінің үйлесімділігі немесе ритм мен пластина, көру орталығын табу. Бұл тұжырым дизайнерлік жоба жасауда композиция рамкасымен шектелетін жазықтықтың шектеулі шеттері; кеңістік пен сюжеттік әрекеттің шектері; тұтастық; компоненттер өлшемдерінің үйлесімділігі немесе ритм мен пластина, көру орталығын табуды жобалауға қажетті ұстанымдар ретінде тануымызға бағыт береді. Белгілі суретшісі, кітап иллюстрациясының шебері Евгений Адольфович Кибрик «Композиция – барлық бөліктері бөлінбейтін байланыста өзара байланыста болатын заңды құрылымдалған организм. Осы байланыс пен өзара бағыныштылық суретшінің идеялық ойымен анықталады. Ой табиғатына тән құрылымдық идея композицияның пластикалық негізін береді», -деген. Е.А.Кибрик композиция заңдылықтары туралы былай дейді «...олар объективті, олар қандай мектеп, қандай бағытқа, ағым мен суретшілердің шығармашылық даралығына да бағынышты емес, олар тек қана өнер табиғатының бөлінбес бір бөлігі. Мұны мен композиция заңдылығы деп ойлаймын», -деп тұжырымдаған (17, 53 б.).

Өнер шығармасындағы көркемдік ерекшеліктердің бірі өнертанымдық білім беру бірлігі ретінде анықтауда – идеялықтың орнын түсіну қажеттігі туындайды. Өнердегі идеяның тақырыпта емес, ол бірінші кезекте суретшінің өмірге деген қатынасында, бұл суретші қолға алған, оның өнерінің мазмұнын құрамайтын барлық тақырыпта көрініс табады, - деген. Суретшінің шығармашылық ойының алғашқы сатысы интуиция және талдау деп бағалаған. Ол, көркемдік шығармашылықтың бірінші кезеңі – интуитивтік, келесі кезең орындалғанды талдау. Тек қана интуиция мен талдау гармониялық біріккенде ғана үйлестірілген, аяқталған шығарманы жасауға болады. ...шығармашылық интуицияға деген қабілет суретшінің дарындық белгісі. ...шығармашылық үдерістің схемасы мынандай: интуиция-талдау-интуиция деп композиция табиғатын тануға бағдар берген. Суретші Е.А.Кибрик «Тұтастық композицияның барлық элементі, өзара бағынышты және байланысты бола отырып,

суретші ойының жүзеге асуына жұмыс істейді. Сонымен, тұтастық композицияның бөлінбеуі, қосалқылардың орталыққа бағынуын, композицияның басты заңдылығы деп ойлаймын», - деген. Суретшінің ерекше назар аударғаны контраст. Контрастар – карама-қарсыларды шығаруды - мен композицияның заңдылығы деп айтар едім. ...форманы біз жарық пен көлеңкенің контрасты арқасында көре аламыз, - деп орынды анықтаған. Қозғалыс ол композицияда өмірдегідей қозғалыс болуы тиіс, -деп ескерткен. Бұл аталған Е.А.Кибриктің композиция заңдылығына байланысты айтқан пікірлері дизайнерлік жобалау үдерісінде қолдануға қажетті қағидалар болып табылады.

Өнертанымдық білім беру бірлігі ретінде анықтауда К.Ф.Юон тембр мен нюанс туралы қажетті пікірлер айтқан. Тембр – кескіндемедегі бөліктің немесе тұтастықтың өзіндік ерекшелігі бар түстердің құрылымын анықтайтын түсінік. Тембр –кескіндеменің нәзік ерекше қасиеті. Нюанс –бейнеленген түстің өте нәзік дақтары, -деп анықтаған. Валер – француздың дәстүрлі сөзі кескіндеме шығармасының жетістіктерін талдау барысында қолданатын термин. Ол түстің қандайда бір қасиетін білдірумен қатар, түстердің сапасы, жарықтық және техникалық-фактуралық жағын сондай-ақ кескіндеменің өзін де сапасын көрсетеді [17,43 б.]. «Контур сызық дегеніміз адамның, жануарлардың немесе заттың сыртқы көрініс сұлбасын беретін сызық» деп анықтаған. Кейбір суретте контур қосымша сызық емес қосалқылары алып тасталған, тек қана негізгілері қалдырылған, нысанның формасын, көлемін және қозғалысын беретін мүмкіндігі ретінде көрінеді. «Картинаның бейнелігі, суретшінің картина жазықтығына адамдарды және оны қоршаған заттарды, шығармадағы басты ойды көрерменге түсінікті етіп шеберлікпен орналастыру болып табылады» деп көрсеткен. Бұл композиция өнері.

Өнертанымдық білім беру бірлігі ретінде анықтауда, этнодизайн бұйымдарының жобалаудың ұстанымдарын анықтауда К. Ф. Юонның, В.А.Фаворскийдің, Ченнини Чениноның пікірлері бағалы. Жанрлық және тарихи композициялардың, пейзаждар мен портреттер авторы, композиция теориясын зерттеумен айналысқан, орыс, кенес суретшісі – Константин Федорович Юон (1875-1958) кескіндеме мен оның техникасы туралы бағалы пікірлер айтқан. Бұл пікірлер этнодизайн бұйымдарын жобалау мен безендіруге қажетті және негізге алатын теориялық материал ретінде қабылданады. Өнертанымдық білім беру бірлігі ретінде анықтауда тұтану заңдылықтарының орны ерекше бағаланады: жылы түстер, суық түстер, ахроматикалық түстер, хроматикалық түстер, локальді түстер, түстердің қасиеті, түстер бөлігі, түстердің жарықтануы т.б. болып табылады. Түстер заңдылықтары этнодизайн бұйымдарын жобалау



мен талдау барысында қажетті мүмкіндіктердің бірі ретінде танылады.[65,12 б.]

Өнертанымдық білім беру бірлігі ретінде анықтауда модельге байланысты мына ұғымдар ерекше бағаланады: модельдің сыртқы формасы, модельдің жеке бөлшектерінің формасы, модельдің қызметі, модельдің түсі, модельдің безендірілуі, модельдің жаңашылдығы, модельдің тұтастығы т.б. Этнодизайн бұйымдарының композициясын жобалау барысында сақтауды талап ететін көрсеткіштер: жазықтық, пропорция, форма мен мазмұн, уақыт, симметрия, ритм, статика мен динамика, перспектива, алтын қима, жоба идеясы, композициялық орталық, композицияның негізгі элементтері, композицияның қосалқы элементтері, интуиция мен талдау, контраст, қозғалыс, жаңашылдық, бейнелілік, тепе теңдік, тұтастық, композицияның пластикалығы т.б. болып анықталады.

Өнертанымдық білім беру бірлігі ретінде анықтау бойынша қорыта келе айтқанда, этнодизайн бұйымдарын жобалаудың ұстанымдарын анықтауда біз бейнелеу өнерінің түрлі салаларында еңбек еткен даңқты суретшілердің, өнер зерттеушілердің, суретші педагогтардың, дизайнерлердің пікірлерін талдау негізінде, этнодизайн бұйымдарын жобалаудың ұстанымдары мынандай бағыттарда анықталды: этнодизайн бұйымына диагностика жасау; этнодизайн бұйымдарына деген тұтынушылардың сұранысын ескеру; этнодизайнерлік жобалаудағы тұтастық; жобалаудағы материал таңдау; формақұрау мен эргономика талаптарын ескеру; форманың композициялық шешімі мен мазмұн бірлестігін табу; форма мен түр-түс байланысын шығару; форма мен пропорция тұтастығын айқындау; форма жасаудағы материалтану мен оны жасау технологиясы үйлесімділігін ескеру ұстанымдары болып құралды.

Өнертанымдық білім берудегі этнодизайн ұғымы – бұл өндіріс бұйымдарын көркемдік-техникалық жобалау үдерісі мен нәтижесі, олардың кешені мен жүйесі, тұтастай алғанда жасалатын нысандардың, ортаның адамның тұтыну, эстетикалық қажетсінуі мен неғұрлым сұранысқа толық сәйкес келуіне бағдарланатын шығармашылық әдіс.[12, 9 б.] Дизайн (ағылшын сөзі) – жобалау, сызу, ойлану деген мағынаны береді. Ол өндірістік әдіспен тұрмыстық бұйымдарды жасап шығару және заттық ортаны лайықты қолдануды қалыптастырумен айналысады. Дизайн – жобалаудың барысында функционалдық немесе эстетикалық құндылықтың қайсысы біріншілікті алуы мәселесі қаншама рет қойылғанымен оны нақтылы жауабы әлі күнге дейін жоқтың қасы. Бірақ функционалдық немесе эстетикалық қатынастың біріне басымдық беру туралы қалыптасып, көп таралған қарым-қатынас бұйымының қолданыс мүмкіндігімен анықталу болып табылады. [11, 83 б.]

Өнертанымдық білім беруде этнодизайнның бұйымдарын жобалаудың кезеңдерін анықтаудың орны ерекше. Этнодизайн бейнелеу өнерінің бір саласы ретінде оның көркемдік ерекшеліктерін тану бағыттарын анықтауда бейнелеу ережелері мен заңдылықтарын анықтау бағытында ұлы суретшілер, дизайнерлер мен өнертанушылардың пікірлерінің маңызы арта түседі. Зерттеушілер дизайнерлер дизайнның жаңа моделін (жобасын), моделін жасаушылар мен өндірісшілер деп екі бағытта қарастырылады. Дизайн ұғымы 1990 жылдарға дейін біздің елімізде көркемдік құрастыру ұғымымен байланысты қарастырылса, мұнан кейінгі жылдары ауқымы кеңейіп, жаңа модель жасау, оны жобалау мен өндіру іс-әрекеттерімен байланысты таныла бастады. Дизайн түрлері сәулет, киім, көлік, жиһаз, транспорт, этнодизайн түрлері жайлы ақпараттармен көбейе түсті. Этнодизайннан көркем бұйымдарды талдау дизайнмен бейнелеу өнеріне қатысты ұғымдар мен түсініктер, заңдылықтар мен ережелердің мәні түсінумен байланысты анықталады.

Өнертанымдық білім беру туралы анықтағанда ғалымдар пікірлерін ескеру орынды. Көрнекті өнертанушы Михайл Владимирович Алпатов (1902-1986) «Кесіндеме композициясы» атты еңбегінде, кесіндеме мен композиция шығармаларына өнертанымдық сипаттама береді. Кесіндемедегі симметрия мен ритмге қатысты бағалы пікірлер айтқан. Ол «Симметрия белгілі құрылымдық бөліктерінің айналық сәйкестілігі. Ритм – белгілі мотивтің бірнеше интервал арқылы үлкен немесе кіші өлшемдермен қайталануы», - деп көрсеткен. Нидерландының кесіндемешісі Карель Ван Мандер «Суретшілер туралы» еңбегінде «тандап алған сюжет талап еткендей, белгілі ережелер мен заңдылықтарға сәйкес кимыл жаса», - деп көрсеткен. [20, 54 б.] Бұл нұсқау әлі де өз мәнін жойған жоқ. Шығармашылық қызмет иелері мен өнертану сыншылары үшін бұл бір өлшем ретінде тануға болады. Сонымен бұл кеңес этнодизайн моделін жобалауда басшылыққа алынатын нұсқау ретінде қабылданады.

Қазіргі көрнекті этнодизайнерлер мұны имидждік коллекцияларды жасау барысында қолданумен қатар өндірістік және коммерциялық бұйымдарды жасау үдерісінде де ұтымды қолданылады. Қазіргі этнодизайнның эталоны болып жобалаудың синтетикалық әдісі деп аталатын келесі кезеңдерден тұратын әдістер есептеледі: этнодизайндық шешім қабылдауды талап ететін жағдай, қазіргі бар үлгілердің, бұйым эталонының – оның формасы, пішімі, материалы, тұтастай мода образының технологиясын нығайту немесе күрделендіру бойынша өзгертуге деген қажеттіліктің пайда болуы. Дизайнның бұл жағдайында да кейбір жеке моменттерді қарап шығумен қатар, бұл кезең де конструкцияға және бұйым



технологиясына катысты модаға прогноз жасаумен, мода талабын зерттеумен тікелей байланысты; әлеуметтік тапсырыстың жүзеге асуы үдерістің ең жауапты кезеңі.

Идеялық жобаланған бұйым осы талаптардың бәрін ұсақ түйегіне дейін қанағаттандырады, сондықтан сын мен алдын ала қамдастырылған кимыл – кәсіби дизайнердің маңызды сапасы болып табылады. Бағалау алғашқыда минуттық іс болып көрінгенмен, жобаның белгілі кемшіліктерін табуға арналған салмақты уақытты талап етеді. Бұл жағдайда құлаған және қате кеткендердің өзінің тәжірибелік сабақ болатын жақтары болуы мүмкін.

Өнертанымдық білім беру туралы тарихи мәліметтер мен ұғымдардың мәнін ашу орынды. Өткен дәуір біздің есімізде пішу және сызық, үлкен стильдер туралы түсініктер қалдырды. Онсыз бүгінгі мода қалай болып шығатыны белгісіз болар еді. Бұл саналы деңгейдегі өткеннің көрінген образы, -деп көрсетеді ресей дизайнері И.Ялышева. Валентин Юдашкин бұл коллекцияның тақырыбы халықтың өмірі мен мәдениетінен туады. Қазіргі көрнекті дизайнерлер бұл фактілерді мойындап, имидждік коллекциялар жасау барысында қолданумен қатар, өндірістік, коммерциялық ұтымды бұйымдарды жасау барысында басшылыққа алады. Этнодизайн шығармашылық үдеріс ретінде интуицияға және батыл ойларға сүйенеді, Бірақ интуиция және батылдық қазіргі дәуірдің әлеуметтік, техникалық және мәдени дамуына сай келетін терең де универсалдық білімге ғана негізделеді. Костюмдегі стиль дегеніміз киім образының толық қанды шығуын қамтамасыз ететін бейнелеу әдістері және көркемдік мүмкіндіктері.

Өнертанымдық білім беру туралы білім беруде ұғымның мәнін ашу орынды саналады. Моделдеу – әртүрлі әдістер мен тәсілдер арқылы бұйымның формасын құрау үдерісі. Модель (латын сөзінен шыққан) – сериялық өндіріске арналған бұйым үлгісі. Модальк бұйым жасауға көптеген өнер мен техника саласындағы мамандар қатысады. Моданың суретші-дизайнерлері көркем бұйымдағы жаңа эстетиканы қалыптастырады, жаңа форма мен образдарды ойлап шығарады. Мода алғашқы бұйым шыққаннан бастап өмірге келді. Өнертанушылар моданың шығуын кеш орта ғасыр нақтырақ айтқанда XIV- XV ғғ. басы деп түсіндіреді. Мода адамдардың қоғамдық саяси өмірін білдіреді. Өнертанымдық білім беру туралы ұғымның мәнін ашу орынды саналады. Бұйымның сызықтарының өзіндік ерекшеліктері болады. Бұйым формасының сызықтары бұйымның мәніне сай мынандай түрлерге бөлінеді: Силуэттік сызықтар –заттың сыртқы контурын суреттейді, олар форманы ішкі бөлшектерін нақтылау емес форма туралы жинақтық елестетуді білдіреді. Конструктивтік сызық – форманың жеке бөлшектерінің кейбір

бөліктерінің қалайша байланысып тұтастықты білдіретін тігіс сызығы, т.б. көріністерді білдіреді. Безендіру сызығы – бұл безендіру бөліктерінің бөлшектерді, сонымен қатар өрнектердің конструктивтік сызықтармен бірлігі конструктивтік –безендіру сызығы деп аталады. Қандайда бұйым болмасын жасамас бұрын, біріншіден оның көркемдік жобасы, немесе оның эскизі жасалады – бұл кезең көркемдік конструкциялау деп аталады; екіншіден, базальк конструкцияның немесе негіздің сызбасы мен есебі жасалады – бұл сызықтық есептік конструкциялау; үшіншіден, есептеу мен макет арқылы жинақтау, бұйымды материалда орындау жұмыстарын техникалық моделдеу деп аталады.[10] Этнодизайнер моделер бұйымның көркем образын жобалаумен айналысатын шебер. Этнодизайнер конструктор – моделер пішу жүйесі және жаңа конструкцияларды жасап шығарады. Этнодизайнер инженер – технологтар бұйым жасаудың жаңа технологиялық әдістерін табады. Жобалау барысында фактураны есепке алудың орны ерекше. Фактура – материалдың сыртқы сипатын көзбен қабылдау. Ол жұмсақ, бедерлі, күнгірт, жылтырақ т.б. болуы мүмкін. Пішін бетінің фактуралық шешімі бәрінен бұрын болашақта бұйымның қолданылуына байланысты болады. Фактура пішіннің құрылымдық қарым-қатынасын көрсетеді, тектоникалық сипатына, бұйымның жеке бөліктерінің үйлесімділік ерекшеліктеріне рең береді, иллюзиялы түрде маңыздылығын, жеке бөліктерімен элементтерінің өлшемін өзгертуі де мүмкін. Бұйым композициясының өз заңы мен ережелері болады. Ол кез келген бұйым түрінде орындалуы тиіс.

Өнертанымдық білім беруде композициялық құралдары туралы ұғымның мәнін ашу орынды саналады. Бұйым композициясы мен композициялық құралдарының мақсатқа бағынушылығын келісімділік заңы нақтылайды. Оларды бұйымның орналуы мен пішіннің органикалық бірлігі; материалдың пішінге және бұйымдың арналуына сәйкестігі.материал мен сәндік әрлеу бірлігінің киім арналуы мен пішінге сәйкестігі. Осыдан келе әрлеу сипаты, оның түрлері мен орындалу техникасы анықталады. Бұйым композициясындағы өлшем шамалылығы келесі факторлардың және бұйым элементтерінің сандық арақатынасымен анықталады: олар бұйым көлемінің жарасымдылығы және дене бітімінің шамалылығы материалдық түсі мен фактурасы; бұйым бөліктері; әрлеулер болып табылады. Композициялық әдістерге пропорция, статика, динамика, симметрия, ассиметрия, ырғақ, қарама-қайшылық жатады [12, 28 б.]. Бұлар жобалау үдерісінде басшылыққа алатын негізгі тіректер ретінде қарастырылады. Жоба жасау барысында композиция маңызды қызмет атқарады. Кез келген бұйымның бейнелілік шешімі композициялық орталық арқылы айқындалады. Бұйымның композициялық орталығының нақты айқындалуы негізгі бұйым қызметіне



байланысты. Кез келген бұйымның композициялық орталығы болады. Композицияның күрделі түрлерінде бірнеше композициялық орталық болуы мүмкін, олар өзара байланысты болғанымен, олардың арасында жетекші орталығы болады. Композиция осы көрсетілген заңдылықтар мен ережелер сақталғанда ғана тұтас болуы мүмкін, себебі композиция тұтастығы бүкіл компоненттердің байланысына құрылады. Композиция ұқтастығында артық элементтің болуы мүмкін емес. Сонымен бұйымның көркемдік сапасы пішіндегі барлық элементтердің бірлігіне келісімділігіне, пропорционалдығына, композициялық орталығына және тұтастығына байланысты болады.

Өнертанымдық білім беруде статистик және динамика туралы ұғымның мәнін ашу орынды саналады. Жобалау барысында нысан формасының құрылымы маңызды орын алады. Симметрия және статика, ассиметрия және динамика түсініктері бір-бірімен байланысты. Статика – кеңістіктегі тұрақты пішін жағдайы. Тұрақты қалып пішін бөліктерінің тепе-теңдігімен (ереже бойынша, костюм вертикальдық ось симметриясымен тұрақты қалыпта) сипатталады. Динамика – қозғалыстың, дамудың, өзгерістің белсенді шарты, яғни пішіннің біржақты бағыты болып табылады. Бұйымның формасының бірінші түрі – басты форма, екіншісі – сәндік бұйымдық деп аталады. Модальдық бұйымдық форма жеке өзі қызмет ете алмайды. Сонымен бұйым компоненттеріне форма, силуэт, конструктивтік және сәндік сызықтар, түс, бұйымның жеке бөліктері, сәнділік жатады. Мода – латынның «модус» деген сөзінен шыққан. Ол өлшем, тәсіл, іс-қимыл бейнесі деген ұғымды білдіреді. Этнодизайнер ұлттық бұйымдарды қазіргі заман талабы мен сұранысына сай жаңашаланған моделдері жасаумен айналысуда.

Өнертанымдық білім беруде этнодизайн жеке ұғымдарының мәнін ашу орынды саналады. Ұлттық бұйымды көркемдік талдау барысында бұйымдар дайындалатын материалдар, зат формасы, көлемі, пропорциясы, сән әшекейлерінің композициясы, колориттік шешім мен түр-түс символикасы, ою-өрнектердің құрылымдық жүйесі, мерекелік-сәнділік қызметі мен қолданылуы қызметі негізгі көркемдік сапа көрсеткіштері ретінде алынады. Көркемдік жобалаудың өзі біріншіден мәселені талдау мен ой елегінен өткізу, бұйымның формасымен, материалымен, түсімен, тұтынушылар психологиясының ерекшелігімен, дайындау үдерісінің технологиясымен, мода талаптарымен, қолданыс аясымен арасындағы байланысымен қосып бірнеше кезеңдерге бөлуге болады. Бірінші кезең – жобалау нысаны жайлы жағдайды қорыту, ой елегінен өткізу үдерісі. Екінші кезең – мәселе бойынша визуалдық әсерді теориялық материалды, тәжірибені жинақтау немесе - дайындық кезеңі. Үшінші кезең – жинақталған материалды талдау мен ой елегінен өткізу, алғашқы эскиздеу, образ, форма, идея іздеу. Бұл үдеріске логикалық

ойға, ассоциациялық іс-әрекетке жауапты болып табылатын мидың жарты шарында идея қайта өңделіп жатады. Бұл әлі танылып бітпеген инкубация кезеңіне сәйкес келеді. Инкубациялық қызметтің нәтижесі инсайт – таңжарықтың пайда болуы, жауаптың интуитивтік жауабының табылуы болып табылады. Төртінші кезең – идеяны жасап шығару және нақтылау кезеңі, бөлшектерді жасау және оны түсініктеу. Бесінші кезең – конструктивтік, техникалық шешімін табу және бұйымды материалда жүзеге асырудың қорытынды ізденісі. Бұл кезеңде дизайнер өндіріс ерекшелігіне байланысты әдепкі шығармашылық ойдан едәуір қайтуы мүмкін. Алынған «өнімнің» әлеуметтік талаптарының көрсеткіштері ретінде танылатын оның функционалдық, тұтынушылық, эргономикалық және эстетикалық қатынасы жағынан жеткен жетістікті бағалау жүзеге асады.

Өнертанымдық білім беруде жобалаудағы композиция, пластикалық анатомия және пропорция мәселелерін оқыту негізгі білім беру мәселесі ретінде алынады. Этнодизайн бұйымын жобалаудағы композиция, пластикалық анатомия және пропорция мәселелері қазіргі күнге дейін толық зерттеліп шешімін таппаған мәселелердің бірі. Этнодизайн бұйымы адамның тұрмыстық қажеттілігіне қызмет көрсету функциясына, оның әсемдік талаптарына байланысты, көркем бұйымды жобалау талаптары да осы байланыстарға құрылуы тиіс. Этнодизайн бұйымын жобалау мәселесін шешу барысында композициялық жобалау ізденісі нақты әдістемелік шешімге негізделеді. Композиция құрамдау әдістерінің таңдалуы көркемділік ойға, бейненің мазмұнына және бұйымның тұрмыстық қажеттілігіне айналуына байланысты. Олардың қолданылуы бұйымдарға қойылатын функциялық және форманың құрылымдық талаптарына сай болуы қажет. Бұйым композициясының негізін, бұйымның форма бөліктерінің жиынтығы, көлемдердің арақатынасы, бұйымның жалпы өлшемдерінің шамаластығы, оның силуэті құрайды. Форманың мәнерлік деңгейі осы негізгі көлемдердің өзара үйлесімділігіне, құрылымы және бұйымдағы табылған жалпы пропорцияға байланысты. Форманың мәнерлік деңгейі осы негізгі көлемдердің өзара үйлесімділігіне, формадағы және бұйымдағы табылған жалпы пропорцияға байланысты. Композиция – форма элементтерінің жазықтықта немесе кеңістікте бірігуі мен байланыстарынан құрылатын жүйе. Көркемдік форманың ең басты элементі ретінде композиция бұйымға бірлік пен тұтастық береді, оның компоненттерін өзара бағынықтылыққа және тұтастыққа келтіреді.

Этнодизайнда композиция форма құрылымының жалпы заңдылықтарын айқындайды. Композиция мақсаты – конструктивті, функционалды, эстетикалық құндылығы бар утилитарлық аяқталған заттың көркемдік формасын жасау. Бұйым композициясы



– бұйым бөліктерінің бейнелі, көркем-идеялық мағынасын аша отырып, тұтастыққа біріктіру. Бұйымдағы көркемдеу материалы ретінде ою-өрнектер, нүкте, сызықтар танылады. Бұйым композициясының негізін бұйым бөліктерінің көлемі, арақатысты, бұйымның жалпы пропорциясы құрайды. Композиция қасиеттері арасында дизайнерлер пропорцияны жоғары бағалайды. Пропорция ұғымы – күрделі бүтіннің ішіндегі құрама бөліктердің байланысы яғни бір өлшемнен екінші өлшемге бағытталған қозғалыс деп түсініледі. Бұйым түріне байланысты қойылатын талапқа, қолданылуына, технологиялық өңделу мен материалдың сипатына, адам денесінің пішіміне байланысты бұйым формасын түрліше жіктеуге болады. Бұйым формасын қабылдау нәтижесінде біз оның жеке бөлшектерін басқа бөліктермен салыстырамыз. Салыстыру немесе өлшеу арқылы біз сызықтың шамасын, көлемін, бағытын, ауданын, материалдың фактуралық ерекшелігін, түстік таңба шамасын танымыз. Сонымен біртектес екі шама өлшемдерінің нәтижесі қатынас болып саналады. Екі шаманы салыстыруда оны дұрыс қабылдау қатынасы олардың үйлесімділігі мен мөлшерлестігінің айғағы. Бұйым формасын кеңістіктегі көлемді нысан ретінде қарауға болады. Бұйым формасын бұйым силуэті айқындайды. Силуэт сонымен қатар бұйым ерекшеліктерін көрсетеді. Этнодизайн бұйымын жобалауда адамның дене құрылысымен ара қатынасымен тығыз байланыста қарастырылады. Себебі қандай зат болмасын адамның тұрмысындағы қажеттілікті өтеуге қызмет атқарады. Адамның дене құрылымын – анатомия ғылымы зерттейді. Бұл ғылым адам денесінің формасы мен өзара байланысын, сонымен қатар денені өлшеу мен антропометрлік нүктелерді анықтайды. Адам денесімен өлшемінің формаларын біріншіден сүйек қаңқасы анықтайды. Адамның сүйек қаңқасы бас сүйегінен, омыртқа жотасынан кеуде клеткасынан, қол және аяқ сүйектерінен тұрады. Ал, омыртқа жотасы бес бөлімнен тұрады: мойын – жеті омыртқадан; кеуде – он екі омыртқадан; бел – бес омыртқадан; сегізкөз – бес омыртқадан; құйымшақ – төрт-бес омыртқадан тұрады. Омыртқа жотасының неғұрлым шығыңқы тұратын мойын тұсы, ең соңғысы былайша айтқанда жетінші омыртқа. Ол адам тұлғасының бір қатар өлшемін алуға қызмет етеді. Омыртқа жотасының иілген түрі бар. Кеуде мен құйымшақ бөлімінің омыртқасы кері бағытталған. Мойын мен бел омыртқасы ілгері бағытталған жіктері болады. Омыртқа жіктері адамның бүкіл өмірі бойына өзгеріп отырады. Ерлерге қарағанда әйелдердің кеуде клеткасы жіңішке және қысқалау келеді. Дененің қаңқасы жота, иық, белдеумен, қолдан тұрады.

Өнертанымдық білім беруде адам тұлғасы туралы білім беру мәселелерін оқыту негізгі білім беру мәселесі ретінде алынады. Адам тұлғасының сыртқы формасы негізгі морфологиялық белгілермен анықталады: тотальды белгілер, дене пропорциясы, дене бітімі немесе

дене құрылысы. Тотальды белгілер – күрделі өлшем белгілері (бойының ұзындығы, көкірек шеңбері, салмағы) болып саналады. Дене пропорциясының үш типі бар: долихоморфты тип – аяқ-қолы ұзын, кеудесі қысқа болып келеді; брахиморфты тип – аяқ-қолы қысқа, ал кеудесі кең болып сипатталады; мезоморфты тип – долихоморфты тип пен брахиморфты типтің орташа шамасын сақтайды. Дене бітімі немесе дене құрылысы бойынша – ерлердің дене құрылысы үш типке бөлеміз: көкіректі тип – жазық көкірек клеткалары еңкіш жауырынды, бұлшық еттерінен тері астындағы майы нашар жетілген, іші кіріңкі болып сипатталады; бұлшық етті тип – бұлшық еті күшті және орташа жетілген, көкірек клеткасы цилиндрге ұқсас, мойны орташа, жауырыны тік және дөңестеу болады; қарынды тип – көкірек клеткасы конусқа ұқсас, майы көп, әсіресе қарын бөлігінде, бұлшық еті бос, қарны дөңгелек формалы, жауырыны тік және еңкіш. Этнодизайнда дене пішімінің сымбаты бойынша: еңкіш; бірқалыпты және түзу болып бөлінеді.

Этнодизайн бұйымын жобалауда антропометрия маңызды орын алады. Антропометрия сөзін грек тілінен аударғанда антропос-адам, метрия-өлшем деген мағына береді. Антропометрлік нүктелердің он үш түрі қолданылады: төбе нүктесі; мойын нүктесі; мойынның негізгі нүктесі; бұғанактың бас нүктесі; ортаңғы көкірек нүктесі; иық нүктесі; шынтақ нүктесі; көкірек ұштарының нүктесі; тізе нүктесі; алдыңғы қолтық бұрыштары нүктесі; артқы қолтық бұрыштарының нүктесі; жамбастың шығыңқы нүктесі; бел сызығының нүктесі.

Этнодизайн бұйымын жобалауда пластикалық анатомия ғылымы нәтижелерінің маңызы ерекше. Пластикалық анатомия ғылымын бейнелеу өнері пайда болғаннан бастап ерекше мән беріп, көңіл бөле бастаған. Адам денесін мүшелеп әрбір дене мүшесіне формалық тұжырым жасалынады. Адам анатомиясын зерттеу б.э.д. 5 ғасыр шамасында бастаған. Анатомияны ертедегі грециялық атакты ғалымы Гиппократ көп зерттеген. Пластикалық анатомия ол адамның жеке мүшелерінің құрылысы мен формасы, ағзаның және оның жүйелері туралы ғылым. Анатомия адам морфологиясының негізгі құрамы болып табылады. Морфология - грекше тұлға деген ұғымды білдіреді. Пластикалық анатомияны үйренуде суретші тек сыртқы форманы көріп қана қоймай адамның ішкі құрылысында көре алатындай ойлы адам ретінде тұлғаның құрылысын ұғынуға талаптанады. Адам тұлғасын, оның анатомиясын терең зерттеген Леонардо да Винчи адамның сыртқы бұлшық еттерімен қоса тереңде жатқан сіңірлері және шеміршектерін де қарастырған. Адам анатомиясын қарастырғанда "морфология", "антропология" ұғымдарымен көптеп кезігеміз. Қолданбалы морфология көптеген ұғымдары адам ағзасы жас ерекшелігіне байланысты өлшемдері мен дене пропорциясы және оның жеке бөліктерін жеке адамның өзгеру заңдылықтарын зерттейтін ғылым.



Өнертанымдық білім беруде антропометрия туралы білім беру мәселелерін оқыту негізгі білім беру мәселесінің бірі ретінде танылады. Этнодизайнерлер көркем жоба жасауда анатомия ғылымының жетістіктерін ескереді: антропометрия - адамның пропорциясын оқу; остеология - сүйектерді оқып зерттеу; миология-бұлшық еттерді оқып үйрену. Адам қанқасына бұлшық еттер бекітіледі де, қимыл жүйесін құрайды. Сұлде сүйектері денеге таяныш беріп, денеге қимыл- қозғалыс әкеледі. Қозғалмайтын сүйектерге төс пен жамбас және бас сүйектері жатады. Қозғалмалы сүйектерге омыртқа сүйектері, қозғалмалы сүйектерге буындары жалғасқан сүйектер кіреді. Оларға: аяқ, қол, иық, төске жалғанған қабырғалар кіреді.

Этнодизайн бұйымын жобалауда адам денесінің пропорциялық қатынастары туралы білім мен оны талдай білу маңызды болып табылады. Дененің пропорциясы дегеніміз- бұл жеке бөлшектердің өлшемдері, эстетикалық мәнерлі және гармониялық шешімі жүйелі түрде келісілген дене өлшемдерінің және жеке бөліктерінің пропорциялық қатынастары. Жоғарыда айтылған сияқты бұйымның формасы қоғамда арнайы мерзімге байланысты эстетикалық талаптарға сай ескеріледі. Адам денесінің формасына қарай бұйымның қолданылуының гигиеналық талаптары анықталады. Геометриялық фигуралардың графикалық құрылымы құнды әрі көркем пропорциялар шығаруға әсер етеді. Геометриялық пропорция, «Алтын кима» заңдылығы бойынша бүтінді теңдей емес екі бөлікке бөліп оның үлкен бөлігінің кіші бөлікке қатынасы, ал үлкен бөлікке бүтіннің қатынасы ретінде байқалады. Бұйымның тұтастылығы және бөліктерінің үйлесімділігі бөліктердің өзара үйлесімділігі, өлшемдерінің масштабтылығы, пропорционалдығы, ырғақтық байланысы, созылмалығы, түстік және фактуралық шешімі сияқты бірнеше шарттары орындалғанда ғана жүзеге асады.

Өнертанымдық білім беруде масштаб туралы білім беру мәселелерін оқыту негізгі білім беру мәселесінің бірі ретінде танылады. Этнодизайн бұйымын жобалауда бұйым масштабын бере білудің орны маңызды. Қоршаған материалдық орта, ғимараттар, көліктер, тұрмыс заттары мен бұйым адамға қатысты масштабты, практикалық пайдалануына ыңғайлы болуын анықтауы тиіс. Масштаб – заттың салыстырмалы шамалық көлемі. Масштабтылық – форманың және элементтердің адамға, қоршаған кеңістікке, басқа формаларға өлшемдер пропорциялылығын көрсетеді. Бұйымдағы масштабтылық – бұйым формасының және оның элементтерінің адам дене бітіміне өлшемдес шамалылығы. Бұйым және оның құрушы элементтерінің масштабтылығы бұйым мақсатына, маусымына, тұтынатын ортасына байланысты шешіледі. Қабылдау масштабтылығы мен форманы мүшелендірудің өзара байланысы бар. Неғұрлым мүшелендірілген форма ірі болса,

соғұрлым ол ірі масштабты болады. Заттардың масштабты мәнерлігі көзбен қабылданған ерекшеліктерге байланысты болды. Ақ және ашық түсті заттар солармен бірдей өлшемдегі кара түстегіге карағанда ірі көрінсе, тік сызықтар ұзындығы көлденең сызыққа карағанда ұзын көрінеді. Масштабтылықтың жетістігі пропорционалдыққа байланысты болады. Көз мөлшермен затты өзгерте отырып, біресе арттырып немесе кемітіп, затқа бірде шындылық көріністі бірде бірнеше жасанды масштабты беруге болады. Форма мен оның өлшемін өзгертуге болады. Тұрмыстық бұйымда масштабтылық міндетті. Дұрыс табылған бұйым массасының адамның дене өлшеміне арақатынасы оның әдемілігін көрсетеді және кемшілігін жасырады. Масштабтылық форманың тұрақтылығына байланысты болады. Сондықтан бұйымды құрамдаушы барлық формалар адам дене бітімінің шынайы пропорциясына бағыну керек.[18, 73 б.]

Өнертанымдық білім беруде бояу түстері туралы білім беру мәселелерін оқыту негізгі білім беру мәселесінің бірі ретінде танылады. Этнодизайн бұйымын жобалауда бұйымның бойындағы түсі мен сызықтары көрерменге көзбояшықы әсерлері болатыны ескеріледі. Ал бұйымның көзбояушылық әсері физиологиялық, психологиялық тұрғыда, яғни, түсті қабылдау, сәуле, бұрыш, өлшем, форма, жазықтық бағыты мен арақашықтықтарды салыстыруда пайда болады. Әсіресе түстік үйлесімділікті қабылдауда көзбояушылық әсер күшті байқалады. Ұзындықтары бірдей екі кесіндінің біріншісінің ұшы сүйір ал екіншісі доғал болса онда, біріншісінің көлемі ұзын болып көрінеді, екіншісінің ұзындығы қысқа болып қабылданады. Ал егер ақ және кара түсті жүк автомобилдерінің ақ түстісінің салмағы жеңіл болып көрінсе, қарасының салмағы ауыр сияқты болып қабылданады.

Қорытындылай айтқанда этнодизайн бұйымын жобалауда композиция заңдылықтары мен ережелерін сақтау қажеттігі, антропометрия, пластикалық анатомия ғылымының нәтижелері, адам денесінің пропорциялық қатынастары туралы білім мен оны талдай білу, бұйым масштабын жобалай білу, бұйымның көрерменге көзбояшықы әсерлерін ескеру қажеттігі көрінеді.

Этнодизайн бейнелеу өнерінің бір саласы ретінде танылады. Этнодизайнның бұйымдарының көркемдік ерекшеліктерін тануда оны жобалаудың негіздерін анықтаудың орны ерекше. Этнодизайн бұйымдарының көркемдік ерекшеліктерін тану бағыттарын анықтауда бейнелеу ережелері мен заңдылықтарын анықтаудың орны маңызды. Осы бағытта ұлы суретшілер, дизайнерлер мен өнертанушылардың пікірлерін зерттеудің маңызы арта түседі. Зерттеушілер дизайнерлерді дизайнның жаңа моделін (жобасын), моделін жасаушылар мен өндірісшілер деп екі бағытта қарастырылады. Дизайн ұғымы 1990



жылдарға дейін біздің елімізде көркемдік құрастыру ұғымымен байланысты қарастырылса, мұнан кейінгі жылдары ауқымы кеңейіп, жаңа модель жасау, оны өндіру іс-әрекеттерімен байланыстылығымен қосып тани бастады. Қазіргі кезде дизайн түрлері сәулет, киім, көлік, жиһаз, транспорт, этнодизайн түрлері жайлы ақпараттармен көбейе түсуде.

Этнодизайннан көркем бұйымдарды талдау дизайн бұйымдарын жобалау үшін бейнелеу өнеріне қатысты ұғымдар мен түсініктер, заңдылықтар мен ережелердің мәні түсініп оларды жобалау үдерісінде қолданумен байланысты қарастыру қажеттігі туралы талдау жасаудың өнертанымдық білім берудегі орыны ерекше. Бұлардың этнодизайн бұйымдарын жобалау барысында басшылыққа алынатын түсініктер. Көрнекті өнертанушы М. В. Алпатов (1902-1986) «Кескіндеме композициясы» атты еңбегінде, кескіндеме мен композиция шығармаларына өнертанымдық сипаттама береді. Кескіндеме теориясына, қатысты бағалы пікірлер айтумен қатар композицияны шығарманың басты көркемдік ерекшеліктерінің бірі ретінде таныған. Ол «Симметрия шығарманың белгілі құрылымдық бөліктерінің айналық сәйкестілігі. Ритм – белгілі мотивтің бірнеше интервал арқылы үлкен немесе кіші өлшеммен қайталануы», - деп көрсеткен. Бұл айтқанды этнодизайн бұйымдарын жобалауда басшылыққа алатын қағида ретінде қолдануға болады. XIX ғасырдағы екінші жартысындағы даңқты көркемдік өнер сыншысы, суретші Иван Николаевич Крамской (1837-1887) колорит жайлы бағалы пікірлер айтқан. Ол «... Колорит дегеніміз тар мағынада алғанда, біз айтатын қар жамылған үйдің шатыры. Колорит кең мағынада алғанда қосалқы түстердің үйлесімділік заңдылығына құрылған, тұтас полотнның жалпы гармониясы», - деп анықтаған. Бұл тұжырымды этнодизайн жобаларының түстер қатынасын тану мен бағалау үшін қажетті көрсеткіш ретінде қабылдауға болады. [20.34 б.]

Картинадағы көріністер мазмұны мен идеясы туралы талдау жасаудың өнертанымдық білім берудегі орыны ерекше. Нидерландының кескіндемешісі Карель Ван Мандер «Суретшілер туралы» еңбегінде «тандап алған сюжет талап еткендей, белгілі ережелер мен заңдылықтарға сәйкес қимыл жаса», - деп көрсеткен. Бұл нұсқау әлі де өз мәнін жойған жоқ. Шығармашылық қызмет иелері мен өнертану сыншылары үшін мұны бір өлшем ретінде тануға болады. Сонымен бұл пікірді этнодизайн моделін жобалауда басшылыққа алатын нұсқау ретінде қабылданады. Станоктық гравюра мен кітап иллюстрациясы шебері, өзінің жазбаларында бейнелеу теориясына айрықша орын берген суретші-педагог В.А.Фаворский композициядағы уақыт проблемасына ерекше назар аударған. Ол барлық сурет белгілі бір уақытты белгілейтінін көрсеткен. «Уақыт картинаның оқиғасын көрсететін бірлік, адамдардың киімі, қоршаған

ортадағы заттар, уақиға кезеңдерін аңғаруға бағыт береді», - деп айтқан. Уақыт өнер шығармасындағы уақиға көрінісін көрсетумен қатар, сол көркем бұйымның жасалған мерзіміндегі көркемдік ағымның қандай болғандығынан де ақпарат беретін мүмкіндік ретінде тануымызға болады. Суретші Г.К. Савицкий «форма мен мазмұн композициядағы маңызды белгі», - деп таныған. Этнодизайн композициясындағы зат формасы мен зат мазмұны көркемдік ерекшеліктің бірі ретінде бұйым әсемдігіне үлес қосатын мүмкіндік ретінде қабылданады. Этнодизайн бұйымдарын жобалау үдерісінде форма мен мазмұн сәйкестігі болмаса оның нәтижесі жоғары бола бермейтінін түсінуге болады.

Италия суретшісі Ченнини Ченино «Кескіндеме туралы трактат» атты еңбегінде ортағасырдан қайта өрлеу дәуіріне өтудегі суретшілер тәжірибесін жинақтай келе, сурет пен кескіндемеге үйрету негізі бейнелеуге байланысты түсініктер мен ұғымдарды білу екендігін орынды айтқан. Суретші – педагог Д.Н.Кардовский «форма деген кубке, шарға, цилиндрге т.б. денелерге ұқсас, геометриялық пішіндердің біріне немесе бірнешеуіне сәйкестік сипаты бар масса», - деп тұжырымдаған. Этнодизайн бұйымдары формасының көркемдік ерекшелігін тануға оның жеке бөліктерінің бір-біріне сәйкес келуін, олардың тұтастықта, үйлесімдікте сәйкес болуы басты көркемдік сапа ретінде қабылданады.

Этнодизайнерлік жобалау туралы талдау жасаудың өнертанымдық білім берудегі орыны ерекше. Этнодизайнерлік жобалау үдерісі жобалау білімі мен жобалау дағдаларын қажет ететін үдеріс болып табылады. Дизайн – бұл өндіріс бұйымдарын көркемдік-техникалық жобалау үдерісі мен нәтижесі, олардың кешені мен жүйесі, тұтастай алғанда жасалатын нысандардың, ортаның, адамның тұтыну, эстетикалық қажетсінуімен неғұрлым толық сәйкес келуіне бағдарланатын шығармашылық әдіс. [13.68 б.] Қазіргі көрнекті дизайнерлер мұны имидждік коллекцияларды жасау барысында қолданумен қатар өндірістік және коммерциялық ұтымды бұйымдарды жасау үдерісінде қолданылады. Қазіргі дизайнның эталоны болып жобалаудың синтетикалық әдісі деп аталатын келесі кезеңдерден тұратын әдістер есептеледі:

Этнодизайнерлік шешім туралы талдау жасаудың өнертанымдық білім берудегі орыны ерекше. Дизайндық шешім қабылдауды талап ететін жағдай, қазіргі бар үлгілердің, киім эталонының – оның формасы, пішімі, материалы, тұтастай мода образының технологияны нығайту немесе күрделендіру бойынша өзгертуге деген қажеттіліктің пайда болуы. Әлеуметтік тапсырыс туралы талдау жасаудың өнертанымдық білім берудегі орыны ерекше. Әлеуметтік тапсырыстың жүзеге асуы үдерістің ең жауапты кезеңі.



Көркемдік жобалаудың өзі біріншіден мәселені талдау мен ой елегінен өткізу, бұйымның формасымен, материалымен, түсімен, тұтынушылар психологиясының ерекшелігімен, дайындау үдерісінің технологиясымен, мода талаптарымен, қолданыс аясымен арасындағы байланысымен қосып бірнеше кезеңдерге бөлуге болады. Бірінші кезең – жобалау нысаны жайлы қазіргі жағдайды қорыту, ой елегінен өткізу үдерісі. Екінші кезең – мәселе бойынша визуалдық әсерді, теориялық материалды, тәжірибені жинақтау немесе – дайындық кезеңі. Үшінші кезең – жинақталған материалды талдау мен ой елегінен өткізу, алғашқы эскиздеу, образ, форма, идея іздеу. Бұл үдеріс кезінде логикалық ойға, ассоциациялық іс-әрекетке жауапты болып табылатын мидың жарты шарында идея қайта өңделіп жатады. Бұл әлі танылып бітпеген инкубация кезеңіне сәйкес келеді. Инкубациялық қызметтің нәтижесі инсайт – таңжарықтың пайда болуы, жауаптың интуитивтік жауабының табылуы болып табылады. Төртінші кезең – идеяны жасап шығару және нақтылау кезеңі, бөлшектерді жаса және оны түсініктеу. Бесінші кезең – конструктивтік, техникалық шешімін табу және бұйымды материалда жүзеге асырудың қорытынды ізденісі. Бұл кезеңде дизайнер өндіріс ерекшелігіне байланысты әдепкі шығармашылық ойдан едәуір қайтуы мүмкін. Алынған «өнімнің» әлеуметтік талаптарының көрсеткіштері ретінде танылатын оның функционалдық, тұтынушылық, эргономикалық және эстетикалық қатынасы жағынан жеткен жетістікті бағалау.

Этнодизайн бұйымдарын жобалаудың барысында функционалдық немесе эстетикалық құндылықтың қайсысы біріншілікті алу мәселесі қаншама рет қойылғанымен оны нақтылы жауабы әлі күнге дейін жоқтың қасы. Бірақ функционалдық немесе эстетикалық қатынастың біріне басымдық беру туралы қалыптасып, көп таралған қарым-қатынас бұйымының қолданыс мүмкіндігімен анықталады. Этникалық немесе тарихи костюм дәстүрін қолданудың көкейкестілігі, қазіргі этнодизайнде кейде ой елегінен өткізу немесе кейде асығыс қабылдануында болып табылады, бірақ бір ғана модалық бағытта ауқымды үлкен санды, әртүрлі шешім болуы мүмкін және дәстүрлі форма, шығармашылық қайта құрамдау өз кезегінде классикалық үлгі болып шығады. Өткен дәуір бірдің есімізде пішу және сызық, үлкен стильдер туралы түсініктер қалдырды. Онсыз бүгінгі мода қалай болып шығатыны белгісіз болар еді. Бұл саналы деңгейдегі өткеннің көрінген образы,- деп көрсетеді ресей дизайнері И.Ялышева [12,766.]. Валентин Юдашкин бұл этноколлекцияның тақырыбы халықтың өмірі мен мәдениетінен туады. Қазіргі көрнекті дизайнерлер бұл фактілерді мойындап, имидждік коллекциялар жасау барысында қолданумен қатар, өндірістік, коммерциялық ұтымды бұйымдарды жасау барысында басшылыққа алады.

Стиль туралы талдау жасаудың өнертанымдық білім берудегі орыны ерекше. Этнодизайн бұйымдарын жобалау шығармашылық үдеріс ретінде интуицияға және батыл ойларға сүйенеді, бірақ интуиция және батылдық қазіргі дәуірдің әлеуметтік, техникалық және мәдени дамуына сай келетін терең де универсалдық білімге ғана негізделеді. Костюмдегі стиль дегеніміз киім образының толық қанды шығуын қамтамасыз ететін бейнелеу әдістері және көркемдік мүмкіндіктері. Дизайн (ағылшын сөзі) – жобалау, сызу, ойлану деген мағынаны береді. Ол өндірістік әдіспен тұрмыстық бұйымдарды жасап шығару және заттың ортаны лайықты қолдануды қалыптастырумен айналысады. Жобаның образы – дизайнер жасаған тұрмыстық немесе өндірістік заттың қолданыс және тұтынудың әртүрлі факторы есептелген көркемдік формасы. Конструктор – моделерлер пішу жүйесі және жаңа конструкцияларды жасап шығарады. Инженер – технологтар бұйым жасаудың жаңа технологиялық әдістерін табады.

Эргономика туралы талдау жасаудың өнертанымдық білім берудегі орыны ерекше. Этнодизайн бұйымдарын жобалау үдерісінде бұйым мен оның адаммен қарым қатынасына байланысты есепке алудың орны ерекше. Бұйым мен оның адам іс әрекетімен байланысын ойластыру этнодизайн қызметіндегі ерекше еңбек бағыты эргономика ғылымымен байланысты. Эргономика – адамның әртүрлі іс-әрекетті орындауды кедергісіз қамтамасыз ететін және адам денесі құрылымы заңдылықтарымен қоса есептелетін, еңбек үдерісіне қолайлы жағдай туғызуды зерттейтін ғылыми пән. Этнодизайн бұйымдарын жобалау үдерісінде дизайнер материалдың сапалық қасиеттерінің бірі болып табылатын пластикасы есепке алады. Материалдың пластикалық қасиеттері жасалатын бұйымның көркемдік сапасына әсер етіп, көркемдігін қалыптастырады. Пластика форманың бір бағыттан екінші бір бағытқа өту сапасы. Этнодизайн бұйымдарын жобалау үдерісінде форма мен ондағы сызықтардың сипатын анықтаудың орны ерекше. Форма – заттың өлшемін, геометриялық түрін, массивтігін, жарық көлеңкесін, фактурасын түсін білдіретін заттың көлемді-кеңістіктік сипаты [14,87 б.].

Мода туралы талдау жасаудың өнертанымдық білім берудегі орыны ерекше. Этнодизайн бұйымдарын жобалау үдерісі мода мен модел ұғымдарымен байланысты. Мода кең мағынада алғанда заттың сыртқы көрінісіне байланысты талғамды және осы талғамның өзгеруімен байланысты ұсынылатын көріністі білдіреді. Тар мағынада мода – бұл бұйымның уақыт пен талғамға, сұраныс пен тапсырысқа байланысты формасының жиі ауысуы. Моделер В.Зацев моданы тұрақтылығы болмағандығы үшін кінәлауға болады,-деген. Бұл моделдердің жиі ауысып тұратындығын білдіру үшін айтылған өрелі сөз. Мода алғашқы бұйым шыққаннан бастап өмірге келді.



Өнертанушылар моданың шығуын XIV- XV ғғ. басы деп түсіндіреді. Мода адамдардың қоғамдық саяси өмірін білдіреді. Зат формасы әр уақытта өнердегі стиль дамуымен байланысты. Мода жасауға көптеген өнер мен техника саласындағы мамандар қатысады. Моданың суретші-дизайнерлері бұйымдағы жаңа эстетиканы қалыптастырады, жаңа форма мен бұйымның жаңа образдарын ойлап шығарады. Этнодизайнер моделердің көркемдік ойын материалды қолдану арқылы өзі жүзеге асырады. Сондықтан мода қазіргі бұйым жасау саласындағы кәсіпқой мамандардың қатысуымен жасалатын өнер түрі деп айтуға болады.

Моделдеу туралы талдау жасаудың өнертанымдық білім берудегі орыны ерекше. Этнодизайн бұйымдарын жобалау үдерісіндегі моделдеу және конструкциялау ерекше түсініктер. Моделдеу – әртүрлі әдістер мен тәсілдер арқылы бұйымның формасын құрау үдерісі. Модель – өндіріске арналған бұйым үлгісі. Қандайда бұйым болмасын жасамас бұрын, біріншіден оның көркемдік жобасы, немесе оның эскизі жасалады – бұл кезең көркемдік конструкциялау деп аталады; екіншіден, базалық конструкцияның немесе негіздің сызбасы мен есебі жасалады – бұл сызықтық есептік конструкциялау; үшіншіден, есептеу мен макеті арқылы жинақ, ұсақ бөлшектерді орындау жұмыстарын техникалық моделдеу деп аталады. [4, 53 б.] Этнодизайн бұйымдарын жобалау барысында фактураны есепке алудың орны ерекше. Фактура – материалдың сыртқы сипатын көзбен қабылдау. Ол жұмсақ, бедерлі, күнгірт, жылтырақ т.б. болуы мүмкін. Форма бетінің фактуралық шешімі бәрінен бұрын болашақ бұйымның қолданылуына байланысты болады. Жоба туралы талдау жасаудың өнертанымдық білім берудегі орыны ерекше. Жоба жасау барысында композиция маңызды қызмет атқарады. Кез келген бұйымның бейнелілік шешімі композициялық орталық арқылы айқындалады. Бұйымның композициялық орталығының нақты айқындалуы, бұйымның негізгі қызметіне байланысты. Кез келген бұйымның композициялық орталығы болады. Композицияның күрделі түрлерінде бірнеше композициялық орталық болуы мүмкін, олар өзара байланысты болғанымен, олардың арасында жетекші байланыстар орын алады.

Этнодизайннан көркем бұйымдарды талдау дизайн бұйымдарын жобалау үшін бейнелеу өнеріне қатысты ұғымдар мен түсініктер, заңдылықтар мен ережелердің мәні түсініп оларды жобалау үдерісінде қолданумен байланысты қарастыру қажеттігі туындауда. Бұлардың этнодизайн бұйымдарын жобалау барысында басшылыққа алынатын түсініктер, мен композиция шығармаларына өнертанымдық сипаттама береді. Кескіндеме теориясына, қатысты бағалы пікірлер айтумен қатар композицияны шығарманың басты көркемдік ерекшеліктерінің бірі ретінде таныған. Ол «Симметрия шығарманың белгілі

құрылымдық бөліктерінің айналық сәйкестілігі. Ритм – белгілі мотивтің бірнеше интервал арқылы үлкен немесе кіші өлшеммен қайталануы», - деп көрсеткен. Бұл айтқанды этнодизайн бұйымдарын жобалауда басшылыққа алатын қағида ретінде қолдануға болады. XIX ғасырдағы екінші жартысындағы даңқты көркемдік өнер сыншысы, суретші Иван Николаевич Крамской (1837-1887) колорит жайлы бағалы пікірлер айтқан. Ол «... Колорит дегеніміз тар мағынада алғанда, біз айтатын қар жамылған үйдің шатыры. Колорит кең мағынада алғанда қосалқы, түстердің үйлесімділік заңдылығына құрылған, тұтас полотноның жалпы гармониясы», - деп анықтаған. Бұл тұжырымды этнодизайн жобаларының түстер қатынасын тану мен бағалау үшін қажетті көрсеткіш ретінде қабылдауға болады.

Станоктық гравюра мен кітап иллюстрациясы шебері, өзінің жазбаларында бейнелеу теориясына айрықша орын берген суретші-педагог В.А.Фаворский композициядағы уақыт проблемасына ерекше назар аударған. Ол барлық сурет белгілі бір уақытты белгілейтінін көрсеткен. «Уақыт картинаның оқиғасын көрсететін бірлік, адамдардың киімі, қоршаған ортадағы заттар, уақиға кезеңдерін аңғаруға бағыт береді», - деп айтқан. Уақыт өнер шығармасындағы уақиға көрінісін көрсетумен қатар, сол көркем бұйымның жасалған мерзіміндегі көркемдік ағымның қандай болғандығынан де ақпарат беретін мүмкіндік ретінде тануымызға болады. Суретші Г.К. Савицкий «форма мен мазмұн композициядағы маңызды белгі», - деп таныған. Этнодизайн композициясындағы зат формасы мен зат мазмұны көркемдік ерекшеліктің бірі ретінде бұйым әсемдігіне үлес қосатын мүмкіндік ретінде қабылданады. Этнодизайн бұйымдарын жобалау үдерісінде форма мен мазмұн сәйкестігі болмаса оның нәтижесі жоғары бола бермейтінін түсінуге болады.

Суретші – педагог Д.Н.Кардовский «форма деген кубке, шарға, цилиндрге т.б. денелерге ұқсас, геометриялық пішіндердің біріне немесе бірнешеуіне сәйкестік сипаты бар масса», - деп тұжырымдаған. Этнодизайн бұйымдары формасының көркемдік ерекшелігін тануға оның жеке бөліктерінің бір-біріне сәйкес келуін, олардың тұтастықта, үйлесімдікте сәйкес болуы басты көркемдік сапа ретінде қабылданады.

Этнодизайнерлік жобалау үдерісі жобалау білімі мен жобалау дағдаларын қажет ететін үдеріс болып табылады. Дизайн – бұл өндіріс бұйымдарын көркемдік-техникалық жобалау үдерісі мен нәтижесі, олардың кешені мен жүйесі, тұтастай алғанда жасалатын нысандардың, ортаның, адамның тұтыну, эстетикалық қажетсінуімен неғұрлым толық сәйкес келуіне бағдарланатын шығармашылық әдіс. [8,24 б.] Володаева Н.А. қазіргі көрнекті дизайнерлер мұны имидждік коллекцияларды жасау барысында қолданумен қатар



өндірістік және коммерциялық ұтымды бұйымдарды жасау үдерісінде қолданылады. Қазіргі дизайнның эталоны болып жобалаудың синтетикалық әдісі деп аталатын келесі кезеңдерден тұратын әдістер есептеледі.[13,316.]

Дизайндық шешім қабылдауды талап ететін жағдай, қазіргі бар үлгілердің, киім эталонының – оның формасы, пішімі, материалы, тұтастай мода образының технологияны нығайту немесе күрделендіру бойынша өзгертуге деген қажеттіліктің пайда болуы. Бұл жағдайда дизайнердің қатысуынсыз, проблеманы шешудің ұтымдылығы аз алғашқы қадамы қабылданады. Бұл кезеңдегі маңызды уақыт, дизайнердің әлеуметтік тапсырысты «қабылдау» болып табылады. Этнодизайнның бұл жағдайында да кейбір жеке моменттерді қарап шығумен қатар, бұл кезең де конструкцияға және бұйым технологиясына қатысты модаға прогноз жасаумен, мода талабын зерттеумен тікелей байланысты.

Көркемдік жобалау туралы талдау жасаудың өнертанымдық білім берудегі орыны ерекше. Әлеуметтік тапсырыстың жүзеге асуы үдерістің ең жауапты кезеңі. Көркемдік жобалаудың өзі біріншіден мәселені талдау мен ой елегінен өткізу, бұйымның формасымен, материалымен, түсімен, тұтынушылар психологиясының ерекшелігімен, дайындау үдерісінің технологиясымен, мода талаптарымен, қолданыс аясымен арасындағы байланысымен қосып бірнеше кезеңдерге бөлуге болады. Бірінші кезең – жобалау нысаны жайлы қазіргі жағдайды қорыту, ой елегінен өткізу үдерісі. Екінші кезең – мәселе бойынша визуалдық әсерді, теориялық материалды, тәжірибені жинақтау немесе - дайындық кезеңі. Үшінші кезең – жинақталған материалды талдау мен ой елегінен өткізу, алғашқы эскиздеу, образ, форма, идея іздеу. Бұл үдеріс кезінде логикалық ойға, ассоциациялық іс-әрекетке жауапты болып табылатын мидың жарты шарында идея қайта өңделіп жатады. Бұл әлі танылып бітпеген инкубация кезеңіне сәйкес келеді. Инкубациялық қызметтің нәтижесі инсайт – таңжарықтың пайда болуы, жауаптың интуитивтік жауабының табылуы болып табылады. Төртінші кезең – идеяны жасап шығару және нақтылау кезеңі, бөлшектерді жаса және оны түсініктеу. Бесінші кезең – конструктивтік, техникалық шешімін табу және бұйымды материалда жүзеге асырудың қорытынды ізденісі. Бұл кезеңде дизайнер өндіріс ерекшелігіне байланысты әдепкі шығармашылық ойдан едәуір қайтуы мүмкін. Алынған «өнімнің» әлеуметтік талаптарының көрсеткіштері ретінде танылатын оның функционалдық, тұтынушылық, эргономикалық және эстетикалық қатынасы жағынан жеткен жетістікті бағалау.

Идеялық жобаланған бұйым осы талаптардың бәрін ұсақ түйегіне дейін қанағаттандырады, сондықтан сын мен алдын ала

қамдастырылған қимыл – кәсіби этнодизайнердің маңызды сапасы болып табылады. Бағалау алғашқыда минуттық іс болып көрінгенмен, жобаның белгілі кемшіліктерін табуға арналған салмақты уақытты талап етеді. Бұл жағдайда өзгертуді қажет ететін және қате кеткендердің өзінің тәжірибелік сабақ болатын жақтары болуы мүмкін. Моделдің бір бөлшегін өзгертіп, оған жаңа форма бергеннің өзінде моделдің немесе дизайнердің қызметінде тіпті дұрыс болмай шығуы жиі болуы мүмкін. Елестетулерді объективтендіру этнодизайн бұйымдарын жобалауда өте маңызды, бұл бір тақырып көлемінде немесе бірдей шығармашылық бастауларды таңдау барысында ауқымды концептуальдық шешім шығаруға мүмкіндік туғызады. Әртүрлі этнодизайнерлердің коллекцияларында бір ғана тақырып, әр түрлі көрініс табады. Форманың автономиялығын сақтау барысында, ол конструкциямен өзара байланыста болатындықтан дизайн, стилизацияның барлық түрлерінен бөлектенеді. Конструкция «қатынастары» арқылы форма спектрі анықталады. Форма «қатынастары» конструкцияға әсер етеді. Көпшілік тұтынушылардың жоба бойынша білдірген тұтынушылық және эстетикалық сұраныстарына сәйкес «қатынас» шарттарын анықтайды.

Этнодизайн бұйымдарын жобалаудың барысында функционалдық немесе эстетикалық құндылықтың қайсысы біріншілікті алу мәселесі қаншама рет қойылғанымен оны нақтылы жауабы әлі күнге дейін жоқтың қасы. Бірақ функционалдық немесе эстетикалық қатынастың біріне басымдық беру туралы қалыптасып, көп таралған қарым-қатынас бұйымының қолданыс мүмкіндігімен анықталады. Шығармашылық үдеріс туралы талдау жасаудың өнертанымдық білім берудегі орыны ерекше. Этнодизайн бұйымдарын жобалау шығармашылық үдеріс ретінде интуицияға және батыл ойларға сүйенеді, бірақ интуиция және батылдық қазіргі дәуірдің әлеуметтік, техникалық және мәдени дамуына сай келетін терең де универсалдық білімге ғана негізделеді. Костюмдегі стиль дегеніміз киім образының толық қанды шығуын қамтамасыз ететін бейнелеу әдістері және көркемдік мүмкіндіктері. Дизайн (ағылшын сөзі) – жобалау, сызу, ойлану деген мағынаны береді. Ол өндірістік әдіспен тұрмыстық бұйымдарды жасап шығару және заттың ортаны лайықты қолдануды қалыптастырумен айналысады. Жобаның образы – дизайнер жасаған тұрмыстық немесе өндірістік заттың қолданыс және тұтынудың әртүрлі факторы есептелген көркемдік формасы. Конструктор – моделерлер пішу жүйесі және жаңа конструкцияларды жасап шығарады. Инженер – технологтар бұйым жасаудың жаңа технологиялық әдістерін табады.

Этнодизайн бұйымдарын жобалау үдерісінде бұйым мен оның адаммен қарым қатынасына байланысты есепке алудың орны ерекше. Бұйым мен оның адам іс әрекетімен байланысын ойластыру



этнодизайн қызметіндегі ерекше еңбек бағыты эргономика ғылымымен байланысты. Эргономика – адамның әртүрлі іс-әрекетті орындауды кедергісіз қамтамасыз ететін және адам денесі құрылымы заңдылықтарымен қоса есептелетін, еңбек үдерісіне қолайлы жағдай туғызуды зерттейтін ғылыми пән. Этнодизайн бұйымдарын жобалау үдерісінде дизайнер материалдың сапалық қасиеттерінің бірі болып табылатын пластикасы есепке алады. Материалдың пластикалық қасиеттері жасалатын бұйымның көркемдік сапасына әсер етіп, көркемдігін қалыптастырады. Пластика форманың бір бағыттан екінші бір бағытқа өту сапасы. Этнодизайн бұйымдарын жобалау үдерісінде форма мен ондағы сызықтардың сипатын анықтаудың орны ерекше. Форма – заттың өлшемін, геометриялық түрін, массивтігін, жарық көлеңкесін, фактурасын түсін білдіретін заттың көлемді-кеңістіктік сипаты. Бұйымның сызықтарының өзіндік ерекшеліктері болады. Бұйым формасының сызықтары бұйымның мәніне сай, заттың сыртқы контурын суреттейтін – силуэттік сызықтар, форманы ішкі бөлшектерін нақтылау емес форма туралы жинақтық елестетуді білдіреді. Конструктивтік сызық – форманың жеке бөлшектерінің, кейбір бөліктерінің қалайша байланысып тұтастықты білдіретін тігіс сызығы, т.б. көріністерді білдіреді. Безендіру сызығы – бұл безендіру бөліктерін, бөлшектерін көрсетеді. Сонымен қатар өрнектердің конструктивтік сызықтармен бірлігін конструктивтік – безендіру сызығы деп аталады.

Этнодизайн бұйымдарын жобалау үдерісі мода мен модел ұғымдарымен байланысты. Мода кең мағынада алғанда заттың сыртқы көрінісіне байланысты талғамды және осы талғамның өзгеруімен байланысты ұсынылатын көріністі білдіреді. Тар мағынада мода – бұл бұйымның уақыт пен талғамға, сұраныс пен тапсырысқа байланысты формасының жиі ауысуы.

Этнодизайн бұйымдарын жобалау үдерісіндегі моделдеу және конструкциялау ерекше түсініктер. Моделдеу – әртүрлі әдістер мен тәсілдер арқылы бұйымның формасын құрау үдерісі. Модель – өндіріске арналған бұйым үлгісі. Қандайда бұйым болмасын жасамас бұрын, біріншіден оның көркемдік жобасы, немесе оның эскизі жасалады – бұл кезең көркемдік конструкциялау деп аталады; екіншіден, базалық конструкцияның немесе негіздің сызбасы мен есебі жасалады – бұл сызықтық есептік конструкциялау; үшіншіден, есептеу мен макеті арқылы жинақ, ұсақ бөлшектерді орындау жұмыстарын техникалық моделдеу деп аталады. [32,47 б.] Егорова Р.И. Монастирская В.П. Бұйымды жобалау» атты еңбегінде «Этнодизайн бұйымдарын жобалау барысында фактураны есепке алудың орны ерекше» деп анықтаған. Фактура – материалдың сыртқы сипатын көзбен қабылдау. Ол жұмсақ, бедерлі, күнгірт, жылтырақ т.б. болуы мүмкін. Форма бетінің фактуралық шешімі бәрінен бұрын

болашақ бұйымның қолданылуына байланысты болады. Фактура пішіннің құрылымдық қарым-қатынасын көрсетеді, тектоникалық сипатына, бұйымның жеке бөліктерінің үйлесімділік ерекшеліктеріне рең береді. Фактураның иллюзиялы түрде маңыздылығы, жеке бұйымның бөліктерімен, элементтерінің өлшемін өзгертуі де мүмкін. Жобалау барысында нысан формасының құрылымы маңызды орын алады. Симметрия және статика, ассиметрия және динамика түсініктері бір-бірімен байланысты. Статика – кеңістіктегі тұрақты форма жағдайы. Тұрақты қалып форма бөліктерінің тепе-теңдігімен сипатталады. Динамика – қозғалыстың, дамудың, өзгерістің белсенді шарты, яғни форманың біржақты бағыты болып табылады. Бұйымның формасының бірінші түрі – басты форма, екіншісі – сәндік бұйымдық деп аталады. Сәндік бұйымдық форма жеке өзі қызмет ете алмайды. Сонымен бұйым компоненттеріне форма, силуэт, конструктивтік және декоративтік сызықтар, түс, бұйымның жеке бөліктері және декор жатады. Композициялық әдістерге пропорция, статика, динамика, симметрия, ассиметрия, ырғақ, қарама-қайшылықты жобалау іс-әрекеттері кіреді. Бұлар жобалау үдерісінде басшылыққа алатын негізгі тіректер ретінде қарастырылады.

Жоба жасау барысында композиция маңызды қызмет атқарады. Кез келген бұйымның бейнелілік шешімі композициялық орталық арқылы айқындалады. Бұйымның композициялық орталығының нақты айқындалуы, бұйымның негізгі қызметіне байланысты. Кез келген бұйымның композициялық орталығы болады. Композицияның күрделі түрлерінде бірнеше композициялық орталық болуы мүмкін, олар өзара байланысты болғанымен, олардың арасында жетекші байланыстар орын алады. Композиция осы көрсетілген заңдылықтар мен ережелер сақталғанда ғана тұтас болуы мүмкін, себебі композиция тұтастығы бүкіл компоненттердің байланысына құрылады. Композиция тұтастығында артық элемент болмауы тиіс. Сонымен бұйымның көркемдік сапасы формадағы барлық элементтердің бірлігіне келісімділігіне, пропорционалдығына, композициялық орталығына және тұтастығына байланысты болады. Бұйым композициясы мен композициялық мүмкіндіктердің мақсатқа бағынушылығын келісімділік заңы анықтайды. Оларды бұйымның орналасуы мен форманың органикалық бірлігі; материалдың пішінге және бұйымның белгілі қызметке арналуына сәйкестігі, материал мен сәндік безендіру бірлігінің бұйымның арналуы мен пішінге сәйкестігі. Осыдан келе безендіру сипаты, оның түрлері мен орындалу техникасы анықталады. Бұйым композициясындағы өлшем шамалылығы келесі факторлардың және бұйым элементтерінің сандық арақатынасымен анықталады: олар бұйым көлемінің жарасымдылығы және дене бітімінің шамалылығы, материалдық түсі мен фактурасы; бұйым бөліктері мен безендірулер болып табылады.



Болашақ мұғалімдердің өнертанымдық білім беру жүйесінде этнодизайн өнеріне оқытуға дайындау проблемасын - екі аспектіде тануға болады: біріншіден мектепте этнодизайнды оқыту мақсат міндеттерін, бағыттарын, мазмұнын, әдістерін, нәтижелерін анықтауға болатын, оқу процесін басқару шеңберіндегі дидактикалық проблемаларды шешу; екіншісі, жоғары оқу орнында студенттерді этнодизайнды оқытуға дайындау басқару шеңберіндегі дидактикалық проблемаларды шешу болып анықталады.

Этнодизайн туралы ғылыми әдебиеттерді сараптау нәтижесінде этнодизайн туралы ой пікірлерді мынандай жүйеге келтіруге болады: этнодизайн «ұлттық дизайн» деген мағынаны береді; этнодизайн ұғымы өнер мен өндірісті байланыстыратын ұғым; этнодизайн бұйымдары жана инновациялық технологияларды пайдаланып орындалған көркем заттар; этнодизайн ағаш, метал, қыш, жүн, сүйек т.б. материалдарды пайдалану арқылы жасалған ұлттық бұйымдар жобасы; этнодизайн бұйымдары бірнеше дана етіп жасалған көркем бұйымдар; этнодизайн бұйымдары сыйқәде ретінде ұсынылатын заттар; этнодизайн бұйымдарын жасаушылар этнодизайнерлер; этнодизайн бұйымдары туристерге сыйлық ретінде ұсынылатын заттар т.б.; этнодизайн туралы танымдық материалдар өте аз; этнодизайн терминінің қазіргі шеңбері газет журналдардағы жарияланған шағын ақпараттық мәліметтермен ғана шектеледі.

Болашақ мұғалімдерді этнодизайнды оқытудың алғашқы білімдерін менгеруге бағытталған оқу әдістері мәліметтік - дамытушылық және проблемалық - ізденістік болып екіге бөлінеді. Ал білімді арттыру және іскерліктер мен дағдыны менгеруге бағытталған оқыту әдістері қайта жанғырту (репродуктивті) және шығармашылық-жасаушылық (шығармашылық-репродуктивтік) әдістерге бөлініп қарастырылады.

Болашақ мұғалімдерді этнодизайнды оқытуға даярлау дегеніміз студенттерді оқытудағы бағдарламалық талаптары қамтамасыз етудегі оқытушының сабақ берудегі белгілі тәсілдерінің, амалдарының, әдістерінен құрамдалатын қызметінің жиыны ретінде көрініс табады. Оқытудағы жүйелілік, бірізділік, тиімділік сияқты талаптарды ескеру, оқыту сапасын арттыру, пәнді оқыту әдістемесін іске асыру, секілді іс әрекеттерден жинақталады. Осылардың негізгі мақсатпен топтасуы белгілі жағдайлар маманның әдістемелік даярлығының технологиясына әкеледі.

Ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша анықталған заңдылықтардың, қағидалар мен ұсыныстардың дұрыстығы тәжірибе арқылы тексеріледі және нақтыланды. Осыған сәйкес тәжірибелік жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау мына бағыттар

бойынша жүргізілді: кәсіби тәжірибе жұмысының жалпы мақсаты мен міндеттерін анықтау; тәжірибе арқылы зерттеуді ұйымдастыру принциптері мен шарттарын нақтылау; анықтау, қалыптастыру және тәжірибе бақылау кезеңдеріне сәйкес міндеттерді дәл тұжырымдау; тәжірибенің ғылыми-педагогикалық әдістері мен ұйымдастырудағы әдістемелік ерекшеліктерін нақтылау.

Тәжірибе мақсаты: этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беру бойынша ұсынылып отырған әдістері мен технологиясының тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру. Мақсаты бұлайша қою арқылы, тәжірибе барысында шешімі іздестіретін мынандай міндеттердің сипатын анықтауға мүмкіндік аламыз: этнодизайн арқылы өнертанымдық білім берудің деңгейлерінің өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындау; зерттеу барысында этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді оқу бағдарламаларын кәсіби оқытуда қолдану; инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдану мазмұны мен әдістерін практикаға ендіру, тәжірибе жүзінде тексеру; инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдану бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасау.

Ғылыми - педагогикалық құбылыстарды зерттеу барысы белгілі бір принциптер негізінде жүргізіледі, ол зерттеудің жүйелі түрде ұйымдастырылуын және жүргізілуін қамтамасыз етеді. Осы талаптарға сәйкес тәжірибелік зерттеу жұмысымызда біз мына принциптерді басшылыққа алдық:

Педагогикалық құбылыстарды бір тұтас зерттеу принципін (жүйелі көзқарастырылды пайдалану; педагогикалық процесте зерттеу құбылысының орынын нақты айқындау; зерттеу құбылысының динамикасын ашып көрсету); Әділеттік принципі (әрбір дәлелдемені бірнеше жолмен, әдістермен тексеру; зерттелініп отырған объектідегі өзгерістердің бәрін белгілеп отыру; жүргізілген зерттеу нәтижелерін басқа зерттеу мәліметтерімен салыстыру); Тиімділік принципі (зерттеудің көздеген мақсатқа жетуі).

Бірінші принципті этнодизайн сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану басшылыққа алдық. Екінші принципті этнодизайн арқылы өнертанымдық білім берудің деңгейі көрсеткіштерінің бағдарын жасауда, анықтау және қалыптастыру тәжірибесінің нәтижелерін талдауда негізге алдық. Үшінші принципті болжауды анықтауда және талдауда, сонымен қатар тәжірибе жұмысын өткізудегі жағдайларды жоспарлауда, алынған мәліметтерді бақылауда, талдауда және бағалуда тірек еттік.

Қазақ этнодизайні арқылы болашақ мұғалімдерді даярлау этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беру мәселелерін шешуде біз, жалпы дидактикалық принциптерге (саналылық, белсенділік,



көрнекілік, жүйелілік, біріздік, ғылымилық, беріктілік, түсініктілік, теорияның практикамен байланысы), сонымен қатар тұлғалық-бағдарлық, әрекеттік, модульдік сияқты дидактикалық принциптерге сүйендік.

Алынған нәтижелердің жоғары дәлдігі мен шынайылығын қамтамасыз ету мақсатында, өткізілетін жоғары оқу орны оқытушыларына арнап нұсқау әзірленді, онда тәжірибе кезінде анықталынатын, бағаланатын іс-әрекеттердің тізімі, тәжірибе нәтижелерін өңдеу туралы кеңестер берілді. Сонымен қатар оқытушы профессорлар құрамы тәжірибеге қажетті оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілді.

Тәжірибе жұмысы педагогикалық процестің күнделікті, кәдімгі жағдайында, болашақ мұғалімдерді дайындаудың оқу мен аудиториядан тыс жұмыстар барысында жүргізілді және ол үш кезеңде жүзеге асырылды. Тәжірибе бірінші анықтау кезеңінде этнодизайн сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді бастапқы деңгейін анықтау мақсатында мына проблемалардың шешімі іздестірілді: педагогикалық тәжірибенің мазмұнын анықтау; тәжірибенің объектісін, тақырыбын таңдау және оны іске асырудың теориялық жолдарын нақтылау; педагогикалық тәжірибенің болжамын тұжырымдау; тәжірибе барысында орындалатын жұмыс түрлерін анықтау; тәжірибеге қатысатын студенттер санын анықтау; этнодизайн сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану бастапқы этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлық деңгейлерін анықтауға қажетті әдістемелерді таңдау және оның тиімділігін тексеру жолдары; этнодизайн сабақтарында инновациялық технологияларды қолданудан этнодизайн арқылы өнертанымдық білім берудің дидактикалық кешен дайындау және оны қолдану; педагогикалық тәжірибені жүргізетін оқытушылар құрамын анықтау және оларды оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз ету; тәжірибе нәтижесінде, инновациялық технологияларды қолдану этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беру деңгейлерінде орын алған өзгерістерді тіркеу және оны өңдеу жолдарын анықтау, оны студенттерге меңгерту;

Этнодизайн пәнін оқу нәтижесінде студенттер: этнодизайн бұйымдарын жобалаудың тәжірибелік іс-әрекеттерін біріктіретін, этнодизайн бұйымдарын қазіргі заманауи көркемдеудің инновациялық талаптарына сай жобалаудың диагностикалау, формақұрау, материалтану, тапсырмаларын орындау, жана жоба жасау үдерісінде композиция, жарық пен көлеңке, тұстану, эргономика және пластикалық анатомия, технология, экономика, экспозиция, демонстрация, аукционизациясы мәселелерімен байланысты орындалатын этнодизайнерлік жобалауды; «этнодизайн» курсының

мазмұнын анықтау, оқушылар орындай білуге тиісті этнодизайн мен оны оқыту білімдерінің көлемін анықтау, этнодизайн курсының оқу бағдарламасын, сабақ жоспарларын, көрнекті құралдарын жасау тапсырмаларын орындай білуі көзделді

Этнодизайн пәнін оқу нәтижесінде қалыптасатын студенттердің кәсіби құзыреттілігі: этнодизайн және колөнер, ұлттық бұйымдардың түрлері, формасы, түрі түсі, композициясы, орындау техникасы, тапсырысы, этнодизайн бұйымдарының көркемдік ерекшеліктері: форма, формақұрауы, композициясы, эргономикасы, материалы, фактурасы, безендіруі, орындау техникасы, демонстрациясы, экспозициясы, аукционизациясы мәселелерін қамтитын теориялық білімдерді меңгерген, этнодизайн бұйымдарын жобалаудың тәжірибелік іс-әрекеттерін біріктіретін, этнодизайн бұйымдарын қазіргі заманауи көркемдеудің инновациялық талаптарына сай жобалаудың диагностикалау, формақұрау, материалтану, тапсырмаларын орындай білетін, жана жоба жасау үдерісінде композиция, жарық пен көлеңке, тұстану, эргономика және пластикалық анатомия, технология, экономика, экспозиция, демонстрация, аукционизациясы талаптарымен байланысты орындалатын этнодизайнердің жобалау қызметін жоғары сапалық деңгейде орындайтын; «этнодизайн» курсының мазмұнын анықтайтын, оқушылар білуге тиісті этнодизайн білімдері мен оны оқыту білімдерінің көлемін айқындайтын, этнодизайн курсының оқу бағдарламасын, сабақ жоспарларын, көрнекті құралдарын жасай білетін, кәсіби шығармашылық тұлға болып табылады.

## 1.2 Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлаудың моделі

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласында білімді терең меңгерген мамандарға деген сұраныстың артуы мен оларды даярлаудағы әдістемелік білімділігі мен қабілеттілігі, біліктілігінің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және мамандардың даярлығын білім стандарттарының мазмұнына ылайық жетілдіру өзекті мәселе болып табылады.

Өнертанымдық білім берудегі қазіргі заманғы тәжірибелерді саралау барысы бағдарлы оқытудың басты бағытын анықтауға ықпал етеді, жоғары сынып студенттерінің жеке қызығушылықтары мен танымдық қажеттіліктерін, өмірдің өзекті тұстарын пайымдауына, келешекте олардың өнер түрлерінен жоғары оқу орындарда білім алуға бағытталуына әсер ету.[51,17 б.]

Қазақстандық қоғамның өзгерісі оның өмір сүрудегі барлық сапасын қамтиды. Білім беруді жетілдіруге ерекше көңіл бөлінеді.



Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту бағдарламасының негізгі міндетерінде мыналар белгіленген: білім берудің сабақтастық мемлекеттік жалпы міндеттілік стандарттарын енгізу және жүзеге асыру және соған сай үлгідегі әр деңгейдегі бағдарламалар және білім беру бағыттары; білім беру жүйесін ұйымдастыру іс-әрекетінің ғылыми-зерттемелік және ғылыми-техникалық дамытылуы, ғылым және білімнің шоғырлануы; Өнертанымдық білім беру сапасын бақылауын қамтамасыз ету; үзіліссіз білім беру жүйесін дамыту; бүкіләлемдік білім беру кеністігіне бірігу.

Қабылданған концепцияның жүзеге асыруындағы күттірген нәтижелері болып тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің мүддесінде Қазақстандағы білім беру жүйесінің сақталуы және дамуы табылады. Адамзаттың қазіргі және болашағындағы білім беру жүйесінің ерекше орнын қоғам жақсы түсінеді. Жоғарғы мектеп ол біздің ендігі білім беру жүйесінің бөлігі. Жоғарғы оқу орны (ЖОО) 4 жобада қаралады: олар, педагогикалық үрдістің жетекші жүйе құру факторы болып табылатын педагогикалық жүйе ретінде; ғылымның дамуын қамтамасыз ететін, ғылымдық, тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер мен жобалауларды жүзеге асыратын, ғылымдық ұйым ретінде; экономикалық жүйе ретінде, оның жүйе құру факторы болып тауар өндіру және білім беру қызметін ұсыну қабылады; жұмысшылардың және ЖОО білімгерлер өміріне лайықты сапалы және өмір сүруді қамтамасыз ететін, әлеуметтік жүйе ретінде.

Жетекші болып педагогикалық мақсатты жүйе табылады. Өйткені онда педагогикалық үрдіс, білім беру, оқыту, тәрбиелеу сияқты үштік үрдіс ретінде жүзеге асырылады. Білім беру жүйесінің басты мақсаты «дамытушы адамның» даярлығын қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа жету үшін көп жағдайда алғашқы курсқа іріктелген талапкерлердің сапасына, ұстаздық ұжымның ұстаздық шеберлік деңгейіне, оқу жобаларының сапасына, оқыту әдістемелігіне, білімгерлердің ғылымдық жұмысының белсенділігіне және олардың өзіндік жұмыс деңгейіне, лабораториялар мен оқу мекемелерінің техникалық жабдықталу дәрежесіне байланысты және т.б. Оқу үрдісін басқаруға және дұрыс ұйымдастыруға басты рөл берілген.

Қазіргі кезеңде Қазақстанның білім беру жүйесінде күрделі және қарама-қайшылық үрдістер жүруде. Бір жағынан, бұл білім беру мазмұнының, оқыту технологиясының, басқару әдістерінің өзгеруіне байланысты оның әлеуметтік рөлін терең түсіну, ал екінші жағынан, білім берудің маңызды құрылымдарының, құқықтық, материалдық-техникалық, қаржылы-экономикалық, кадрлық қамсыздандырудың артта қалуы. Білім берудің дамуына қоғамның әлеуметтік және экономикалық жағдайы, білім беру деңгейінің, оның ішінде кәсіптік, сабақтастығы әсер етуде. Бұлардың барлығы оқыту мекемелерінің негізгі оқу-тәрбиелік, экономикалық және мәдениеттік қызметтерін орындауда қиындықтар тудыруда.

Білім беру жүйесі мына екі схеманың біреуі арқылы жүзеге асырылады: олар, оқытуды қолдаушы, онда белгіленген әдістер мен ережелер арқылы белгілі, қайталанатын жайттарды орындауға; жаңаша оқыту, онда оқушылардың болашақты жобалауға дарындылығын қалыптастыруы өтеді.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы нәтижесі экономиканың білім мен жаңалыққа негізделгенде ғана мүмкін екені қазіргі қоғамның даму анализі куәландырады. Сондықтан, ойлаудың және тәртіптің жаңа түрінің қалыптастырылуы жанашыл Қазақстанның басты міндеттерінің бірі болып табылады. Қазіргі кезде жанашыл іс-әрекет жаңалық енгізу негізіндегі динамикалық өрістеулік өсу. Ол негізгі міндетті жүзеге асыруға ғана емес, оны тиімді жолмен шешілуіне бағытталған логикалық жүйе ретінде ұсынылады. Бұл үрдісте басты міндет адамға берілген, ал білім беру, ғылым және өндіріс басты бөлімшелері болып табылады. Жоғарғы мектепте жанашыл іс-әрекеттің үш құрамдас бөлігінің барлығы да қатысады және іске асырылады. Көбінесе бізді агроөндірістік кешен инженерлерінің кәсіптік дайындығының оқытылу үрдісі қызықтырады.

Білім беру үрдісінің мазмұны мен ұйымдастыру мәселелерінің кейбіріне тоқталып өтсек. Жоғарғы мектепте оларға мыналарды жатқызуға болады: білім берудегі білім беру біліктіліктің өзіндік иелікке алуының қалыптастырылуын емес, дайын білімді қолдануға есептелген технологияларды қолдану; бітірушінің біліктілік мінездеме талаптарына сай емес білім беру бағдарламаларының мазмұны; білім беруде жаңа ақпараттық технологияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дидактикалық материалдардың жоқтығы; оқу үрдісінің ғылымдық және өндірістік іс-әрекетпен байланысының әлсіздігі.

Біздің елдегі болған «советтік» оқу жүйесі және жас мамандарды бөлу бітірушілердің кәсіптік құзырының талаптарын жоюға әкеліп соқтырды. Білімгерлерді болашақ іс-әрекеттерінің негізгі міндеттерін орындауға жетелеу оқыту мақсаты болып табылатын және ол білім беру әдісі болып анықталады. Алайда соңғы жылдары жағдай өзгерген, білімгерлер өз болашағын ойлайды, оларда толық көлемде және жоғарғы сапада білім алу қажеттілігі туындайды. Осы орайда білім беру мекемелері алдында қолданылатын білім беру технологиялары туралы, оқыту әдістері туралы орынды сұрақ туындайды. Өйткені Өнертанымдық білім беру сапасын бағалаудағы басты өлшем ол білім алушылар және жұмыс берушілер қажеттілігін толық қанағаттандыру. Осыған орай, оқыту сапасын бағалау оқу үрдісінің барысында үзіліссіз және жан-жақты жүргізілуі керек.

Білім беру адамзаттың іс-әрекетінің саласы ретінде ғылыми-техникалық саладағы адамның дамуы және прогрестің өзара іс-қимыл жасалуын айқындамай қоймайды. Бүгінде білім беру және ғылым болашақты қамтуда стратегиялық фактор болып қоғамның дамуында



бірінші орынға шығып отыр. Білім беру жүйесі қоғам мен экономиканың және адамдарға қоятын тұрақты негізгі талаптарға ғана емес, экономика, қоғам және мемлекет тарапынан жиі өзгерілетін мамандарды дайындау және біліктілік талаптарына сай болуы керек. Өткен тарихи кезеңдерге қарағанда бұл жайт кәсіптік білім берудің мәні мен мінезін маңызды өзгертеді. Жанаша қадамдар және инновациялар – қоғамның жиі өзгерілетін сұранысына және қазіргі талаптарға сай, білім беру дамуының табиғи және қажетті шарты. Мұнда ерекше рөл жоғарғы мектепке берілген. Қазіргі өндірістік – технологиялық және ақпараттық қарым – қатынас салаларының қарқынды дамуы жағдайында адам болмысы жүйесіндегі өнердің маңыздылығы арта түсуде. Жеке тұлғаның жалпы адамзаттық идеалдарға ұмтылысының, мәдени – тарихи жетістіктерге қатыстырылуының маңызды факторының бірі дизайн өнері даму үстінде, оның ішінде әлемдік мәдениеттен өзіндік ұлттық болмысты айқындап көрсететін этнодизайн өнері болып табылады. Себебі ол эстетикалық, практикалық және өндірістік мәнге ие.

Қазақстанның қоғамдық, әлеуметтік-экономикасында болып жатқан өзгерістер білім беру жүйесінің жаңарып, жетілуіне елеулі ықпал етуде. «Білім беруді дамытудың 2005-2020 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы» білім беру жүйесін қоғамның білікті мамандарға деген қажеттіліктерімен тығыз бірлікте дамытуды қарастырады. Мұның өзі кәсіби мамандыққа оқытуды кеңейтуден және жекелеген пәндерді тереңдете оқыту бағдарламаларының ашылуынан көрініс табуда. Бұл бағытта шығармашылық, өнертанымдық білім беру пәндер циклін оқыту ерекше мәнге ие болып отыр.

Бүгінгі ақпараттық қарқынды даму жағдайында түрлі көркем-шығармашылықтың ерекшеліктерін меңгерген адам өте қажет, өйткені ол қоғамдағы материалдық және рухани мәдениеттің бірлікте дамуын шешуші тұлға болып табылады. Адамдардың рухани, өндірістік қажеттіліктерін қанағаттандыратын көркемдік технологиялардың, өнер түрлері мен шынайы нәрсені көркемдеп өңдеп жасайтын жаңа техникалық қондырғылардың мәдени-көркем үйлесімдердің пайда болуымен көркемдік мамандықтардың саны артып, беделі жоғарылады, оны меңгерудің шарттары күрделенді.

Қазіргі әрекеттегі материалдық және рухани өндіріс салаларының бәрі қоғамдық мәні бар құндылықтарды жасай алатын, эстетикалық тұрғыда жетілген мамандарды талап етеді. Өйткені, өндірілетін отандық әрбір тауар өзінің көркемдігімен, форма үйлесімділігімен, адам сезіміне беретін әсерімен тартымды болуы керек. Осындай талап тұрғысында бейнелеу өнері мұғалімдерінің өнертанымдық білім беруге даярлығы қоғамның әлем нарығында елеулі орын алатындай өзіндік үлес қосуы тиіс. Бүгінгі күн практикасында этнодизайнның мазмұны мен ұғымдарының тұрақты,

нақтылы болмауы және оны зерттеу қажеттігі арасында қайшылықтарды көрсетуде. Осыған сәйкес қазіргі таңда этнодизайнды өнертанымдық педагогикалық тұрғыда зерттеу қажеттігі арта түсуде.

Біліктілікті арттыру кезеңінде ғалымдар әлеуметтік кәсіби біліктілік, өзін-өзі жетілдіруге сұраныс, кәсіби басымдылық, әлеуметтік жауапкершілік, болжаулық қабілет, кәсіби сенімділік, азаматтық адамгершілік, өзіндік кәсіби жетілу, кәсіби интеллект, іс-әрекеттің өзіне тән стилі сияқты маманға қажет басты қасиеттерді атап көрсетуде және кәсіптіліктің шыңдалуындағы соңғы сатыда шеберлікте ғалымдар кәсіби маңызды қасиеттерге: мөлшерден тыс әлеуметтік-кәсіптік белсенділікті, кәсіби шеберлікті, адамгершілік жауапкершілікті, болжаушылық қабілетті, ізгілікті, кәсіби ұтқырлықты, дұрыс ойлауды, кәсіби мәдениетті, іс-әрекеттің стилін жатқызады. Жоғарыда аталған қасиеттердің барлығы жоғарғы оқу орнында маманды толық немесе жеке кәсіби дайындығында ендіріледі. Этнодизайнның негізін құрайтын негізгі ұғымдар мен олардың этнодизайнерлік жоба жасаудағы орнын ашып көрсеткен. Этнодизайнерлік жоба жасаудағы орнын ашып айқындаған. Бұйымды жасауда негізгі алатын ұстанымдары мен заңдылықтардың жүйесін, кезеңдерін, технология мәселелерін, этнодизайнер еңбегінің мәнін, этнодизайнерлік қызмет түрлерін, бұйымның қоршаған ортамен байланысын, эргономикасын, формақұрау тарихын, форма құрау үдерісінің нәтижелерін С. Жолдасбекова қарастырған. [4, 83 б.]

Өнер баспасынан шыққан «Мастера искусств об искусстве» (-М., Искусство, 1966.-Т.2.-С.355.) атты еңбекте этнодизайнның негізін құрайтын негізгі ұғымдар мен олардың мәнін ашаты форма мен формақұрау, шығарманың көркемдік ерекшеліктері түсініктерінің этнодизайнерлік жоба жасаудағы орнын ашып көрсеткен. Бұйымды жасауда негізгі алатын ұстанымдары мен заңдылықтардың жүйесін, кезеңдерін, технология мәселелерін, этнодизайнер еңбегінің мәнін, этнодизайнерлік қызмет түрлерін, бұйымның қоршаған ортамен байланысын, эргономикасын, формақұрау тарихын, формақұрау үдерісінің нәтижелерін қарастырған. [64, 28 б.]

К.Ф. Юон «Өнер туралы» атты еңбегінде өнер мен шығармашылықтың негізін құрайтын негізгі ұғымдар мен олардың этнодизайнерлік жоба жасаудағы орнын ашып көрсеткен. Бұйымды жасауда негізге алатын бірізділік, тұтастық ұстанымдары мен заңдылықтардың жүйесін, кезеңдерін, технология мәселелерін, этнодизайнер еңбегінің мәнін, этнодизайнерлік қызмет түрлерін, бұйымның қоршаған ортамен байланысын, эргономикасын, формақұрау тарихын, формақұрау үдерісінің нәтижелерін ашып көрсеткен. [65, 82 б.]

Е. Каменованың «Какова цвета радуга» атты еңбегінде этнодизайнның негізін құрайтын форма пропорция, фактура, жарық



пен көлеңке, перспектива сияқты негізгі ұғымдар мен олардың этнодизайнерлік жоба жасаудағы орнын ашып көрсеткен.[66] Бұйымды жасауда негізгі алатын ұстанымдары мен заңдылықтардың жүйесін, кезеңдерін, технология мәселелерін, этнодизайнер еңбегінің мәнін, этнодизайнерлік қызмет түрлерін, бұйымның қоршаған ортамен байланысын, эргономикасын, формақұрау тарихын, формақұрау үдерісінің нәтижелерін қарастырған.[66, 17 б.]

Өнертанушы Н.А. Володаева «Творческий процесс в дизайне одежды: теория и практика.//Преимственность традиций культуры и искусства в мировом пространстве. (Сборник докладов. МНПК. Нац. акад. искусс. им Т.Жургенова. Алматы. – 2008. – С.274.) атты ғылыми жинақта этнодизайнның негізін құрайтын негізгі ұғымдар мен олардың этнодизайнерлік жоба жасаудағы шығармашылық үдеріс орнын ашып көрсеткен. Бұйымды жасауда негізгі алатын ұстанымдары мен заңдылықтардың жүйесін, кезеңдерін, технология мәселелерін, этнодизайнер еңбегінің мәнін, этнодизайнерлік қызмет түрлерін, бұйымның қоршаған ортамен байланысын, эргономикасын, формақұрау тарихын, формақұрау үдерісінің нәтижелерін көрсеткен.[67,45 б.]

Р.И.Егорова В.П. Монастирнаяның «Учись шить» атты еңбегінде этнодизайнның негізін құрайтын негізгі тігу ісімен байланысты ұғымдар мен олардың этнодизайнерлік жоба жасаудағы орнын ашып көрсеткен.[61,13 б.] Бұйымды жасауда форманы пішу ісінің ұстанымдары мен заңдылықтардың жүйесін, кезеңдерін, технология мәселелерін, этнодизайнер еңбегінің мәнін, этнодизайнерлік қызмет түрлерін, бұйымның қоршаған ортамен байланысын, эргономикасын, формақұрау тарихын, формақұрау үдерісінің нәтижелерін аңғартқан.

Т.О. Бердниктің «Моделирование художественное оформление одежды» (Учебник. Ростов.Н/Д: Фенникс, 2001.-352с.) атты еңбегінде киімді моделдеудегі көркем безендірудің элементтерін этнодизайнның негізін құрайтын негізгі ұғымдар мен олардың этнодизайнерлік жоба жасаудағы орнын ашып көрсеткен. Киім жлбасын жасауда негізгі алатын ұстанымдары мен заңдылықтардың жүйесін, кезеңдерін, технология мәселелерін, киім жлбалаудағы этнодизайнер еңбегінің мәнін, этнодизайнерлік қызмет түрлерін, киімнің қоршаған ортамен байланысын, эргономикасын, формақұрау тарихын, формақұрау үдерісінің нәтижелерін ашқан.[62, 76 б.] С.Асанованың «Қазақтың ұлттық киімдері» атты еңбектерінде этнодизайнның негізін құрайтын негізгі ұғымдар мен олардың этнодизайнерлік жоба жасаудағы орнын ашып көрсеткен.Бұйымды жасауда негізгі алатын ұстанымдары мен заңдылықтардың жүйесін, кезеңдерін, технология мәселелерін, этнодизайнер еңбегінің мәнін, этнодизайнерлік қызмет түрлерін,

бұйымның қоршаған ортамен байланысын, эргономикасын, формақұрау тарихын, формақұрау үдерісінің нәтижелерін қарастырған.[ 63, 38 б.]

Болашақ мұғалімдердің өнертанымдық білім беру жүйесінде этнодизайн өнеріне оқытуға дайындау проблемасын - екі аспектіде тануға болады: біріншіден мектепте этнодизайнды оқыту мақсат міндеттерін, бағыттарын, мазмұнын, әдістерін, нәтижелерін анықтауға болатын, оқу процесін басқару шеңберіндегі дидактикалық проблемаларды шешу; екіншісі, жоғары оқу орнында студенттерді этнодизайнды оқытуға дайындау басқару шеңберіндегі дидактикалық проблемаларды шешу болып анықталады.

Этнодизайн туралы ғылыми әдебиеттерді сараптау нәтижесінде этнодизайн туралы ой пікірлерді мынандай жүйеге келтіруге болады: этнодизайн «ұлттық дизайн» деген мағынаны береді; этнодизайн ұғымы өнер мен өндірісті байланыстыратын ұғым; этнодизайн бұйымдары жаңа инновациялық технологияларды пайдаланып орындалған көркем заттар; этнодизайн ағаш, метал, қыш, жүн, сүйек т.б. материалдарды пайдалану арқылы жасалған ұлттық бұйымдар жобасы; этнодизайн бұйымдары бірнеше дана етіп жасалған көркем бұйымдар; этнодизайн бұйымдары сыйқәде ретінде ұсынылатын заттар; этнодизайн бұйымдарын жасаушылар этнодизайнерлер; этнодизайн бұйымдары туристерге сыйлық ретінде ұсынылатын заттар т.б.; этнодизайн туралы танымдық материалдар өте аз; этнодизайн терминінің қазіргі шеңбері газет журналдардағы жарияланған шағын ақпараттық мәліметтермен ғана шектеледі.

Болашақ мұғалімдерді этнодизайнды оқытудың алғашқы білімдерін менгеруге бағытталған оқу әдістері мәліметтік - дамытушылық және проблемалық - ізденістік болып екіге бөлінеді. Ал білімді арттыру және іскерліктер мен дағдыны менгеруге бағытталған оқыту әдістері қайта жаңғырту (репродуктивті) және шығармашылық-жасаушылық (шығармашылық-репродуктивтік) әдістерге бөлініп қарастырылады.

Болашақ мұғалімдерді этнодизайнды оқытуға даярлау дегеніміз- студенттерді оқытудағы бағдарламалық талаптары қамтамасыз етудегі оқытушының сабақ берудегі белгілі тәсілдерінің, амалдарының, әдістерінен құрамдалатын қызметінің жиыны ретінде көрініс табады. Оқытудағы жүйелілік, бірізділік, тиімділік сияқты талаптарды ескеру, оқыту сапасын арттыру, пәнді оқыту әдістемесін іске асыру, секілді іс әрекеттерден жинақталады. Осылардың негізгі мақсатпен топтасуы белгілі жағдайлар маманның әдістемелік даярлығының технологиясына өкеледі.

Маманның кәсіби даярлығы - өзіне тиісті кәсіби әрекетті



орындауға қабілетті және «дайын» деп есептелетін тұлғаның субъективті жағдайы, хал-күйі деп тануға болады. Осылайша, болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің этнодизайн өнеріне балаларды үйретуге қажетті кәсіби даярлығының үлгісін жасай келе, біз дайындықтың негізі ретінде үш құрамдаушыны алдық (мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік). Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау ментәжірибетік зерттеу нәтижелері болашақ мұғалімдердің этнодизайнды оқытуға даярлықтың құрылымдық моделін нақты анықтауға септігін тигізді. Соның негізінде болашақ мұғалімдерді этнодизайнды оқытуға даярлықтың құрылымдық моделі нақтылана түсті.

Бейнелеу өнері мұғалімінің педагогикалық дайындығы ретінде ғалым педагогтар көркемдік педагогикалық бағыттағы икемділігін қарастырады. Олардың пікірінше «Болашақ мұғалімдердің сурет сабақтарында қолдануға қажетті арнайы икемдіктеріне: сурет, кескіндеме салып, мүсін, сәндік бұйымдар жасауға үйрену, белгілі көркемдік нысанды (бұйымды) материалда орындай білу іс-әрекетін, композицияны жасауды игеруді; пәнаралық байланысты белгілеуді; бейнелеу өнері шығармаларын қабылдауға баулуды» жатқызуға болады. [51,12 б] Бұл бағыттар бізге болашақ мұғалімдерді этнодизайнды оқытуға қажетті көркем икемділіктерді анықтауға мүмкіндік береді. Болашақ мұғалімдерді этнодизайнды оқытуға қажетті икемділіктер ретінде мыналар алынды: этнодизайнерлік, композициялық сурет салу, бейнелеу мен жобалау, жапсыру техникаларын меңгеру, этнодизайнға арналған шығармашылық жұмыстың эскизін орындау, этнодизайн туындыларын қабылдау, талдау және бағалай білу әрекеттері. Осының барлығы көп қырлы этнодизайнға балаларды үйретуге қажетті педагогтың кәсіби көркемдік практикалық дайындығы түсінігінің құрамдаушылары ретінде алынды. Ал этнодизайнды оқытуға даярлау этнодизайнды оқытудың дидактикалық білімдері және дидактикалық іс әрекеттері болып екі бағытты қамтыды. Сонымен қатар, ол маманның психикасы мен денсаулығының, мазмұны мен жағдайының, қасиеттерінің атқарылатын әрекеттерінің оқыту талаптарына сәйкестігінің белгілі бір дәрежесі ретінде анықталды.

Маманның кәсіби даярлығы - өзіне тиісті кәсіби әрекетті орындауға қабілетті және «дайын» деп есептелетін тұлғаның субъективті жағдайы, хал-күйі деп тануға болады. Осылайша, болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің этнодизайн өнеріне балаларды үйретуге қажетті кәсіби даярлығының үлгісін жасай келе, біз дайындықтың негізі ретінде үш құрамдаушыны алдық (мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік). Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау ментәжірибетік зерттеу нәтижелері болашақ мұғалімдердің этнодизайнды оқытуға

даярлықтың құрылымдық моделін нақты анықтауға септігін тигізді. Соның негізінде болашақ мұғалімдерді этнодизайнды оқытуға даярлықтың құрылымдық моделі нақтылана түсті.

Мотивациялық құрамдаушы: болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін этнодизайн өнеріне деген қызығушылығының болуымен, этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге деген оң қатынасының болуымен; этнодизайнның өнертанымдық білім берушілік күшінің барлығына сенімінің болуымен; этнодизайнды оқытуға деген қызығушылығының болуымен көрінеді.

Мазмұндық құрамдаушы: болашақ мұғалімдердің этнодизайн тарихы, этнодизайн түрлері туралы, этнодизайнның дара ерекшеліктері туралы білімдерінің; этнодизайнды оқыту туралы білімдері; этнодизайнды оқытудың әдістемесінен білімі; этнодизайнның балаларға өнертанымдық білім беру мүмкіндігі туралы білімі болуымен сипатталады.

Іс-әрекеттік құрамдаушысы: болашақ мұғалімдердің этнодизайнның – қуат күшін анықтау; этнодизайнды оқыту әдістерін тандап алу; этнодизайн өнеріне сипаттама бере білу; этнодизайн жобасын жасау технологиясы туралы өз түсініктерін бере білуі; этнодизайн бұйымы туралы талдау жасай білуі; этнодизайн арқылы оқушыларға өнертанымдық білім беру іс әрекеті мен этнодизайнды оқыту мазмұнын тандап алу іскерлігі; этнодизайнды үйрету іскерлігі; этнодизайн арқылы оқушылардың технологиялық сауаттылығын арттыру іскерлігі; этнодизайн сабақтарын жоспарлау және ұйымдастыру іскерліктері; этнодизайн арқылы оқушыларға өнертанымдық білім беруге бағытталған, мектеп және жергілікті қоғамдастықтың бірлестіктерін ұйымдастыру; этнодизайн шығармаларын талдау іскерлігі; этнодизайн арқылы оқушыларға өнертанымдық білім беру бағытындағы өзінің педагогикалық іс-әрекеттерін талдау іскерлігі; этнодизайн арқылы өзінің кәсіби білімін көтерудің іскерліктері мен дағдылары болуымен анықталды.

Зерттеу нәтижесінде болашақ мұғалімдерінің этнодизайнды оқытуға қажетті әдістемелік дайындығының деңгейлері жоғары, орта, төмен болып анықталды. Жоғары деңгей студенттері этнодизайнды оқыту әдістерін, тәсілдерін меңгеруге деген оң көзқарасы бар, этнодизайнды көркем мәдениеттің бір бөлігі ретінде таниды, этнодизайн білімдері сапалы, этнодизайнды оқытуды ұйымдастырудың іскерліктері мен дағдыларының жоғары болуымен сипатталды. Орта деңгей студенттері этнодизайнды оқытуға деген оң көзқарасы бар, өнерді оқыту арқылы жеке тұлғаны рухани мәдениеттілікке бағыттау мен этнодизайнды оқыту туралы білімдері бар, сонымен қатар әлем халықтарының мәдениетін түсінеді, өнердің



эстетикалық, өнертанушылық, педагогикалық білімін орта меңгерген, педагогикалық әдістемелік іскерліктері мен дағдыларының орта болуымен айқындалды. Төменгі деңгей студенттері педагогикалық технологиялар келер ұрпаққа жана көзбен жетілдіріп жеткізуде білім берудің жана үлгілеріне, этнодизайнды оқытуға деген он көзқарастарының болуымен, бірақ бұларды этнодизайнды оқыту әдістемесінің бір бөлігі ретінде түсінбеуімен, педагогикалық технологиялар білімі туралы ақпараттық-интеллектуалдық ресурстарды өз бетімен ала алатын, талдай білетін, идея бере алатын білімдерінің жеткіліксіздігімен, этнодизайнды оқыту үрдісіндегі әдістемелік педагогикалық технологиялар іскерліктері мен дағдыларының төмендігімен ерекшеленді.

### 1.3. Өнертанымдық білім беруге болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы даярлаудың педагогикалық шарттары

Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін кәсіби дайындығының ұйымдастыру концепциясын қарастырғанда, біз оның кәсіби университеттік білімінің негізгі мазмұны сияқты компонентті зерттеуіміз қажет. Оның жалпы жоғары білімдік дайындықтан ұстанымдық өзгешеліктің үш аспектісін атап өткен жөн: әдеттегі жоғарғы оқу орнындағы мүмкін емес оның еңселілігі; университеттегі оқыту ерекшелігі білімгерлердің зерттеу жұмыстарын нығайтудың алдын-ала болжайды ал бұл өз кезегінде олардың ғылыми іс-әрекеттерінің кәсіби оқытылуынсыз мүмкін емес; экономикалық нарықтық жағдайда жоғары оқу орны нарықтық қатынастар талаптарымен санасу қажет, сондықтан қазіргі өмірдің нақтылығымен есептесуіміз қажет.

Бейнелеу өнері мұғалімдерін этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беруге даярлауда зерттеу үшін бағыт-бағдар және көркем сурет жайында түсінік нақтылығын қажет етеді. Өнертанымдық білім беруге болашақ мұғалімдерді даярлау мәселесі көркем шығармашылықпен байланысты көрініс табады. Көркем шығарманы тудырушы талант, дарын туралы да ұғым болады. Бірақ осы таланттардың көркем суретті салу үстіндегі жан дүние толғаныстары бізге беймәлім. Зерттеудің екінші бағыты осы болмақ. Көркем сурет салу өзіндік ерекшелігі бар құбылыс. Көркем сурет салу суретшіден композиция заңдылықтары мен көркемдік идея туралы терең білімі болуды қажет етеді. Көркем суретте көркемдік идея композиция мүмкіндіктері арқылы жүзеге асады. Көркемдік идея суретшінің көрерменге нені жеткізуді мақсат етумен, рухани көрерменді үлкен мұраттарға ұмтылдыру ауқымымен сипатталады. Көркемдік идея суретшінің үлкен ой толғанымен туады. Көркемдік мұрат (идеал) мен көркемдік композиция бірлікте танылады. [51,83 б.]

Білім қоғамның даму деңгейін айқындайтын негізгі механизм болып табылады, ал оның құрылымында жоғары білім бастапқы орында. Ол жалпы білімді, ғылымды, мәдениетті айқындайтын механизм, сапаны анықтауда «сұлулық» түсінігімен салыстырғанда оның қаншалықты қиындығын нақты түсінуге болады. Бұл жайында ертеде мысырлық ойшылдар ой қозғаған. Шындығында, біз сұлу әйел, әдемі сурет т.б. не екенін түсініп, сезінуіміз мүмкін, ал сұлулықтың не екенін түсіне алмаймыз. «Өнертанымдық білім сапасы» түсінігінің мәнінде дәл солай айтуға болады.

Өнертанымдық білім сапасының түсінігі талдауында істің кейіпті бағасы келесі деректерде берілген. Әрине, Өнертанымдық білім сапасын жоғары оқу орнына қабылданған бітірушілер пайызымен, әр деңгейдегі олимпиада жеңімпаздары санымен түсінбеуіміз қажет. «Өнертанымдық білім сапасы» түсінігін философиялық сипаттамада білім тәжірибесіндегі әртүрлі үлгілерге қолдануға болады және ол ешқандай баға бермейді (жақсы, не жаман), ол әртүрлі сапаны, әртүрлі қасиеттерді белгілейді. Мысалы, көк пен қызыл түстерінің жақсы немесе жаман қасиеттерін белгілемегендей. Немесе, философияда бұл категорияның бағалаушы мінездемесі жоқ, сол себептен философиялық сипаттамада сапанын өлшемі мен бағасы жайлы сұрақтың қойылуы орынсыз. «Өнімнің сапасы» - бұл сатып алушыға маңызы бар сатып алушының талғамдық қасиеттердің жиынтығы деген шешуші түсінікті өндірістік сипаттамада қабылдаймыз. Осы қасиеттердің қосындысы өнімнің негізгі ерекшеліктерінің, эталондарының, стандарттарының негізіне кіреді.

Мұндай сипаттамада кез-келген өнімнің екі қасиетін белгілейді: біріншіден, негізгі қасиеттерінің баршылығы; екіншіден қасиеттердің өндірушінің емес, сатып алушының көзқарасымен қаралуын.

Бұл жерде терминдер және түсініктер сөздігінде: «бітірушілердің Өнертанымдық білім сапасы белгіленген білім мен біліктілік деңгейінде, ойша, физикалық және адамгершілік дамуындағы білімінде, сол бітірушілердің жоспарланған білім мақсаттары мен тәрбиесіндегі жетістіктері деп берілген».

Білім беру сапасы қоғамдағы білім беру процессінің жайын және нәтижелілігін анықтайтын әлеуметтік категория болып табылады, тұлғаның азаматтық, әлеуметтік, мамандандырылған құдырларының дамуы мен қалыптасуында қоғамның (әртүрлі әлеуметтік топтардың) үміті мен сұранысына сай болуы.

Өнертанымдық білім сапасы білім беру мекемелерінің оқу ісіндегі әртүрлі аспектілерді мінездейтін көрсеткіштер жинағымен анықталады: білім берудегі қалыптастыру, оқытудың үлгілері мен тәсілдері, материалдық – техникалық базасы, кадырлар құрамы және т.б. білімгерлердің құзырының дамуын қалыптастырушылар.

Сапа – күрделі философияның, жүйелі, экономикалық және социалдық категория. Ол анықтау жүйесі арқылы ашылады және



жүйелі – құрылымдық және құнды – практикалық аспектілерінің бірлігін анықтаушы.

Сапа бұл: объектілер мен үдерістердің қасиеттерінің жүйесі, жинағы; объектілер мен үдерістердің элементтерінің және құрылымының бірлігі, элементтер және объектілер мен үдерістердің сапасының жүйесі; бұл объектілер мен үдерістердің сапасы олардың потенциалдық (әлеуметтік), ішкі және нақты, сыртқы сапасының (сапаның ішкі – сыртқы жаппыламалық, визуалдық қағидасы) бірлігі болып табылады; объектінің тұтастық негізі (бүтін сапасы бүтін бөліктерінің сапасына жиынтықталмайды; тұтастық қағидасы) объектілер мен үдерістер бөліктерінің қасиеті мен (сапасының иерархиялық жүйесі сапа ұйымдастырудың сатылық қағидасы); динамикада объектілер мен үдерістердің бөліктерінің қасиеті мен сапасының динамикалық жүйесі өз өміріндегі сапасын айқындайды; сапа объектілерге бірлікті, орнықты, маңызды қасиеттер береді; маңыздылық ол объектілер немесе үдерістердің түбірлі, ішкі, потенциалдық сапасы болып табылады; объектілер және үдерістердің пайдалы болуы, олардың құндылығы, нақты тұтынуды қанағаттандыруға жарамдылығы немесе икемділігі, немесе нақты мақсаттардың, нормалардың, доктрина, идеалдардың таратушылығында, немесе талапқа, сұранысқа, нормаға сай болуы және дұрыстығы.

Көпжылдық пікірталастардың қорытындысы бойынша, Өнертанымдық білім сапасы түсінігінің бірыңғай анықтамасына жауап беру мүмкін емес болып шешілді. Алайда тәжірибелік мақсаттарда Өнертанымдық білім сапасын оқу ішіндегі және оқыту айналасындағы ортадағы өзгерістер деп түсінуді ұйғарды. Бұл жерде оқу кезеңі аяқталғандағы алған білім, біліктілік қасиеттердің жақсарғанына толық сай келетіндігін айтуға болады.

Сонымен, осындай кіріспеден кейін «Өнертанымдық білім сапасы» түсінігінің көп анықтамаларының бар екені анықталды. Өнертанымдық білім сапасының ең көп таралған анықтамасы стандарттар мен нормалар талабына сай келуі немесе сапа өзінің бір қырымен, аспектілерімен көрінеді, нақтылай объектілердің құндылын, жарамдылығын, олардың нақты тұтынуды, қанағаттандыруға жарамдылығы немесе нақты мақсаттардың, мөлшерлердің, доктриналардың таралуына, талаптың, сұраныстың, мөлшердің дұрыстығы. Өз кезегінде, мөлшер түсінігі абсолюттық және нақты болып табылмайды, «мөлшер сапасын» анықтауда, оның субъектілік талқылаудан құтқаратын әрқашан жұмыстар жүргізіледі.

Адамның сапасының негізі (ядросы) өзінің рухани-адамгершілік, білімділік және іс-әрекеттік құрамдылықтан тұратын интеллект сапасы болып табылады. Өнертанымдық білім сапасының кейбір мінездемелерін атасақ: сапасының көпаспектілігі (көпқырлылығы) білімнің соңғы нәтижелік сапасы және осы сапаға

қол жеткізетін білім беру жүйесінің потенциалдық сапасы; тәрбие және білім беру нәтижесінің сапасы; шығармашылық және репродуктивтік, білімдік және іс-әрекеттік құрамдас бөліктер; сапаның көпденгейлік соңғы нәтижесі (жоғары мектеп, орташа арнаулы, кәсіптік-техникалық училищелер, орта білімді мектеп бітірушілер сапасы), білім беру сапасының көпсубъектілігі (білім беру сапасының бағасы субъектілердің көптігімен жүзеге асырылады; негізгі субъектілер оқушылардың өздері мен білімгерлер, жоғарғы оқу орнын бітірушілер мен әр түрлі қосымша білімдік бағдарламалардың білімгерлері; олардың ата-аналары; жұмыс берушілер; негізінде қоғамның өзі және мемлекеттік органдары; білім беру жүйесінің өзі; оның әр деңгейдегі және әр сатыдағы өкілдері, білім беру жүйесінің зерттеушілері; әр елдегі, өңірдегі осы субъектілер (мемлекеттік білім беру жүйесінде, оның әр деңгейіндегілер);

Көпкритериялық-білім беру сапасы критерилер жиынтығымен бағаланады; полихрондық-білім беру сапасының ағымды, тактикалық және стратегиялық аспектілерінің үйлесімділігі, олар әр кезде әрқандай субъектілермен әр түрлі қабылданады (бітірушілер өз өмір аралығында, еңбек өтілінде өз өнертанымдық білім сапасын қайта бағалайды, ұстаздардың, жеке пәндердің қасиеттіліктерін; өз мүмкіндігінше қоғам мен мемлекет өнертанымдық білім беру сапасы мен мазмұнының негізгі ерекшеліктерін қайта қарастырып отырады және өнертанымдық білім беру сапасы мен білім беру жүйесінің бағасындағы түсініксіздіктер және әртүрлі субъектілердің өнертанымдық білім беру сапасын бағалаудағы жоғары деңгейдегі көзқарастарынан пайда болады.

Инварианттылық және вариативтілік. Көптеген білім беру жүйесінде, оқу орындарында, олардың бітірушілерінің қасиеттерінің арасында инварианттық атап көрсетіледі. Бұл жерде әр деңгейдегі білім беру бітірушілерінің жалпы қасиеттері, әр мамандықтың немесе жоғары оқу бітірушілерінің дайындық бағдары және спецификалық (бұл жерде бітірушілер немесе оқыту жүйесінің көпшілігіне). Жоғарыда аталған өнертанымдық білім беру сапасының қырлары білім беру қасиеттерінің күрделі категориясын объективті айқындаушы болып табылады, кез келген мемлекетке инвариантты.

Жоғарыда айтылғаннан өнертанымдық білім беру сапасының аспектілерін маңызды зерттелуінің қажеттігі объективтік (көпаспектілік, көпкритериялық, полихрондық) және субъективтік (субъектілердің көптігіне байланысты) мінездегі компромисстің әртүрлі аспектілерінің іздену қажеттігі. Бұл тәсіл, негізінде, бізге өнертанымдық білім беру мазмұны және сапасындағы түсініксіздікті және көпсубъектілік, көпкритериялық мәселелердің қарама-қайшылығы компромистік шешілуіне себепші болады. Бұл субъектілердің компромистік шешілуіне рухани мәдениеті мен интеллектуалдық деңгейі жоғары болған сайын, компромистік



жетістіктер мен іздену тәжірибесі көбейеді, олардың деңгейі жоғарылайды. Өнертанымдық білім беру сапасы жоғарылайды немесе өнертанымдық білім беру сапасы жоғарыда аталған факторлардың нәтижелік интегралдық функциясы болып табылады. Мұндай компромистік қадамдардың өткізілуі әр елде әрқалай жүзеге асырылады. Кез келген мониторингтің жүйелік жобасын қалыптастыруда және өнертанымдық білім беру сапасын басқаруда бұл жайға ерекше назар аударған жөн.[51, 34 б.]

Өнертанымдық білім сапасы «потенциалды сана» ретінде сапа қызметі арқылы маңызды болады. Өнертанымдық білім сапасының қызметі потенциалды жағдайдан маңызды жағдайға ауыстырылады. Әрине, бұл білімнің потенциалды – актуалдық ауыстырылымында «шеберлік» пен «зергерлік» қызмет атқарады.

«Өнертанымдық білім сапасы» маңыздандырылған өнертанымдық білім сапасының формасы ретінде қалыптасады. Білім мен қызмет сапасының бірлігі тұлғаның ерекше қасиетін құрайды. Өнертанымдық білім сапасы мен қызмет сапасы екі негізгі блокқа бөлінеді: жалпы білім беру дайындық сапасы және профессионалды дайындық.

Жалпы білім беру блогы тұлғаның профессионалды білім беру арқылы қамтамасыз етеді. Ол систомогенетика тілінде қалыптасады. Жалпы білім беру блогы тұлғаның жүйелі қызметі арқылы ашылады. Оған өндірістік (экономикалық), ғылыми (зерттеулік), экологиялық, эстетикалық қызметтері жатады. Ең соңғысы яғни бұл сфера тұлғаның мәдени сатысы.

Қорытындылай келе тұлғаның мәдениеті мәдени қызмет арқылы байқалады. Мәдениет сапасы сапаның мәдениетінсіз мағынасыз ішкі ядролар «сыртқы» сфералық бетінен байқалады. Тұлғаның мәдениеті – жеке тұлғаның өзі болып табылады, ал ол тұлғаның қасиеті оның мәдениетінің сапасы болып табылады. Бұл екі блок «жалпы білім беру дайындығы», «профессионалды дайындық блогы» тұлғаның мәдениетінің бірлігін құрайды. Жалпы және профессионалды мәдениеттің бірлігі шеберлікпен профессионализмді құрайды. Адам қасиетінің құрылымының схемасы адам қасиетін білім беру жүйесінде тереңірек білуге мүмкіндік береді. Тәрбие тұлғаның дамуына ықпал етеді. Оның барлық компоненттерін: рухани құндылығын, әлеуметтік жүйені қамтиды.

А.С.Макаренко пікірі бойынша рухани ақыл мәдени тәрбиемен қатар еңбек тәрбиесі қалыптасқан. Әлеуметтік блокқа ұғымдық тәрбие, патриоттық тәрбие жатады. Сонымен оған білім беру, құқықтық және адамдық тәрбие, әлеуметтік педагогика т.б жатады. Тәрбие сапасы өнертанымдық білім сапасына, оларға ортақ сапа құрайды. Адам квалиметриясы бірнешеге бөлінеді: білімгердің білім квалиметриясы; білімгердің жеке тұлғасының квалиметриясы; оқушының мәдениетінің квалиметриясы; жалпы білім берудегі

дайындық квалиметриясы; профессионалды дайындық квалиметриясы.

Сапа мен қанағатшылдық тұтынушылардың ең маңызды сұрау болып табылады. Сапа жүйесі халықаралық стандартқа сай өнеркәсіпте орын алады. Оқу үдерісінде негізгі пәндердегі білім мен біліктілік беріледі. Салалық пәндердегі білім мен біліктілік. Негізгі және салалық пәндердің пәнаралық жүйесі құрамдас бөлік топтарының кешені негізінде. Салалық пәндердің мәліметтерін оқытудағы инварианттық құрылым анықтайды.

«Сапа» термині ұстаздық зерттеулерде жиі кездеседі. Бұл бөлімде біз сапаның жалпы табиғаттағы және жоғары білімдегі түсінігін анықтауға тырыстық. Өз кезегінде жаңа кезеңнің еуропа ғылымын қалыптастырушы Рене Декарт айтқан екен: «сөздің мағынасын түсініңдер. Онымен сіздер адамзатты жартылай адастырудан құтқарасыздар». Сонымен анықтаудан бастайық, бұл жерде негізгі түсініктерді анықтау және түсініктемелеу қажет. Білім қоғамның даму деңгейін айқындайтын негізгі механизм болып табылады, ал оның құрылымында жоғары білім бастапқы орында. Ол жалпы білімді, ғылымды, мәдениетті айқындайтын механизм сапаны анықтауда «сұлулық» түсінігімен салыстырғанда оның қаншалықты қиындығын жеткілікті түсінуге болады. Сапа мен қанағатшылдық тұтынушылардың ең маңызды сұрау болып табылады. Сапа жүйесі халықаралық стандартқа сай өнеркәсіпте орын алады.

Жоғары оқу орнындағы оқу үдерісінде болашақ мұғалімдерді этнодизайнды оқытуға даярлау проблемасы, болашақ мұғалімдерді этнодизайнды оқытуға даярлықтың *дидактикалық шарттарын орындауды: яғни, оқыту ісін мазмұндық, ұйымдастырушылық, әдістемелік, материалдық жағынан қамтамасыз етуді* көздейді.

*Мазмұндық қамтамасыз ету:* «Бейнелеу өнері тарихы мен теориясы», «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» пәндерінің бағдарламасына қосымша этнодизайн туралы бағдарлама жасау, сол бойынша дәрістік, тәжірибелік сабақтар өткізу; «Педагогикалық іс тәжірибе» бағдарламаларына қосымшалар енгізу арқылы мектепте этнодизайн пәнінен сабақтар мен сабақтан тыс тәрбиелік іс шаралар ұйымдастыру; «Этнодизайнды оқыту» атты элективті курс бағдарламасын жасау және оның сабақтарын болашақ мұғалімдерге өткізуді қамтамасыз ету қарастырылды.

*Ұйымдастырушылық қамтамасыз ету бойынша:* болашақ мұғалімдерді этнодизайнды оқытуға даярлық тақырыптары (этнодизайн сабақтарын диагностикалау, жоспарлау, ұйымдастыру) бойынша практикалық сабақтар өткізу, дипломдық жұмыс, курстық жұмыс, өнер мұражайларына экскурсиялар ұйымдастыру, тренинг, тест тапсырмаларын дайындау, өнер туралы пікір алысу, баяндама, нұсқау, кеңес беру, сауалнама, конференция, семинар, дебат, көрме жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету танылды.



*Әдістемелік қамтамасыз ету бойынша:* этнодизайн бойынша оқу бағдарламасын, оқулық, көрнекілік құралдар, электрондық оқулық, дидактикалық материалдар дайындау арқылы болашақ мұғалімдердің әдістемелік даярлығы қамтамасыз етілді.

Этнодизайнды оқытуды *материалдық қамтамасыз ету бойынша:* оқу үдерісі кітапхана қорымен, интерактивті тақта, видео, компьютерлік сыныптармен, шеберханамен оқу материалдарымен, бұйым жасауға қажетті материалдармен жабдықталуын қамтамасыз етілуі жоспарланды. Үдерістің барлық кезеңдерінде қатысушылардың белсенді қатысуы талап етілді және тұлға мен ұжымның қалыптасуына жағдай туғызылды. [12, 66 б.]

Этнодизайн негіздерін құрайтын ұғымдар мен терминдер тәжірибе көрсеткендей әрбір мөлтек салалар бойынша жеке еңбектерде өте сирек кездеседі. Бірақ бұлардың мазмұндарында мағыналық әртүрліліктер орын алады. Өнер саласындағы қазақ ғалымдары Е. Асылханов Қ. Әмірғазин, этнодизайн бойынша бағалы пікірлер айтқан. Дизайнер ғалым Е. Асылханов «Этнодизайнердің еңбегі ұлттық көркем бұйым формасын табу бағытындағы ерекшелігі бар шығармашылық еңбек», - деген ойды білдіреді. Қ. Әмірғазин сәулет этнодизайны туралы, «сәулет этнодизайны құрылыс және сәулет ғимараттарының формаларын ұлттық негізде көркем құрастыру қызметі», - деп түсіндірген. [32, 53.]

Этнодизайн тарихы мен басқада проблемаларына байланысты ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау нәтижелері этнодизайнның проблемаларын этнодизайн тарихы; шығармашылық ой, этнодизайндағы форма және формақұрау мәселелері; этнодизайнерлік жобалау; этнодизайнның композициясы; макеттеу, конструкциялау; эргономика; материалтану; көркем безендіру; мода және стиль; өнім, өндіріс, тираждау бағыттары бойынша жинақтауға болатындығын көрсетті.

Этнодизайнға қатысты ғылыми - педагогикалық әдебиеттердегі терминдер мен ұғымдарға берілген сипаттамалар, мәтіндер, суретер мен фотолар, сызбалар мен нобайлар туралы теориялық материалдарын аталған бағыттар бойынша жүйелеу бізге этнодизайнды оқытудың бағдарламасына кіретін теориялық материалдарды мынандай мазмұнға біріктіруге мүмкіндік берді: 1.Этнодизайнның даму тарихы; 2.Этнодизайнның түрлері мен бұйымдары; 3.Шығармашылық ой мен этнодизайнерлік жоба. Этнодизайндағы форма және форма құрау мәселелері; 4.Жоба және этнодизайнерлік жобалау; 5.Модель және стиль мәселелері; 6.Этнодизайнерлік жобаның түс шешімдері; 7.Этнодизайнның композиция мәселелері; 8.Эргономика проблемалары; 9.Этнодизайн және материалтану; 10. Этнодизайнерлік бұйым және оны көркем безендіру; 11.Эскиздеу, макеттеу, модельдеу; 12.Этнодизайнерлік өнім, өндіріс және тираждау; 13. Этнодизайнерлік бұйымды

демонстрациялау экспозициялау.

Этнодизайн курсының оқыту әдістемесі зерттеуді қажет ететін болашақ мұғалімдер дайындаудағы күрделі мәселелердің бірі. Этнодизайн болашақ бейнелеу өнері және сызу мұғалімдерін дайындаудағы мамандықтың тандау пәндерінің бірі ретінде танылады. Этнодизайн негіздерін оқытудың мақсаты – студенттерге этнодизайнның түрлері, формақұрау, көркемдік конструкциялау, материалтану, эргономика және жобалаудан білім негіздерін меңгертіп, жоба эскизін, безендіруін, макетін жасауға үйрету болып табылады. Курсты ұйымдастыру барысында болашақ мұғалімдерге этнодизайнды оқыту мәселелері мен этнодизайнерлік іс -әрекеттерді дамытуға бағытталған лекциялар оқылып, практикалық сабақтар өткізіледі.

Этнодизайн негіздерін оқытудың мақсаты мен міндеттерін, даму тарихын анықтаудан басталады. Этнодизайн мазмұнын анықтау, этнодизайнның түрлерін, тұрмыс формасын талдаумен жалғасады. Формақұраудың ғылыми-өнертанымдық қағидаларына ерекше назар аударылады. Жоғары деңгейдегі этнодизайнерлік жоба жасау үшін этнодизайнның қандай ұстанымдары мен шарттарын сақтау қажеттігі ашып көрсетіледі. Этнодизайнерлік жоба жасаудың қазіргі жаңа технологиялық әдіс тәсілдері мен ұйымдастыру формаларын айқындай отырып, этнодизайнердің шығармашылық қызметінің ерекшеліктеріне көңіл бөлінеді. Этнодизайнердің шығармашылық қызметін талдау барысында оның дәстүрлі этнодизайн бұйымдарының көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасау қызметіне назар аударылады. Көне немесе дәстүрлі бұйым жасаудағы этнодизайнның сол кездегі атқарған қызметі мен кемшіліктері, кейінгі шыққан модельдің артықшылығымен салыстыра отырып айқындалады. Оның артықшылығы, қолдану мазмұны, формақұрауы, безендірілуі, сол бұйымның қоғамдық сұранысы мен қанағаттандырылуы тұрғысынан салыстырып көрсетіледі. Жаңа бұйымның өнертанымдық, экономикалық және қазіргі өндіріс дамуы тұрғысынан баға беріледі.

Этнодизайнның қолөнермен байланысын анықтау барысында, этнодизайнерлік өнімнің жеке дара данамен шығарылуына, оны жасауға қажетті материалдарлық база мен еңбек құралдары туралы мәселелер қозғалады. Бұл бағытта суретшілердің қиялы, этнодизайнердің формақұрау қызметі, инженердің жаңа бұйымның құрылымы мен құрастырудың технологиялық жақтары қарастырылады. Лекция барысында этнодизайнердің қызметінің басқа да өндіріс мамандарының қызметімен байланысы мен айырмасы көрсетіледі. Олардың жұмысындағы байланыстардың тұтынушы сұранысымен, оларға берілген бағасымен анықталатындығы ескертіледі. Бұйымның сұранысқа сәйкес шығарылу даналарының санын анықтау жолдары көрсетіледі. Тұтынушылардың жаңа бұйым жобалық өніміне деген ой-пікірлерін, ұсыныстарын зерттеу тәсілдері



анықталады.

Этнодизайнның түрлерін талдауға ерекше орын беріледі. Ұлттық бұйым, жиһаз, тұрмыстық заттарды жобалау барысында этнодизайнерлік жоба жасаудың ерекшеліктері анықталады. Кілем мен гобелендегі этнодизайнның мазмұнын жазықтық бетіне орналастыру, сурет пен мәтіннің үйлесімділігі және оның композициясы бойынша талдау жасалады. Олардың формаларының түстерінің, эргономикалық қолдану мақсатымен сәйкес келуіне көңіл аударылады. Бұйым этнодизайны туралы лекция мазмұнында ұлттық бұйымның жаздық, күздік, қыстық бұйымдар, ерлер мен әйелдер бұйымдары, ұлттық бұйымдардың модельдерін жасау ерекшеліктері анықталады. Олардың материалына, формасына, безендіруіне, эргономикасына, тұтыну мақсатына мән беріледі. Жиһаз этнодизайны туралы лекциялық сабақ мазмұны бойынша ас үй, ұйқы бөлмесі, зал, кіре берістің, жиһаздарының этнодизайнерлік шешімдерінің ерекшеліктері қарастырылады. Өндіріс орындарының, офистік жиһаздардың этнодизайнерлік шешімдерінің, олардың түстерінің шешімдері қалай табылатындығына мән беріледі, өндіріс мазмұнымен байланыстылығы айтылады.

Этнодизайн туралы студенттерге түсінік беру зат формасы туралы ұғымды талдаудан басталады. Бұл бағытта зат формасы туралы қарапайым түсінік беруге ерекше орын беріледі. Мұнан соң зат формасын жобалау туралы айтылады. Заттың формасының көрінісі дегеніміз – ені, ұзындығы, тереңдігі көрсетілген, түзу немесе көлбеу жазықтықтардан құралған белгілі бір көріністің сыртқы сұлыбасы. Қарапайым зат формасы, квадрат, шар, куб, пирамида, призма түріне ұқсас немесе осылардың кейбіреулерінің жиынтығына ұқсас болып құралуы мүмкін. Мысалы: ауа шарының жоғары жағы шарға, төменгі бөлігі конуска, ең төменгі бөлігі (кабинасы) кубқа ұқсас болуы мүмкін. Сонымен қатар кейбір формалар жазықтық түрінде кездеседі. Олардың қатарына бір қырынан қарағанда түзу сызық, алдынан қарағанда төртбұрыш көрінетін заттарды қосуға болады. Мұндай заттардың қатарына оқушы дәптері, ұшты күрек, жалау, терезе жапқыш т.б. көріністерін алуға болады.

Композиция заңдылығына сәйкес, заттың формасы, жалықтырмайтын болуы тиіс. Заттың ұсақ формалары, бір-біріне ұқсас болуы қызғылықты болып көріне бермейді. Сондықтан мүмкіндігінше олардың формаларының қайталануына жол бере бермеу қажет. Зат формасын жобалауға, заттың қызметтік міндетіне мән беру орынды. Мысалы, торсық пен мөстің міндеті оған қымыз құю, оны сақтау және оны тасымалдау болып табылады. Кейде ол тек қана бір функцияны атқаруға лайықты болуы да мүмкін. Соған сәйкес оның формасы мен материалы таңдап алынады, безендірілуі ойластырылады. Зат формасын жобалау барысында сол заттың тарихына, дамуына, соңғы үлгісіне, жасалу технологиясына,

безендірілуіне мән беріледі. Ең бірінші сол ұлттық зат қандай қажеттілікке байланысты, қалай жасалды, ол заттың формасы біртіндеп қалай дамыды деген сұрақтарға жауап беріледі. Оның әр түрлі формалары қалай шықты? Ол зат қайсы елде алғаш рет шықты? Оны кімдер жасады? Оны қандай материалдардан жасады? – деген сұрақтарды жобалаушының білгені орынды. Сонымен қатар, жобалаушы этнодизайнер формалардың түрлерін білуі тиіс. Егер ол жобалау үдерісіне түсетін көне зат формаларының барлығынан хабары болса, ол өз жұмысында бұрын жарыққа шыққан формаларды қайталамауға тырысады. Егер оларды білмесе жұмыс барысында этнодизайнер жобалаушы оларды қайталауы мүмкін. Зат формасын жобалау барысындағы этнодизайнердің ойы форма мен мазмұн, форма мен адам, зат пен мазмұн болып байланысты ойластырылады. Зат формасын жобалауда материалды таңдау маңызды. Заттың атқаратын қызметіне байланысты метал, ағаш, қағаз, табиғи материалдар таңдап алынады. Кейбір жағдайда бір жобаның өзіне бірнеше материал қолданылады. Материал таңдау әсіресе зат макетін жасау кезінде өте қажет.

Болашақ мұғалімдердің этнодизайнерлік дайындығын қалыптастыруда іс-тәжірибелік жаттығуларды орындаудың маңызы ерекше. Бұл бағытта болашақ бейнелеу өнері мұғалімдеріне қарапайым заттардың этнодизайнерлік жаңа жобасын жасап үйрену орынды. Ол үшін ізденіс жұмыстары қажет. Жасалатын жаңа заттың бұрынғы дәстүрлі заттардан айырмашылығына мән беріледі. Ол заттың формасының түр-түсінің немесе безендірілуінің, қолданылған материалының жаңашылдық сипаты ескеріледі. [51, 29 б.]

Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің этнодизайнерлік жобалаудың тәжірибелік дайындығын қалыптастыруда оларға торсық, күбі, бесік, ер тұрман бұйымдарының жаңа модельдерінің суретін салудан басталады. Мұнан соң сырға, білезік, шашбау, бас бас киім, көйлек, т.б. сияқты тұрмыстық заттардың этнодизайнерлік эскиздері салынады. Бұл заттардың жаңа формасын іздеу болашақ маманның этнодизайнерлік шығармашылық іс-әрекеттерін дамытады.

Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің этнодизайнерлік дайындығын қалыптастырудың келесі кезеңі қоршаған орта мен жаңа бұйым жобасын жасау бағытында жалғастырылады. Бұл кезеңде ұлттық бұйымдардың жаңа формаларын табу барысында ізденістер жасалады. Сонымен қатар киіз үйдің этнодизайнерлік эскизін жасауға көңіл бөлінеді. Студенттерге киіз үй интерьерінің жобасын жасау тапсырмасын орындауға басшылық жасау көзделеді.

Болашақ мұғалімдерінің этнодизайнерлік дайындығының ерекше бір саласы – белгілі бір нысанның жобасын жасау әдістемесін үйрету болып табылады. Мұндағы іс-әрекеттің мақсаты – болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін мектепте этнодизайннан (үйірме жұмыстарын ұйымдастыру барысында) сабақ беруге қажетті



дайындықты меңгерту. Яғни, белгілі бір нысанның жобасын жасауды балаларға үйрету үшін, сол жобаны өзі жасауға үйренуі тиіс. Болашақ мұғалім балаға этнодизайнерлік жоба жасауды түсіндіру әдістерін өзі жақсы меңгеру үшін, ол сол жоба жасау технологиясын жақсы меңгеруі тиіс, сонда ғана ол оқушыларға этнодизайнерлік жоба жасау туралы тыңғылықты түсініктер бере алады, этнодизайнерлік іс-әрекеттерді меңгерте алады. Жаңа этнодизайнерлік жоба жасаудың бір ерекшелігі оның, бұрынғы жобалардан артықшылығының болуы. Ол артықшылық – этнодизайнерлік жобаның формасында, түсінде жұмыс істеу ұстанымында, безендіруінде, материалында болуы мүмкін. Жаңа этнодизайнерлік жобаны дайындау алдындағы ізденіс барысында осы аталған жағдайлар ескеріледі. Жаңа этнодизайнерлік жобаны дайындаудың алғашқы кезеңдеріндегі жұмыстың бірі – нысанды анықтап, материалды дайындау болып табылады. Бұған табиғи материалдар мен қатар қолдан жасалған жасанды материалдар жиі қолданылады. Бұл материалдар дайындалып болған соң, нысанның (торсықтың, тұрмыс заттарының, ұлттық өрнектің т.б.) шағын формасы болып табылатын макеті, материалдарымен орындалады. Макетте сол заттың үлкен және ұсақ формалары, түрі мен түсі, өлшемдері, безендірілуі айқын етіп кіші көлемде көрсетіледі. Макет жасау – өлшемдер бойынша формалардың жазбаларын (развертка) дайындау, оларды құрастыру, жеке бөлшектерді негізгі құрылымдық каркасқа бекіту сияқты жұмыс кезеңдерінен тұрады.

Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің мектепте этнодизайн үйірмесін ұйымдастыруға дайындау барысында этнодизайнерлік іс-әрекеттің тәжірибесін меңгеруді белгілі бағдарламамен жүзеге асыру орынды. Этнодизайнды мектепте үйірме ретінде оқыту әдістемесімен байланысты мәселелерді баяндау барысында үздік мұғалімдердің тәжірибелері, мақалалар, оқу әдістемелік нұсқаулар, оқу құралдары қолданылады. Мектептегі этнодизайнды оқытудың жеке әдістемелік мәселелерін баяндау кезінде студенттерге мектептегі этнодизайн үйірмесі сабақтарының басталу кезеңі мен жеке фрагменттерді оқытушы демонстрация жасап көрсетеді. Сонымен қатар студенттердің жасаған этнодизайнерлік жобасы үлгі ретінде ұсынылады. Олардың көркемдік ерекшеліктері талданады. Қажет болған жағдайда лекция курсының сағат саны қысқартылады, бірақ негізгі бағдарлама мазмұны сақталады. Әрбір практикалық сабақтың өзіндік ерекшелігі болады.

Этнодизайнның теориялық негізін құрайтын ұғымдар этнодизайн тарихы, этнодизайн түрлері, форма, форма құрау, форма мен мазмұн, форма композициясы, форманың түсі, форманы безендіру, форманы экспозициялау, көркем конструкциялау, жоба эскизі, жоба макеті, развертка болып табылады. Этнодизайн практикасы көне формаларға талдау жасау, жаңа жоба формасын іздеу, эскиз жасау, макет дайындау, форма құрау, модельдеу,

демонстрациялау, материал таңдау, құрастыру, безендіру, іс-әрекеттерін құрайды. Этнодизайн пәнін оқыту нәтижесінде білімгерлер этнодизайнның түрлері, даму тарихы шеберлері, ұстанымдары, форма құрау, эргономика, көркемдік конструкциялау, этнодизайнерлік жоба, материалтану, безендіру, экспозициялау туралы білім негіздерін меңгереді. Этнодизайнды оқыту нәтижесінде білімгерлердің этнодизайнерлік жоба тақырыбын анықтау, этнодизайнерлік жоба формасын жасау, этнодизайнерлік жоба эскизін анықтау, этнодизайнерлік жоба материалын дайындау, этнодизайнерлік жоба макетін жасау, этнодизайнерлік жоба каркасын дайындау, бөлшектерді құрастыру, макетті бояу мен безендіру дағдыларын үйренеді..

Ғылыми-педагогикалық, өнертанымдық әдебиеттерді сараптау негізінде тұстану ілімінің негізін құрайтын ұғымдарды мынандай бағыттарға жіктеуге және оны тұстанудан білім мазмұны ретінде алуға болатындығы анықталады: хроматикалық түстер; ахроматикалық түстер; түстердің қанықтығы; түстердің ашықтығы; жылы түстер; суық түстер; түстік шеңбер; негізгі түстер; контраст түстердің бірлігі; түстердің қасиеті; символдық түстер; түстердің қазақша атаулары; колорит; картинадағы түстер; түстердің композициясы; жылы түсті колорит; суық түсті колорит; аралас түсті колорит; түстерді қабылдау ерекшелігі; түстердің бейнелеуінің ерекшелігі т.б.

Суретші өз шығармасында айтпақ ойының, анық әсерлі болуы үшін онда бейнеленетін нәрсе мен оның айналасындағы ортаны өзара сәйкес орналастыруға ерекше көңіл аударады. Композиция өнері дегеніміз ол латынның «сомпозитио», - «ойлап табу», «құрастыру» деген сөзінен шыққан ұғым. Табиғат әлеміне тән композициялық бастама (бүтіндік, симметрия, ырғақ) өнерде өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Композиция – барлық өнер түріне тән. Композицияның бастауы архитектуралық құрылыс негізінде, музыкалық және әдеби шығармалар, мүсіндеу (скульптура), кескіндеме (картина), театр құрылымдары мен кинофильмдер негізінде жатыр. Танымал суретшілердің өнерпаздық өрлеуін талдап айғақтайтындай, олардың теориялық еңбегі – композиция заңдылықтарының негіздері деп мыналарды айтуға болады: «бүтіндік заңы»; «Үлгі (типизация) заңдылығы»; «Қарама қарсылық (контраст) заңдылығы»; «Композицияның барлық заңдылықтары мен амалдарының негізгі идеялық, түпкі ойға бағынуы». Бүтіндік заңының сақталуының нәтижесінде өнер шығармалары біртұтас қалпында қабылданады. Бүтіндік заңының мәні композицияның тұтастығын көрсетеді. Бұдан біз композицияны жеке дербес бөліктер жиынтығы ретінде қабылдау мүмкін еместігін байқаймыз. Үлгі заңдылығы бейнелеу өнері шығармаларындағы жағдай мен мінез үлгісінің нақтылы берілуін, композициядағы іс-әрекеттің өрістеуін көрсетеді. Қарама – қарсылық



зандылығы түс қарама-қайшылығын ,объект пішінінің айырмашылығын , көңіл қарама-қайшылығын , бейнеленетін адамдардың психологиялық жағдайының бейнеленуін қарастырады.

Композицияның барлық заңдылықтары мен амалдарының негізгі идеялық түпкі ойға бағынуы-суретші туындысындағы ұғымның бүтіндігін, шығарманың айқындығын, идеялық мазмұндығын, ондағы жоғары көркем шеберлікті байланыстырады. Композицияның маңызын ашатын амалдар: Ырғақ; Композицияның сюжетті ортасы; Симметрия және ассиметрия ; Басты тұлғаның екінші орынға орналасуы. Ырғақ – композициядағы бейнелеу объектісінің кезектесіп орналасуының , олардың нақтылы реттілігінің көрсетілуіне мүмкіндік береді, сонымен қатар ондағы бейнеленетін адамдар мен жануарлар тұлғаларының қимыл үстінде берілуіне жағдай жасайды.Өзіне ерекше назар аударатын, композицияның идеялық мазмұнын ашатын басты бөлігі-композицияның сюжеттік ортасына жатады.Симметрия атауы композицияның оң және сол жақ бөлігінің салмағының, пішінінің, түсі мен реңінің тепе теңдігіне, ондағы бар элементтердің өзара үйлесімділігіне, сұңғақтығына тұжырым жасайды. Композициядағы бейнелердің ассиметриялары орналасуы-кескіндемені салмағы, пішіні, өңі жағынан тең екі бөлікке бөліп қойғандай әсер қалдырмайды, ондағы бейнелер тынымсыз, бір – бірімен араласып, тепе-теңдік композициялық ырғақтылықтың айқын көрсетілуі нәтижесінде сақталады.

Композицияны түсінудегі психологиялық көңіл күйдің туындауына себеп болатын айқын орталық бола алғанда ғана ондағы басты тұлғаны екінші орынға орналастыруға болады. Композиция құрастырудың бірізділігі мынадай сипатта болады: суретті қағаз бетіне үйлестіру (компоновка)-кескіндеме (картина) элементтерінің қағаздың пішініне сәйкес орналасуы. Суретті құру –жалпылама (немесе геометриялық) пішіннен нақты суретке көшу. Тон (өң)-жалпылама және жергілікті болып екі топқа бөлінеді. Жалпылама өң жеке бірнеше нәрсенің (заттың) жалпы салыстырғанда басқаларынан күңгірттеу немесе ашықтау болуы. Жергілікті тон –нәрсе (зат) бөліктерінің жарықтың түсінуіне байланысты айырмашылығы. Түс (цвет) бір өңді нәрседегі түс дақтарының көп түрлі болуы. Жағыс (мазок) пішінді айғақтайды , зат өңінің сипатын беруге мүмкіндік жасайды. Бояудың гармониялық үйлесуі. Бояулардың өзара үйлесімді болғаны және әр композицияда қайталанбағаны жөн.

Жарық пен көлеңке – бұл заттың пішініне, бет өзгешелігіне қарай белгілі бір заңдылықтармен жарықтың, зат бетіне таралып орналасуы .Жазықтық бетіндегі көлемді нәрсені көрсетудің маңызды әдісі жарық пен көлеңке градациясы (құбылуы): жылт, шала көлеңке, рефлекс, меншікті және түспе көлеңкені бейнелей білуде. Сонымен қатар көлемді пішінді бейнелеу жұмыс техникасына да байланысты: ол қарындашпен штрихтау мәнері, оның пішінін бағытына қарай

түсуі. Штрихтар тегіс беттерге түзу және параллель бағытта түседі де, цилиндр тәріздес, дөнес, ойыс беттерге доғалдана, дөңгелене түседі.

Этнодизайнерлік жобалау барысындағы басты қағида бейнелеудің жарықтануға, тұстануға, перспектива, тұтастық, қайталанбастық заңдылықтарын ескере отырып жобалау нәтижелі болатынын қазіргі этнодизайнерлік қызмет тәжірибесі анық көрсетуде. Этнодизайнның формақұрау заңдылықтарын тану мен меңгеру нәтижесінде, дизайнер стилін сипаттайтын ұлттық бұйымдыжана технология мүмкіндіктері арқылы жобалау мен жасауға бағытталған қызмет деп анықтауға болады.

Дизайнерлердің шеберлікті меңгеруі кәсіби қызметтің барлық уақытында жалғасатын өте күрделі және ұзақ үрдіс. Ол бір жағынан өнер заңдылықтары мен материалды меңгеруге бағытталса, екіншіден адамзат баласының тарихи дамуымен, тұтас мәдениетпен байланысты. Көркемдік мәдениет ол статистикалық мәдениет емес, ол көркемдік мәдениеттің жаңа ашылымынан кейін жетіліп дамып отырады. Этнодизайн туралы әртүрлі пікірлерді көзқарастарды тәжірибені жинақтай келе «этнодизайн формақұрау заңдылықтарын тану мен меңгеру негізінде, дизайнер стилін сипаттайтын ұлттық дәстүрлі бұйымды технология мүмкіндіктері арқылы жобалаумен жасауға бағытталған қызмет нәтижесі деп қорытынды жасауға болады. Дизайнерлік шеберлік деп дизайнерлік білімді, дағдыны, техниканы жетік меңгеруді елестетеміз.

Дизайнерлік білім негіздерін айқындау мақсатындағы суретшілер, өнертанушылармен суретші – педагогтар А.Дюрер, Л.Б.Альберти, Э. Деланура, К.Ф. Юон, Б.П. Нешумов, Е.В. Шорахов, В.С. Шербаков, М.В. Беда, А.В.Алпатовтардың теориялық еңбектері сарапталды. Сараптау нәтижесі этнодизайн білімдерін сегіз бағытта жіктеуге мүмкіндік берді. Олар: 1.Жаңа бұйымды диогностикалау білімі; 2.Жобалау білімдері; 3.Форма құрау білімдері; 4. Форма композициясы білімдері; 5.Тұстану білімдері; 6.Безендіру білімдері; 7.Демонстрациялау, экспозициялау білімдері; 8.Өндірістік технология білімдері. 10.Этнодизайнерлік жобалау ұстанымдары; 11.Этнодизайнерлік жобалау үдерісі деп анықталады. Этнодизайн өнерінің негізгі ұғымдарын, категорияларын, шынайы заңдылықтарын, техникалық тәсілдерін жүйелеу бізге этнодизайнды оқытудың ұтымды әдістерін анықтауға мүмкіндік береді.

Болашақ мұғалімдердің этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау бойыншы мынандай қорытынды жасауға болады.

1.Ғалымдардың этнодизайн проблемасына байланысты ұсынған көзқарасына жасаған талдау былайша ой тұжырымдарға мүмкіндік береді: этнодизайн екі салада көрініс табады (этнодизайнды тануда, жаңа жоба жасауда); философиялық, жалпы-ғылыми және нақты ғылыми деңгейге сәйкес қалыптасқан этнодизайн білімі болмай,



біртұтас оқыту білімі болмайды; этнодизайнерлік жоба жасау технологиясы оны даярлаудағы ерекшеліктерді ескеруі қажет, өйткені бұл болашақ мұғалімді этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беруге даярлауда проблемалық тапсырманың ерекше түрін болжайды, ал бұл болса осы даярлық технологиясының материалдық негізін құрайды.

2.Болашақ мұғалімдердің этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау тұжырымдамасы жаңа заман қоғамының білікті мамандарды даярлауға байланысты қойып отырған талаптарына және педагогика ғылымының болашақ мамандарды кәсіптік даярлаудағы жетекші қағидаларына негізделеді.

3.Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы болашақ мұғалімдерді өнертанымдық білім беруге даярлаудың мазмұнына кәсіптік даярлық жүйесінде талдау жасау олардың мақсатын, міндеттерін, заңдылықтары мен принциптерін, атқаратын функцияларын, әдіс-тәсілдері мен өзіндік ерекшеліктерін дәлелдеп көрсетуге мүмкіндік береді.

## 2. ЭТНОДИЗАЙН АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ӨНЕРТАНЫМДЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЯРЛАУ ӘДІСТЕРІ

### 2.1 Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлаудың мазмұны

Бейнелеу өнері мұғалімінің мектептегі басты міндеттерінің бірі оқушыларға ұлттық көркем бұйымдарды таныстыру арқылы этнодизайнның өнертанымдық білімдерін беру болып табылады. Өнертанымдық білімнің бір саласын этнодизайнның ұғымдарын, оның теориялық мәселелерін құрайды. Бейнелеу өнері мұғалімінің тәжірибесінде этнодизайннан мектепте курс ұйымдастыру туралы ұсыныстар көптер кездеседі. Бірақ осы кезге дейін мектепте үйірме жұмыстарын ұйымдастыру үшін этнодизайн теориясына байланысты материалдар жеткіліксіздігі, этнодизайнерлік жоба жасауға қажетті іс-әрекеттер мазмұнының анықталмауы, этнодизайнды оқыту үйірмесінің бағдарламасы жоқтығы сияқты оқу әдістемелік мәселелердің шешімін табу қажеттігі туындауда. Сондықтан этнодизайн сабағынан берілетін болашақ бейнелеу өнері мұғалімін даярлау үшін теориялық білім мазмұнын анықтау, этнодизайнерлік жоба жасауға қажетті іс-әрекеттер мазмұнын айқындау, этнодизайнды (үйірме жұмыстарында) оқыту бағдарламасы мен әдістемесін жасау қажеттігі біздің зерттеу мақсатымызды анықтады.

Зерттеу нәтижесінде, этнодизайнды жоғары оқу орнында оқытудағы негізгі теориялық материалдар этнодизайн, этнодизайн тарихы мен түрлері, көркем форма құрау, жаңа жоба, моделдеу, макеттеу, орта бұйым, жиһаз, интерьер, орта өндірістік этнодизайн, этнодизайн ұстанымдары, эргономика ұстанымдарын біріктіретіні анықталды. Ал этнодизайнердің іс-тәжірибесі, дәстүрлі модельдерді талдау, ізденіс эскиздерін жасау, макет дайындау, форма құрау, безендіру, жаңа модель, көркем конструкциялау, түсінік хат дайындау, демонстрациялау, экспозициялау сияқты іс-әрекеттерді жинақтады.

«Этнодизайнды оқыту» курсының жоғары оқу орнында оқытудың міндеттері – лекциялық сабақтарды оқу материалдарын аудио-визуалдық құралдардың көмегімен көрсету; инновациялық белсенді әдістерді қолдану, этнодизайнерлік жобаларға сипаттама беру арқылы этнодизайн бойынша оқу материалдарының мәнін түсіндіру; лекциялық сабақтардың кейбіреулерін іс-тәжірибелік сабақтармен аралас өткізу болып табылды.

«Этнодизайнды оқыту» пәні мазмұнының бірінші бөлімі: этнодизайн және қолөнер, ұлттық бұйымдардың түрлері, формасы, түрі түсі, композициясы, орындау техникасы, тапсырысы, этнодизайн бұйымдарының көркемдік ерекшеліктері: форма, формақұрауы,



композициясы, эргономикасы, материалы, фактурасы, безендіруі, эргономикасы, орындау техникасы, демонстрациясы, экспозициясы, аукционизациясы мәселелерін оқытуды біріктіреді. Пән мазмұнының екінші бөлімінде этнодизайн бұйымдарын жобалаудың тәжірибелік іс-әрекеттерін біріктіретін, этнодизайн бұйымдарын қазіргі заманауи көркемдеудің инновациялық талаптарына сай жобалаудың диагностикалау, формақұрау, материалтану, тапсырмаларын орындау, жана жоба жасау үдерісінде композиция, жарық пен көлеңке, тұстану, эргономика және пластикалық анатомия, технология, экономика, экспозиция, демонстрация, аукционизациясы мәселелерін шешуге бағытталған жаттығуларды орындау көзделді. Пән мазмұнының үшінші бөлімінде «этнодизайн» курсының мазмұнын анықтау, студенттер білуге тиісті этнодизайн мен оны оқыту білімдерінің көлемін анықтау, этнодизайн курсының оқу бағдарламасын жасау, сабақ жоспарларын жасау, көрнекті құралдарын жасау, тапсырмаларын орындау көзделді.

«Этнодизайнды оқыту» пәнін оқу нәтижесінде студенттердің: этнодизайн және колөнер, ұлттық бұйымдардың түрлері, формасы, түрі түсі, композициясы, орындау техникасы, тапсырысы туралы; этнодизайн бұйымдарының көркемдік ерекшеліктерін талдау туралы; форма, формақұрау, форманың композициясы, эргономикасы, материалы, фактурасы, безендіруі, орындау техникасы, демонстрациясы, экспозициясы, аукционизациясы мәселелерін анықтау туралы; «этнодизайн» курсының мазмұнын анықтау, студенттер білуге тиісті этнодизайн мен оны оқыту білімдерінің көлемін анықтау, этнодизайн курсының оқу бағдарламасын жасау, сабақ жоспарларын жасау, көрнекті құралдарын жасау, тапсырмаларын орындау түсініктерінің болуы көзделді.

«Этнодизайнды оқыту» пәнін оқу нәтижесінде студенттер: этнодизайн бұйымдарын жобалаудың тәжірибелік іс-әрекеттерін біріктіретін, этнодизайн бұйымдарын қазіргі заманауи көркемдеудің инновациялық талаптарына сай жобалаудың диагностикалау, формақұрау, материалтану, тапсырмаларын орындау, жана жоба жасау үдерісінде композиция, жарық пен көлеңке, тұстану, эргономика және пластикалық анатомия, технология, экономика, экспозиция, демонстрация, аукционизациясы мәселелерімен байланысты орындалатын этнодизайнерлік жобалауды; «этнодизайн» курсының мазмұнын анықтау, оқушылар орындай білуге тиісті этнодизайн мен оны оқыту білімдерінің көлемін анықтау, этнодизайн курсының оқу бағдарламасын, сабақ жоспарларын, көрнекті құралдарын жасау тапсырмаларын орындай білуі көзделді.

«Этнодизайнды оқыту» пәнін оқу нәтижесінде қалыптасатын студенттердің кәсіби құзыреттілігі: этнодизайн және колөнер, ұлттық бұйымдардың түрлері, формасы, түрі түсі, композициясы, орындау техникасы, тапсырысы, этнодизайн бұйымдарының көркемдік

ерекшеліктері: форма, формақұрауы, композициясы, эргономикасы, материалы, фактурасы, безендіруі, орындау техникасы, демонстрациясы, экспозициясы, аукционизациясы мәселелерін қамтитын теориялық білімдерді меңгерген, этнодизайн бұйымдарын жобалаудың тәжірибелік іс-әрекеттерін біріктіретін, этнодизайн бұйымдарын қазіргі заманауи көркемдеудің инновациялық талаптарына сай жобалаудың диагностикалау, формақұрау, материалтану, тапсырмаларын орындай білетін, жана жоба жасау үдерісінде композиция, жарық пен көлеңке, тұстану, эргономика және пластикалық анатомия, технология, экономика, экспозиция, демонстрация, аукционизациясы талаптарымен байланысты орындалатын этнодизайнердің жобалау қызметін жоғары сапалық деңгейде орындайтын; «этнодизайн» курсының мазмұнын анықтайтын, оқушылар білуге тиісті этнодизайн білімдері мен оны оқыту білімдерінің көлемін айқындайтын, этнодизайн курсының оқу бағдарламасын, сабақ жоспарларын, көрнекті құралдарын жасай білетін, кәсіби шығармашылық тұлға болып табылады.

«Этнодизайнды оқыту» пәнінің бағдарламасының бірінші бөлімі бойынша мынандай сабақтар тақырыптары қамтылады: Этнодизайн және колөнер, Ұлттық бұйымдардың түрлері, Көркем бұйым формасын жобалау, Көркем бұйымды жобалаудағы түрі түсі шешімі, Көркем бұйым композициялық шешімі, Көркем бұйым жобалауда орындау техникасын ескеру, Көркем бұйым жобалаудағы тапсырыс талаптары. Жобалау үдерісінде этнодизайн бұйымдарының көркемдік ерекшеліктерін ескеру: Көркем бұйым форма, формақұрауы, композициясы, эргономикасы, материалы, фактурасы, безендіруіндегі тұтастық, қайталанбастық, ұлттық дәстүр мен жаңашылдық. Көркем бұйымды жобалаудағы заттың эргономикасы, орындау техникасы, демонстрациясы, экспозициясы, аукционизациясы мәселелерін талдап, салыстырып, оқытуды біріктіреді.

«Этнодизайнды оқыту» бағдарламасының екінші бөлімінде бойынша этнодизайн бұйымдарын жобалаудың тәжірибелік іс-әрекеттерін біріктіретін, мынандай сабақтар тақырыптары қамтылады: этнодизайн бұйымдарын қазіргі заманауи көркемдеудің инновациялық талаптарына сай жобаның диагностикасы, этнодизайн бұйымының формасын құрау, этнодизайн бұйымының материалын анықтау, жана жоба композициясын табу, жана жоба жарық пен көлеңке шешімін табу, жана жобаның тұстану шешімін табу, жана жоба эргономика және пластикалық анатомиясымен байланысты шешімін табу, жана жобаның орындау технологиясының шешімін табу, жана жобаның экономикалық шешімін табу, жана жоба экспозициясы шешімін табу, жана жоба демонстрациясы шешімін табу, жана жоба аукционизациясы шешімін табу көзделді.

«Этнодизайнды оқыту» бағдарламасының екінші бөлімінде



бойынша этнодизайн бұйымдарын жобалаудың тәжірибелік іс-әрекеттерін біріктіретін, мынандай сабақтар тақырыптары қамтылады: «этнодизайн» курсының мазмұнын анықтау, оқушылар орындай білуге тиісті этнодизайн мен оны оқыту білімдерінің көлемін анықтау, этнодизайн курсының оқу бағдарламасын, сабақ жоспарларын, көрнекті құралдарын жасау тапсырмаларын орындау көзделді. Болашақ мұғалімдерге «Этнодизайнды оқыту» курсы менгертуге арналған лекциялар жүйесі он екі тақырыптық лекциялардан құралады.

Бірінші тақырып: Этнодизайн тарихы. Бұл тақырып бойынша этнодизайн және мода ұғымдарына түсініктер беріледі. Этнодизайн мен бейнелеу өнерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетіледі. Этнодизайнның даму кезеңдеріне сипаттама беріледі. Этнодизайнның түрлері мен оның қызметі туралы айтылып, ұлттық Бұйым, ұлттық әшекей, ұлттық көркем бұйымдар этнодизайны туралы мәліметтер беріледі. Олардың орындалу технологиясы туралы көрсетіліп, терминдер мен ұғымдарына түсініктер беріледі. Саулет, жиһаз, Бұйым, этнодизайнның шығу тарихы ашып көрсетіледі. Олардың бейнелері виртуальдық құралдың көмегімен демонстрация жасалады. Этнодизайнның даму тарихы адамзат дамуымен байланыста қарастырылып өнімнің дәстүрлі формасына талдау жасалады. Қолөнершілердің даму дәуірінен кейін орта қолөнер мамандығының пайда болуы жайлы айтылады, мұнан соң өндірістік революциямен байланысты затпен адамның қарым-қатынасының дамуы сөз болады. Сонымен адамдардың жаңа этнодизайн концепциялары мен символдарды жаңа моданы жатсынбай қабылдауы «кездейсоқ өндірістен», «жобалау парагидмасына» ауысу тенденциясы туралы айтылады.

Екінші тақырып: Этнодизайндағы форма және форма құрау мәселелері деп аталады. Бұл тақырып бойынша «форма», «форма құрау», «жобалау» ұғымдарына анықтама беріліп, олардың мәні түсіндіріледі. Форманың түрлері, материалы, симметриялық немесе ассиметриялық болуы туралы айтылады. Этнодизайндағы форманың композициясының динамикалық немесе статикалық бөлінуі, олардың қозғалысты немесе тұрақтылықты болуы аңғартылады. Этнодизайндағы форманың кеңістіктегі өмір сүруі, оның уақытпен байланысы, қарапайым формалар мен күрделі формалардың байланысы мен айырмашылығы туралы талдаулар жасалады. Этнодизайндағы форма түрлері туралы алдында үшбұрыш, төртбұрыш, куб, шар, конус, цилиндр формаларын бір-біріне құрастыру арқылы қарапайым формалар шығару туралы айтылады. олардың үлкен және кіші формалардан тұратындығы, табиғат формаларының симметриялығы, ассиметриялығы, ритм, динамикасы, статикасы туралы мәліметтер беріледі. Этнодизайндағы форма құраудағы геометриялық фигуралардың, табиғи формаларының

құрылымы, олардың түр-түсі, пластикалығы, фактурасы, қаттылығы, материалының сапалылығы туралы сөз қозғалады.

Үшінші тақырып: Этнодизайн композициясы мәселелері. Этнодизайн композициясы туралы сөз болғанда, этнодизайнерлік бұйымның үлкен және кіші бөліктерден тұратындығы, олардың бір-бірімен тұрақты түрде бірлікте болуы, бөлінбейтін тұтастығы, оның дәстүрлі бұйым композициясынан айырмашылықта болуы, композициядағы басымдық берілетін бөлшектер, түр-түс, материал, түрлері туралы айтылады. бұйымның композициясындағы ажыратылатын және ажыратылмайтын бөліктер, оларды бірлігімен тұтас қабылдануы сөз болады. Модель композициясындағы түстер мен форманың сәйкестігі қарастырылады. Бұйымның композициясы тұтыну қажеттігі, бұйымның қазіргі ғылым мен дайындау технологиясы талаптарымен мүмкіндіктеріне сәйкестігі талданады. Бұйым композициясының қоршаған орта этнодизайнына қатынасы сарапталады. Бұйым жобасындағы үлкен бөлшектер, композициядағы негізгі элемент, кіші бөлшектер, композициядағы қосалқы элементтердің рөлін атқаратыны түсіндіріледі. әр жоба жеке дара композиция ретінде, оның қайталанбастығы басты шарт ретінде аңғартылады.

Төртінші тақырып: Этнодизайндағы макеттеу, моделдеу мәселелері. Бұл тақырып бойынша оқытушы білімгерлерге «макет», «макеттеу», «модель», «модельдеу» ұғымдарына түсінік беріледі. Мұнан соң осы ұғымдардың мәні ашып көрсетіледі. Этнодизайндағы модель мен моделдеудің айырмасы анықталып, макет пен макеттеудің ұқсастығы көрсетіледі. Макет – белгілі бір Этнодизайнерлік жобаның шағын сырт көрінісі. Ол барлық жағынан көрінетін динамикалық кеңістіктік сипатта орындалатын айтылады. Этнодизайндағы макеттеу сызба жұмыстарындағы көріністердің, негізінде жобаның кеңістіктегі көлемді көрінісін кіші өлшемде жасауға бағытталған іс-әрекет екендігі түсіндіріледі. макет жобаның сыртқы келбетін, өлшемдерін, түрі мен түсін, бөлшектердің өзара сипатын, безендірілуін, әсемдік әсерін, қызметін елестету үшін қажет көлемді форма жүйесі ретінде танылады. Макеттеу этнодизайнердің өз ойын көрнекі түрде көрсетуге бағытталған мүмкіндікті жасау үдерісі танылады.

Бесінші тақырып: Этнодизайнерлік жобалау мәселелері. Тақырыпты ашу үшін жобалау ұғымы туралы талдаулар жасалады. Жоба әлі басталмаған жұмыс туралы ой-пікірлер жиынтығы, сызба, жазба түріндегі жоспар, сурет макет ретінде танылатыны айтылады. жобаның нәтижесінде бұйым пайда болады. Жобада заттың формасы, материалы, түрі, түсі, безендірілуі, қозғалысы, тұрақтылығы, транспортабельдігі көрініс табатындығы туралы визуалдық мәлімет беріледі. Этнодизайнерлік жобада заттың сыртқы форма көрінісінің әсемдігіне мән беріледі. Жоба жасау алдында сол заттың бұған дейінгі форма құрау тарихына өнертанымдық, эргономикалық,



экономикалық, технологиялық тұрғыдан алынғандығы талдау жасалатыны көрсетіледі. Жобаның әсемдік, ыңғайлылық, үнемділік, беріктілік дәрежелері анықталады. Этнодизайнерлік жоба жеке дара еңбек, авторлық немесе бір топ авторлар ретінде қабылданады. Этнодизайнерлік жобаны жасаудың басты шарты оның бұрын соңды болмауы, оның мүлдем жаңа жоба, тек сол автор немесе авторларға ғана тән жұмыс болуымен ерекшеленеді. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің авторларының этнодизайнерлік жобалары көрсетіледі.

Алтыншы тақырып: Этнодизайндағы мода және стиль мәселелері. Бұл тақырып бойынша мода аса көп сұраныстағы этнодизайнерлік үлгі ретінде танылатындығы, оның біртіндеп модаға айналатын модель ретінде белгілі болуы, моделдің сыртқы көрінісіне басымдық берілетіні айтылады. моделдің ескі модель, жаңа модель және жаңадан жасалып жатқан моделге (этнодизайнерлік жобаға) бірігетіні айтылады. жаңа модель этнодизайнерлік жоба екендігіне назар аударылады. Мода мен моделдің айырмасы талданады. Стиль туралы әңгіме болғанда романтикалық стиль, готикалық стиль, барокка стилі, спроттық стиль, ұлттық стиль, аралас стиль ерекшеліктері туралы айтылады. стильдер туралы айтылғанда бұйым этнодизайны стильдері көрсетіліп олардың айырмашылығына талдаулар жасалады. Сәулет этнодизайнындағы стильдерге талдаулар жасалады. Спорттық және туристік Бұйымдар стильдері салыстырылып, талданады. 60-70 жылдардағы Бұйым этнодизайнындағы стильдер мен XX ғасырдың басындағы Бұйым стильдері салыстырылып көрсетіледі. Ежелгі Бұйымдар мен қазіргі Бұйымдар салыстырылып стильдік айырмашылығына мән беріледі.

Жетінші тақырып: Этнодизайндағы көркем конструкциялау мәселелері. Бұл тақырып бойынша «көркемдік», «конструкция», «конструкциялау» ұғымдарына талдау жасалады. Олардың мәні анықталады. Бұйым этнодизайнының сәулет, көлік этнодизайндарын көркем конструкциялау жолдары көрсетіледі. Олардың типтері, формалары, әдістері, технологиясы талданады. Тұрмыстық заттар бөлшектерінің, көлік этнодизайнының бөлшектерінің бір-бірімен үйлесімді орналасуы айтылады. үйлесімділік пен әсемдік көркемдік конструкциялаудың басты көрсеткіші ретінде танылады. Жобадағы қозғалмалы бөлшектер мен қозғалмайтын бөлшектердің формаларының үйлесімділігі көрсетіледі. Көркем конструкциялаудың басты шарты әрбір жеке бөлшектің формасының әсем болуы және сонымен қатар олардың бір-бірімен бірліктегі көрінісінің әсем де үйлесімді, тұтас болуы, артық бөлшектің болмауы танылады. Этнодизайнның әрбір түрінің көркемдік конструкциялаудағы жеке дара ерекшеліктері болатыны ескеріледі. Олар аудио-видео құралдарының көмегімен көрсетіледі.

Сегізінші тақырып: Этнодизайндағы эргономика мәселелері.

Эргономика мәселесі бойынша, ол зат пен адамның қарым-қатынасы туралы ілім ретінде таныстырылады. Заттың пропорциялық өлшемінің адамның дене құрылысы өлшемдеріне, күш-қуатына сәйкес келуі туралы түсініктер беріледі. Мысал ретінде адам мен бөлменің есігі, терезесі, үй жиһаздарының өлшемдерінің сәйкестігіне талдау жасалады. Құмыраның формасының бірнешеуі көрсетіліп, оның қайсы формасы су тасуға ыңғайлы болатындағы көрсетіліп, шелек формасы мен адам фигурасының сәйкестігіне, ыңғайлылығына, ұтымдылығына мән беріледі. Эргономика мәселесі сөз болғанда, поездің купелерінің, ұшақтардың салондары мен креслоларының адамға жайлы, әсем, ыңғайлы, ықшам болу туралы көріністер көрсетіледі. Сол сияқты туристердің палаткалары, рюгзактары, аяқ және бас Бұйымдары туралы виртуалды құралдар арқылы көріністер ұсынылады.

Тоғызыншы тақырып: Этнодизайн және материалтану. Бұл тақырып бойынша этнодизайнерлік жобада қолданылатын материалдар арсеналы туралы сөз болады. Ежелгі кездегі бұйымдар жасауға ағаш, металл, сүйек, қыш, тас, материалдарының қолданылғандығы, қазіргі кезде техника дамуының ерекшелігіне сай пластикалық материалдардың кең көлемде және жиі қолданыс табуы туралы айтылады. Материалдардың қаттылығы өңдеуге қолайлылығы, иілгіштігі, беріктігі жайлы сипаттама беріліп, әрбір материалдың жеке дара қасиеттері көрсетіледі. Оларды қолдану мазмұны мен тұтынушылық мазмұнының сәйкестігі туралы айтылады. Этнодизайнерлік жобаның құрылымында бір немесе бірнеше материалдардың қолданылуы туралы суреттемелер виртуалдық көріністер мүмкіндіктер арқылы көрсетіледі.

Оныншы тақырып: Этнодизайндағы көркем безендіру. Бұл тақырып бойынша «жобалау», «көркемдік», «безендіру» ұғымдарына түсініктер беріледі. Олардың мәні анықталады. Этнодизайнерлік жобаға әсемдік, әлеуметтік, эргономикалық, технологиялық тұрғыда талдау жасалады. Жобаны жасау кезеңдерін, этнодизайнерлік зерттеу, форма құрау, көркем конструкциялау, эскиз салу, макеттеу, безендіру, демонстрациялау, экспозициялау, презентациялау кезеңдерінен бөлінетіндігі көрсетіледі. Этнодизайнердің жобалаушылық қызметінің этнодизайнерлік білімге, шығармашылық ойға, этнодизайнерлік іс-әрекеттерге негізделетіндігі айтылады. Көркем безендіру жұмыстары бойынша әңгіме барысында жобаның сыртқы көрінісін безендірудегі суреттер, жазулардың сызықтар, дақтар, логотиптер және шартты белгілердің орналасу композициясына мән беріледі. Этнодизайнердің безендіру мен композиция білімдері мен безендіру іс-әрекеттерінің жобаның көркемдік сапасын арттырудағы мәні ашып көрсетіледі. Этнодизайнер еңбегінің жобалаудағы және безендірудегі жеке даралық сипатына назар аударылады.

Он бірінші тақырып: Этнодизайн. Өнімі. Бұйым. Өндіріс.



Тираждау мәселелері. Бұл тақырып бойынша оқытушы «өнім», «бұйым», «өндіріс», «этнодизайнерлік өнім» ұғымдарына түсінік беріп, олардың айырмалары мен бірлігіне өнертанымдық, экономикалық, технологиялық тұрғыдан алынған талдаулар жасайды. Этнодизайнерлік еңбектің нәтижесі этнодизайнерлік өнім болатынын халық үшін тұтынатын бұйым екендігі көрсетіледі. Өнім жалғыз данамен немесе көп данамен жасалатыны, жалғыз дана болып жасалуы өндірісті талап етпей, көп дана юолып шығарылуы өндіріс құралдарын қажет ететіні айтылады. Этнодизайнның өзінің табиғаты көп данамен шығарылу жоспарланған өнер туындысы дәрежесіне дейін көтерілген бұйым (Этнодизайнерлік жоба) ретінде танылады. Этнодизайнерлік өнім шығару үлкен екі кезеңнен өтетіндігі, олардың бірі – этнодизайнерлік ой, екіншісі – этнодизайнерлік зерттеу, үшіншісі – этнодизайнерлік жоба жасау, төртіншісі – этнодизайнерлік өндіріс екендігі айтылады. Этнодизайнерлік өнім шығару үдерісіне этнодизайнер-менеджер тапсырыс беруші, этнодизайнер-жобалаушы, этнодизайнер-инженер қатысатыны түсіндіріледі.

Он екінші тақырып: Этнодизайнерлік шығармашылық ой және этнодизайнерлік іс-әрекет. Аталған тақырып бойынша оқытушы ең алдымен «шығармашылық», «шығармашылық ой», «Этнодизайнер», «Этнодизайнерлік іс-әрекет» ұғымдарына түсінік беруден бастайды. Шығармашылықты жаңа туынды жасауға бағытталған өнер шебері мен (этнодизайнердің) іс-әрекеттерінің жүйесі деп, шығармашылық ойды өнер шеберінің жаңа туынды жасауға бағытталған ой-пікірлерінің жиынтығы деп түсіндіреді. Этнодизайнерді үлкен данамен көркемөнер дәрежесіндегі бұйымды шығару үшін көркем жоба жасаушы маман ретінде түсіндіріледі. Этнодизайнерлік іс-әрекет дегеніміз, көркем өндірістік өнім жобасын жасап шығаруға бағытталған өнер шеберінің жобалау қимылдарының жүйесі деп түсіндіріледі. Этнодизайнерлік іс-әрекеттер – шығармашылық ой, этнодизайнерлік ізденістер мен зерттеулер, жоба эскиздері, жоба макеті, жоба дайындау, жобаның түсіндірме жазбасын дайындау, жобаны безендіру, жобаны демонстрациялау, жобаны экспозициялау, жобаны өндіріске өткізу, жобаны нұсқада үлкен данамен өнім түрінде шығару, жобаның тұсаукесерін өткізу болып бірігетіні айтылады.

«Этнодизайнды оқыту» пәнінің практикалық сабақтардағы жұмыс мазмұны мына жаттығулар бойынша тапсырмаларды орындауға бағытталады: этнодизайнерлік жобалау тақырыбын анықтау; этнодизайнерлік жобаның формасын анықтау; этнодизайнерлік жобаның эскизін анықтау; этнодизайнерлік жобаның материалын дайындау; этнодизайнерлік жобаның үлкен бөлшектерінің жазбаларын дайындау; этнодизайнерлік жобаның кіші бөлшектерінің жазбаларын дайындау; жобаның бөлшектерін құрастыру; этнодизайнерлік жоба макетінің түстік шешімін табу; этнодизайнерлік жоба макетін безендіру; этнодизайнерлік жобаның

түсіндірме хатын дайындау.

Бірінші тапсырма бойынша жасалатын этнодизайнерлік жобаның тақырыбы анықталады. Этнодизайнерлік жоба тақырыбы жасалатын затпен байланысы анықталады. Бұл бағытта сол заттың бұрынғы дәстүрлі моделдері сарапталып, оның жетістіктері ескеріледі. Жаңа этнодизайнерлік жобадағы көлем, композиция, эргономика, форма, материал, түр, түс, безендіру ерекшеліктерінің қайсысына басымдық берілетіндігі ойластырылады. Бұл көрсеткіштердің этнодизайнерлік формамен байланысы қарастырылады. Бірінші тапсырма мақсаты – жобаның тақырыбын өз бетінше анықтау болып табылады. Тапсырма А3 форматына орындалады. Тапсырманы орындауға гуашь, акварель, тушь және т.б. материалдардың бірі таңдап алынады.

Екінші тапсырма бойынша этнодизайнерлік жобаның формасын анықтау жұмыстары орындалады. Бұл жұмыс барысында жасалатын заттың көне дәстүрлі моделдері сарапталып, ол заттың формасына жаңа бір бөлшек қосу, оны не үшін қосу қажеттігі анықталады. Не үшін қосылғаны дәлелденеді. Бұл жерде этнодизайнерлік жаңа форманың қазіргі заманауи моделдердің даму стилін сақтауға көңіл бөлінеді. Бұл тапсырманың мақсаты – студентке өз бетінше жоба формасын анықтау және жасау болып табылады. Тапсырма өзі таңдаған заттың жобасы болғандықтан, әр студенттің жобасы бір-біріне ұқсамайтын жеке даралық сипатта болады. Әр жоба бойынша оқытушы студенттің әр қайсысына жеке кеңес береді.

Үшінші тапсырма бойынша жаңа этнодизайнерлік форманың эскизін жасау орындалады. Эскиз жасауға қаламмен қағаз қолданылады. Заттың кеңістіктегі үш өлшемдегі көрінісі көрсетіледі. Қаламмен штрихтау немесе бояу арқылы, заттың көлемі шығарылады. Зат бетіндегі жарық пен көлеңкенің қатынастары, форманың сипаты анықталады. Жарық, жартылай жарық, көлеңке, түсіп тұрған көлеңке өзіндік көлеңке, рефлекс, жылтыр дақ деңгейлері көрсетіледі.

Төртінші тапсырма бойынша жаңа этнодизайнерлік форманың макеті жасалады. Этнодизайнерлік форма макеті оригинал заттан әлдеқайда кіші өлшемімен беріледі. Этнодизайнерлік макет әр түрлі материалдармен орындалады. Этнодизайнерлік макет жасау үшін ең алдымен заттың каркасы дайындалады. Онан соң форма беттеріндегі жазықтықтарды жабу үшін жабулардың жазбасы («развертка») пішіліп дайындалады. Осылардың нақты өлшемдері алынып, ең шеттеріне, клейлеуге арналған жолақтар қалдырылады. Осы жолақтарды бір-біріне желімдеу арқылы жазбалар құрасталады.

Бесінші тапсырма бойынша этнодизайнерлік жобаның материалын дайындау жұмыстары атқарылады. Этнодизайнерлік жобаның формасының түрлі беттері бөлшектері өлшемдері алынады. Оларды қандай материалдардан жасау қажеттігі анықталады. Безендіру элементтеріне қандай материалдар мен бояулар керектігі



анықталып, оларға қажетті материалдардың мөлшері көрсетіледі. Сыртқы қораптың жазықтық беттерін біріктіруге қажетті біріктіру, желімдеу, шегелеу, қыстыру т.б. мүмкіндіктердің мөлшері белгіленеді.

Алтыншы тапсырма бойынша этнодизайнерлік жобаның кіші бөлшектерінің жазбалары дайындалады, форманың өлшемдері алынады. Материалы анықталады. Материал мөлшері анықталады. Жабұларды біріктірудің технологиялық картасы жасалады.

Жетінші тапсырма бойынша этнодизайнерлік жобаның сыртқы бетінің түстік шешімдері анықталады, бояу жұмыстары орындалады. Макет бір түспен немесе бірнеше түспен мазмұнына сай анықталады. Бояуға гуашь, майлы бояу түрлері қолданылады. Бояудың түрлері форма мен жобаның функциясына лайық таңдап алынады.

Сегізінші тапсырма бойынша этнодизайнерлік жобаның бөлшектерін құрастыру жұмыстары орындалады. Бұл жұмыс жобаның негізгі каркасын құрастырудан басталады. Онан соң форманың қосымша каркастары орнатылады. Жұмыстың соңғы кезеңі жазықтық беттерін жазбалармен жабу және оларды бір-бірімен біріктіру жұмыстары орындалады. Ең соңында каркасты форманың жапқыштармен (матамен, картонмен) жабу іс-әрекеттері орындалады.

Тоғызыншы тапсырма бойынша этнодизайнерлік жоба макетін безендіру іс-әрекеті орындалады. Жұмыс макеттің алдыңғы көріністерін безендіру, екі жағын безендіру, артқы көрінісін безендіру бағыттары бойынша бөлінеді. Безендіру барысында өрнектердің тұтастығының болуы ескеріледі.

Оныншы тапсырма бойынша этнодизайнерлік жоба макетінің түсіндірме хатын дайындау жұмыстары орындалады. Жұмыс бойынша макеттің өшемдері, түрі, түсі, қолданысы туралы мәліметтер беріледі. Студенттердің практикалық сабақтарының барысында әрбір жаңа жылға байланысты жылқы, сиыр, қоян, ұлу макеттері жасалады. Олардың макетін жасау барысында студенттер қажетті практикалық іс-әрекеттерді меңгереді. Мұндай тапсырмалар өзіндік жұмысты орындау барысында да жүзеге асырылады.

Он бірінші тапсырма «этнодизайнды мектепте оқыту» курсының мазмұнын анықтау міндеттелді. Он екінші тапсырма «этнодизайнды мектепте оқыту» курсында оқушылар орындай білуге тиісті этнодизайн іс-әрекеттерімен оны оқыту білімдерінің көлемін анықтау жаттығуларын орындау көзделді. Он үшінші тапсырма «этнодизайнды мектепте оқыту» курсының оқу бағдарламасын жасау бойынша айқындалды. Он төртінші тапсырма «этнодизайнды мектепте оқыту» курсының сабақ жоспарларын жасау бағытында ұйымдастырылды. Он бесінші тапсырма «этнодизайнды мектепте оқыту» курсының сабаққа қажетті көрнекті құралдарды жасау болып нақтыланды.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары екі

бағытты біріктіреді. Біріншісі – этнодизайн негіздерін құрайтын терминдер мен ұғымдарды меңгерту болса, екіншісі – этнодизайнды практикалық іс-әрекеттерін қалыптастыру және этнодизайнды мектептегі үйірме жұмысында оқыту дағдыларын қалыптастыру мақсатын көздейді. Студенттердің өзіндік жұмысы бойынша этнодизайн теориясын меңгеруге байланысты тапсырмаларды меңгеру барлық білімгерлерден ортақ талап етілсе, этнодизайн практикасы білімгердің қызығушылығы ескеріледі. Бұл жерде білімгердің өзі ұнатқан жаңа заттың жобасын жасауға басымдық беріледі. Этнодизайн тарихы мен түрлері, форма, форма құрау, жоба, макет, модель, стиль, көркем конструкция, эргономика, материалтану, жоба әсемдігі, этнодизайнерлік өнім, өндіріс, тираж мәселелері бойынша білім негіздерін меңгерді; жобаның сапасын талдау, форма құрау, макеттеу, моделдеу, модель жасау, көркем құрастыру, материал таңдау, безендіру, эргономикалық талдау әдістері, модель жасау технологиясы туралы білімдерді меңгеруге қол жеткізеді, этнодизайнерлік шығармашылық ойлауға жаттықтырды.

Этнодизайнды оқыту нәтижесінде білімгерлердің этнодизайнерлік жоба тақырыбын анықтау, этнодизайнерлік жоба формасын жасау, этнодизайнерлік жоба эскизін анықтау, этнодизайнерлік жоба материалын дайындау, этнодизайнерлік жоба макетін жасау, этнодизайнерлік жоба каркасын дайындау, бөлшектерді құрастыру, макетті бояу мен безендіру дағдыларын үйренеді. Сонымен қатар студенттер «этнодизайнды мектепте оқыту» курсында оқушылар орындай білуге тиісті этнодизайн іс-әрекеттерімен оны оқыту білімдерінің көлемін анықтау, «этнодизайнды мектепте оқыту» курсының оқу бағдарламасын жасау, «этнодизайнды мектепте оқыту» курсының сабақ жоспарларын жасау, сабаққа қажетті көрнекті құралдарды жасау болып табылатын этнопедагогикалық іскерліктер мен дағдыларды меңгеруге қол жеткізді. «Этнодизайнды оқыту» курсы бойынша білімгерлер мынандай этнодизайнерлік қызмет пен педагогикалық қызметке қажетті нәтижелерге қол жеткізді: Этнодизайнердің қызметі әлемдік және ұлттық мәдениеттің бір саласы ретінде, материалдық құндылық жасауға бағытталған, жаңа қайталанбас көркем туынды іздеу жолындағы шығармашылық еңбек екендігін түсінді, этнодизайнер қызметіне қызығушылығы артты, этнодизайнерлік жоба жасауға деген ұмтылысы пайда болды; этнодизайнерлік іс-әрекетке деген оң көзқарасы пайда бола бастады. Оқушылар орындай білуге тиісті этнодизайн іс-әрекеттерімен оны оқыту білімдерінің және жаттығулар көлемін анықтау, этнодизайн курсының оқу бағдарламасын жасау, сабақ жоспарларын жасау, көрнекті құралдарын жасаудың этнопедагогикалық білімдері мен дағдыларын меңгерді.

Этнодизайнды оқыту әдістемесі мәселелері, этнодизайнды



оқыту мазмұнымен байланысты. Этнодизайнды оқыту мазмұнын анықтауға байланысты зерттеулер қазірге дейін оның болмағандығын көрсетті. Этнодизайн негіздерін анықтайтын ұғымдарды зерттеу олардың әлі де болса жинақталмағандығын танытты. Зерттеу нәтижелері этнодизайнның негіздерін құрайтын түсініктің бірі этнодизайнерлік қызметімен байланысты, оның негізі жобалау үдерісін тану екендігін айқындады.

Этнодизайнның негіздерін құрайтын түсініктің бірі этнодизайнерлік қызмет. Этнодизайнердің қызметі негізінен шығармашылық іс әрекеттер ретінде танылады. Бұл қызмет жаңа жоба жасауға бағытталған еңбектің бір түрі. Жалпы этнодизайнердің шығармашылық қызметі туралы сараптау қорытындысы болашақ маманға мынандай теориялық білімдер мен іс-тәжірибелік іс-әрекеттері қажеттігінен құрамдалатындығын анықтайды. Олар, этнодизайн тарихы білімі; этнодизайнның түрлерімен байланысты білімдер; жобалаудың білімдері; көркемдік конструкциялау білімдері; композиция білімдері; моделдеу білімдері; материалтану білімдері; эргономика мен пластикалық анатомия білімдері; сәндік безендіру білімдері; демонстрация мен экспозиция білімдері болып анықталды.

Студенттердің этнодизайн тарихынан меңгерген білімдері форма жасау шеберінде жаңа моделді жасау барысындағы ізденістері барысында дәстүрлі бұйымдардың көркемдік ерекшеліктерін талдау үшін қажетті негіз бірлік ретінде танылады. Этнодизайнер шығармашылық ізденістері барысында ең алдымен жаңа бейненің формасы нобайларын жасау, эскиздер салу, форма макетін құрастыру іс-әрекеттерімен айналысады. Мұнан соң форманың каркасы дайындалады. Жұмыс соңында форманың сыртқы беті қажетті материалмен жабылады. Безендіру жұмыстары орындалады. Онан кейін көрмеге дайындалады. Осы аталған дағдылар этнодизайнердің іс-тәжірибелік әрекеттерінің қысқаша мазмұнын айқындайды. Сондықтан этнодизайнердің іскерліктері мен дағдылар шеңберін анықтау барысындағы зерттеулер нәтижесі бізге этнодизайнердің шығармашылық іс-тәжірибелік әрекеттерінің қысқаша мазмұнын анықтауға мүмкіндік берді: олар, жаңа бейненің формасы нобайларын жасау, эскиздер салу, форма макетін құрастыру іс-әрекеттері болып бірінші топқа жіктелді; Мұнан соңғы топқа форманың каркасы дайындау, жұмыс соңында форманың сыртқы бетін қажетті материалмен жабу, безендіру, көрмеге дайындау іскерліктері мен дағдылары болып біріктірілді. Осы аталған іскерліктер мен дағдылар этнодизайнердің іс-тәжірибелік әрекеттерінің қысқаша мазмұнын айқындады. Бұл жағдай этнодизайн өнерін мектептегі үйірме сабақтарында оқыту мазмұнын бағыттарға бөліп, бағдарламалар жасауға мүмкіндік туғызды.

Болашақ мұғалімдердің этнодизайн мүмкіндіктері арқылы

өнертанымдық білім беруге даярлау мәселелерін зерттеу нәтижесі бойынша мынандай қорытынды жасауға болады:

1. Болашақ мұғалімдердің этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беруге даярлығын қалыптастырудың құрылымдық моделі (болашақ мұғалімдерді өнертанымдық білім беруге даярлау мақсаты, міндеттері, мазмұны, педагогикалық технологиясы, олардың этнодизайнерлік іс әрекетке даярлығын қалыптастыру компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері) мен өлшемдері, көрсеткіштері студенттердің осы саладан меңгерген кәсіби теориялық білімін, практикалық іскерліктерін, дағдысын, оларды кәсіптік іс-әрекеттерде тиімді пайдаланудағы білігін анықтауға септігін тигізеді.

2. Ұсынылған модельді жүзеге асыратын педагогикалық шарттар (оқытылатын пәндер бойынша меңгерілуге тиісті білім деңгейін анықтау; алдағы кәсіби іс-әрекетке қажетті білімді белгілі деңгейде студенттердің санасына қалыптастыру; маманды даярлауда саралы көзқарасты жүзеге асыру; студенттерде өздігімен білімін жетілдіру дағдысын қалыптастыру, ой еңбегі мәдениетіне тәрбиелеу; таңдаған мамандықты игеруге қатысты шығармашылық әрекетке даярлығының болуы; этнодизайнерлік шығармашылық іс-әрекет пен педагогикалық іс әрекетке даярлығының бүкіл оқу кезеңін қамтуы; студенттердің дербес дамуын қамтамасыздандыратын вариативті бағдарламалардың болуы болашақ мұғалімдерінің этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беруге даярлығын қалыптастыруды қамтамасыздандырады.

3. Оқу-әдістемелік кешен (типтік оқу бағдарламалары, оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар, электронды оқулық, әдістемелік нұсқаулар және т.б.) болашақ мұғалімдердің этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беруге теориялық, практикалық, әдістемелік даярлығын қамтамасыздандырады.

4. Болашақ мұғалімдерді этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беру технологиясын мазмұнды бірізділікте меңгертуді көздейді.

5. Тәжірибелі-эксперимент жұмысының нәтижесі болашақ мұғалімдерді этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беруге даярлығын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін дәлелдеді.



## 2.2. Этнодизайн арқылы болашақ мұғалімдерді өнертанымдық білім беруге даярлау әдістері

Этнодизайн курсының оқыту әдістемесі зерттеуді қажет ететін болашақ мұғалімдер дайындаудағы күрделі мәселелердің бірі. Этнодизайнды оқыту болашақ бейнелеу өнері және сызу мұғалімдерін дайындаудағы мамандықтың таңдау пәндерінің бірі ретінде танылады. Этнодизайнды оқытудың мақсаты мен міндеттерін, даму тарихын анықтаудан басталады. Этнодизайн мазмұнын анықтау, этнодизайнның түрлерін, тұрмыс формасын талдаумен жалғасады. Лекциялық курста формақұраудың ғылыми-өнертанымдық қағидаларына ерекше назар аударылады. Жоғары деңгейдегі этнодизайнерлік жоба жасау үшін этнодизайнның қандай ұстанымдары мен шарттарын сақтау қажеттігі ашып көрсетіледі. Этнодизайнерлік жоба жасаудың қазіргі жаңа технологиялық әдіс тәсілдері мен ұйымдастыру формаларын айқындай отырып, этнодизайнердің шығармашылық қызметінің ерекшеліктеріне көңіл бөлінеді.

Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау әдістемесі этнодизайн пәнінің оқу бағдарламасына сай анықталады. Элективтік пәннің атауы: «Этнодизайнды оқыту». Мамандық: 5B010700 «Бейнелеу өнері және сызу». Оқу түрі: күндізгі; Курсы: 3; Лекция: 15 сағат; Практикалық сабақ: 15 сағат; СӨЖ: 15 сағат; Барлығы: 45 сағат; Емтихан : 6 семестр; Аралық бақылаудың саны: 4.

Пәннің мақсаты: студенттерге этнодизайн негіздерін игеру, сонымен қатар студенттердің кәсіби деңгейін қалыптастырып болашақ педагогты даярлау.

Пәннің оқыту міндеті: «Этнодизайнды оқыту» атты таңдау пәнінде студенттер этнодизайн арқылы композиция, макет жасау, жобалау негіздерін игерту. Сонымен қатар студенттерге қоршаған ортамен өнерді байланыстыра отыра заттың құрылысын салуды, көрінісін жасауды, безендіруді жобалауды үйрету болып табылады.

Қазақ этнодизайн мәдениетінің тәрбиелік мәнін ашу мен болашақ педагогтар даярлау мәселелері бойынша суретші педагогтер Н.Н.Ростовцев, Г.Медведев, Е.Шороховтардың ой пікірлері басшылыққа алынды.

Біз аталған ғалым педагогтардың пікірлеріне сүйене отырып, болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау мазмұнын мазмұнын үш топқа бөліп қарастырамыз: Бірінші топ мазмұны: этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау қажеттігін түсіндіруге бағытталған лекциялар оқу; инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдануға қызығушылығын арттыру; этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлауға бағытталған жаттығулар жасату; Екінші топ

мазмұны: инновациялық технологиялар туралы білімді меңгерту; этнодизайн білімін меңгертуге бағытталған лекциялар оқу; Үшінші бағыт: этнодизайн сабақтарын жоспарлау іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жасату;

Болашақ мұғалімдерді инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдануға дайындау әдістемесін меңгертуге бағытталған лекциялар құрылымын бірнеше топқа бөліп қарастырамыз: Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау мазмұны» «Этнодизайнды оқыту» атты элективтік курсының лекциялық сабақтарының тақырыптары төмендегідей мазмұнды құрады:

Бірінші лекциялық сабақ тақырыбы: Инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдану. Этнодизайн және форма құрастыру. Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы композиция құрастыру жолдары.

Екінші лекциялық сабақ тақырыбы: Этнодизайн сабақтарында оқыту технологиясы. Графикалық жобаны этнодизайн мүмкіндіктері арқылы жасау. Этнодизайнды түсіну негіздері. Үш өлшемді композиция. Статика кеңістік және салмақтылық, пішіннің үйлесімделу құралдары, орындалу (коллаж, аппликация) жолдары.

Үшінші лекциялық сабақ тақырыбы: Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы этнодизайн композициясының заңдылықтарын меңгеру. Динамика, кеңістік және салмақтылық, пішіннің үйлесімделу құралдары, симметрия тапсырмасын орындалу жолдары.

Төртінші лекциялық сабақ тақырыбы: Этнодизайн технологиясын этнодизайн сабақтарында қолдану. Көріністің композициялық тұтастығын практикада құрастыру. Статика тақырыбында ою өрнектер арқылы бейне жасау. Бейненің түстік-дақтық шешімі.

Бесінші лекциялық сабақ тақырыбы: Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы этнодизайн шығармашылық бағыты мен стилін көрсету. Этнодизайндың жанаша бағыты. Динамика тақырыбында бейне жасау. Фактура тақырыбында бейне жасау

Алтыншы лекциялық сабақ тақырыбы: Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы ритм тақырыбында бейне жасау. Масштаб тақырыбында бейне жасау

Жетінші лекциялық сабақ тақырыбы: Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы фирмалық белгілер жасау

Сегізінші лекциялық сабақ тақырыбы: Электрондық оқулықты пайдалану. Инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдануды диагностикалау.

Тоғызыншы лекциялық сабақ тақырыбы: Этнодизайн сабағын жоспарлау

Онныншы лекциялық сабақ тақырыбы: этнодизайн сабақтарын ұйымдастыру. Суретші педагог қызметі.



Он бірінші лекциялық сабақ тақырыбы: Этнодизайн сабақтарында қолданылатын әдістер және оған қойылатын талаптар.

Он екінші лекциялық сабақ тақырыбы: Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру.

Он үшінші лекциялық сабақ тақырыбы: Этнодизайн сабақтарын ұйымдастыруға арналған оқу кабинетін жабдықтау.

Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлауға арналған «Этнодизайнды оқыту» атты элективті курсының практикалық сабақтарының тапсырмалары төмендегі тақырыптарды қамтыды:

Бірінші практикалық сабақ тақырыбы: Этнодизайннің түрлері, материалдары, технологиялары, бұйымдары, шеберлері жазбаша сипаттамалар беру жаттығулары;

Екінші практикалық сабақ тақырыбы: Инновациялық технологиялардың түрлері, қолданылу аясы туралы жазбаша сипаттама беру. Үшінші практикалық сабақ тақырыбы: Этнодизайн сабақтарын жоспарлау жаттығулары.

Төртінші практикалық сабақ тақырыбы: Ою өрнектер элементін салу сабақтарын жоспарлау жаттығулары;

Бесінші практикалық сабақ тақырыбы: Көркем жобалау сабағын жоспарлау жаттығулары;

Алтыншы практикалық сабақ тақырыбы: Этнодизайнерлік композиция құрастыру сабағын жоспарлау жаттығулары.

Жетінші практикалық сабақ тақырыбы: Кілемнің композициясын құрастыру сабағын жоспарлау жаттығулары.

Сегізінші практикалық сабақ тақырыбы: Гобелен композициясын құрастыру сабағын жоспарлау жаттығулары.

Тоғызыншы практикалық сабақ тақырыбы: Макеттеу сабағын жоспарлау жаттығулары.

Оныншы практикалық сабақ тақырыбы: Жылдық этнодизайн сабақтарының жоспарын жасау жаттығулары;

Он бірінші практикалық сабақ тақырыбы: Инновациялық технологияларды қолданатын этнодизайн сабақтарын ұйымдастыруды жоспарлау жаттығулары;

Он екінші практикалық сабақ тақырыбы: лекция: Инновациялық технологияларды қолданатын этнодизайн сабақтарының нәтижелерін талдау жаттығулары;

*«Этнодизайнды оқыту» атты элективті курс бойынша оқытушының басшылығымен студенттердің өзіндік жұмыстарының (ОБСӨЖ) тақырыптары:*

Интерактивтік оқыту әдістері арқылы көлемді пішіндер және кеңістіктің қабылдануы;

Проблемалық оқыту технологиясы арқылы екі өлшемді композиция, үш өлшемді композиция заңдылықтарын оқыту;

Деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы статика, динамика,

кеңістік және салмақтылық, пішіннің үйлесімделу құралдары ұғымдарын меңгерту;

Этнодизайн техникасын қолдану арқылы симметрия, ассиметрия тақырыбында ою өрнек бейнелерін жасау;

Этнодизайн техникасы арқылы бейненің түстік-дақтық шешімін табу тапсырмасын орындау;

Этнодизайн техникасы арқылы динамика тақырыбында бейне жасау;

*«Этнодизайнды оқыту» атты элективті курс бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарының тақырыптары:*

Этнодизайн техникасы арқылы фактура тақырыбында бейне жасау;

Этнодизайн техникасы арқылы текстура тақырыбында бейне жасау;

Этнодизайн техникасы арқылы қатан пластикада бейне жасау;

Этнодизайн техникасы арқылы жұмсақ пластикада бейне жасау;

Этнодизайн техникасы арқылы метр тақырыбында бейне жасау;

Этнодизайн техникасы арқылы ритм тақырыбында бейне жасау;

Этнодизайн техникасы арқылы масштаб тақырыбында бейне жасау;

Этнодизайн техникасы арқылы пропорция тақырыбында бейне жасау;

Этнодизайн техникасы арқылы декор тақырыбында бейне жасау;

Этнодизайн техникасы арқылы акцент тақырыбында бейне жасау;

Көлемді пішіндер және кеңістіктің этнодизайн мүмкіндіктері арқылы қабылдануы;

Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы екі өлшемді композиция жасау;

Үш өлшемді композицияны этнодизайн мүмкіндіктері арқылы орындау;

Статика кеңістік және салмақтылық, пішіннің үйлесімделу эскиздерін, этнодизайн мүмкіндіктері арқылы орындау (кілем эскизін жасау)

Динамика, кеңістік және салмақтылық, пішіннің үйлесімделу эскиздерін, этнодизайн мүмкіндіктері арқылы орындау (түскізі эскизі)

Симметрия эскиздерін этнодизайн мүмкіндіктері арқылы орындалу (алаша эскизі)

Ассиметрия эскиздерін этнодизайн мүмкіндіктері арқылы (бау басқұр эскизі)

Статика тақырыбында этнодизайн мүмкіндіктері арқылы бейне жасау (қошқар мүйіз эскизі)



Бейненің түстік-дақтық шешімі эскиздерін этнодизайн мүмкіндіктері арқылы жасау (аяққап эскизі)

Динамика тақырыбында этнодизайн мүмкіндіктері арқылы бейне жасау(табақ эскизі)

Фактура тақырыбында этнодизайн мүмкіндіктері арқылы бейне жасау( торсық эскизі)

Текстура тақырыбында этнодизайн мүмкіндіктері арқылы бейне жасау( кесте эскизі)

Қатаң пластикада этнодизайн мүмкіндіктері арқылы бейне жасау( ораэсмап кизи)

Жұмсақ пластикада этнодизайн мүмкіндіктері арқылы бейне жасау( дастархан эскизі)

Метр тақырыбында этнодизайн мүмкіндіктері арқылы бейне жасау( матаның эскизі)

Ритм тақырыбында этнодизайн мүмкіндіктері арқылы бейне жасау( өсімдік текте өрнектер эскизі)

Масштаб тақырыбында этнодизайн мүмкіндіктері арқылы бейне жасау(геометриялық өрнектер эскизі)

Пропорция тақырыбында этнодизайн мүмкіндіктері арқылы бейне жасау( аспан әлемі тақырыбына эскиз)

Декор тақырыбында этнодизайн мүмкіндіктері арқылы бейне жасау( құмыра эскизі)

Акцент тақырыбында этнодизайн мүмкіндіктері арқылы бейне жасау (өрнек эскизі)

*«Этнодизайнды оқыту» атты элективті курс бойынша әдебиеттер тізімі:* Пугачев Л.С., Технические рисования. Ленинград-1964г; Ермилова В.В., Ермилова Д.Ю. Моделирование художественное оформление одежды, -Москва., Высшая школа, 2000г; Ералин Қ., Айменов. Ж. «Қазақтың сәндік қолданбалы өнері» Түркістан. Қ.А.Ясауи ХҚТУ; 2005ж; Медведцов Л.Г., Формирование графического художественного образа, Москва: Просвещение, 1985г; Верделли А., Искусство рисунка, Москва: ЭКСМО-ПРЕСС, 2001г; Қосымша әдебиеттер: Төлебиев Ә., Сурет сала білесіңбе?, Алматы, Өнер-1990ж; Марғұлан А., Казахское народное прикладное искусство, Альбом, Алматы, Өнер-1994г; Төленбаев С. Өмірбекова М. Қазақтың ою-өрнектері, Алматы «Қанағат» 1993ж;

*«Этнодизайнды оқыту» атты элективті курс бойынша лекциялар құрылымында:* сабақтың тақырыбы, мақсаты, көрнекілігі, студент нені білу керектігі, студент нені орындай білу керектігі, ақпараттық-дидактикалық блок, бақылау сұрақтары, әдебиеттер, ОБСӨЖ, СӨЖ тақырыптары көрсетіледі.

### 2.3. Өнертанымдық білім беруге этнодизайн арқылы болашақ мұғалімдерді даярлаудың нәтижелері

Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау нәтижелерін талдау бойынша тәжірибелік жұмысы А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университетінің өнер факультетінің бейнелеу өнері кафедрасындағы 5В010700 «Бейнелеу өнері және сызу мамандығы студенттерімен 2013-2014, 2014-2015 оқу жылдарында өткізілді.

Анықтау тәжірибелік жұмыстар барысында анкеттік сауалнама арқылы болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау деңгейі үш компонент бойынша (мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік,) анықталды. Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау ды үш бағытқа бөліп қарастырамыз:

Бірінші бағыт: болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау қажеттігін студенттерге түсіндіру; болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге студенттердің қызығушылығын арттыру; болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге деген студенттердің ұмтылысын қалыптастыру болды.

Екінші бағыт: этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге туралы білімді меңгерту; этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге талдау білімдерін меңгерту; этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге жоспарлау білімдерін меңгерту; этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге ұйымдастыру білімдерді меңгерту; этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге талдау білімдерін меңгертумен сипатталды;

Үшінші бағыт: этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді жоспарлау іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру; этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді ұйымдастырудың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру; этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді нәтижелерін талдау іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру; этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді кезеңге бөліп қолдану іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру; этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдануға тандап алу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырумен сипатталды.

Осы аталған бағыттардағы сұрақтарға қайтарылған жауаптар нәтижелері студенттердің этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді даярлығының алғашқы кездегі деңгейі төмен екендігін байқатты. Оқытушылар арасында жүргізілген анкеталық сауалнамалардың нәтижелері де студенттердің этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді, оның ішінде этнодизайнға, интерактивтік әдістерді қолдануға, әсіресе мультимедиялық құралдар мен



электронды оқу құралдарына даярлығына сабақ процесінде арнайы назар аударылмайтынын, шығармашылық жұмыс формаларын жеткіліксіз пайдаланатынын, нәтижесінде бұның бәрі шығармашылыққа деген немқұрайды көзқарасты туындататынын, теорияны практикадан алшақтатынын айғақтады. Қарастырылып отырған инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолданудың даярлық деңгейінің төмен болуының себебі: Қолданыстағы стандарттар мазмұнында кездесетін олқылықтарға байланысты болса керек. Мәселен, теориялық, практикалық пәндер кешенінің мазмұндық саласы жеткіліксіз ашып көрсетілген, жалпы кәсіби және арнайы пәндер арасында өзара байланыс жете ескерілмеген, мамандар даярлау саласында этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беру мазмұнының кәсіби маңызды ұғымдарын нақтыланбаған, аталған мамандықтардың ерекшелігіне сай инновациялық технологияларды қолдану мен этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді теориялық және практикалық тұрғыда оқу-әдістемелік кешені жеткіліксіз даярланғандығы анықталды.

Осының бәрін ескере отырып біз, зерттеудің бірінші кезеңінде (1 курс). «Өнер тарихы», «Композиция», пәндерін оқыту процесіне қосымша этнодизайн туралы, инновациялық технологиялар туралы ақпараттық мәліметтерді енгізуді жүзеге асырдық. Бұл оқу үдерісінде сәндік қолданбалы өнер мен композиция сабақтарының байланыстарын арттыруға көмектеседі. Сабақ барысында студенттер этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді көркемдік-танымдық әрекетінің жобасын меңгерді (ақпарат материалдарды, ұлттық озық этнодизайн тәжірибелерді, көркем әдістемелік құралдарды), этнодизайн бұйымдарын компютерлік графика, интерактивті әдістер, электронды құралдар, виртуалдық әдістер арқылы сәндік көркемдеуге, оны жасау технологиясын ұйымдастыруға, жұмыс нәтижелерін бағалауға және осы технологиялардың тиімділігін көре білуге үйренді. Этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруде пайдаланылатын инновациялық техникалық құрал-жабдықтардың қыр-сырын меңгерді. Студенттердің кәсіптік этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беру даярлығын қалыптастыруда өзіндік дербес оқу-ізденіс, ғылыми-ізденіс жұмыстарына аса мән берілді. Бұл студенттің этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді деген қызығушылығын арттырды. Әрбір семестрдің соңында жүргізілген байқау нәтижелері студенттердің этнодизайн арқылы өнертанымдық білім берудің педагогикалық білімдерінің, іскерлік пен дағдыларының айтарлықтай дамығанын, кәсіби мамандық пәндеріне ынта-ықыласының артқанын, әйтседе де кейбір бағыттар бойынша білім қорын толықтыра тусу қажеттігін байқатты. Мысалы, этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беру процесінде студенттерінің 24,3% өнертанымдық теориялық білімдерінің төмен екенін көрсетсе, 21,0% сабақты ұйымдастыруға қажетті педагогикалық іскерлік, дағдысының

әлі шындала қоймағанын анықталды. Бұл олқылықтар этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беру сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану бойынша интерактивті тапсырмалар жүйесі негізінде өзінің жалғасын тапты.

Пәндерді меңгеру нәтижесінде студенттер көркемдеп өңдеу элементтерін, ұлттық ою-өрнектің күрделі бөліктерін, дайын бұйымдардың, соның ішінде, кілем, бау басқұр, алаша, сырмақ, тұскиіз, гобеден, сандық, жүк аяқ, кебеже, асадал, ер-тоқым әбзелдерін, кереует сияқты әрі күрделі, әрі көлемді жиһаздардың құрылымын танып білу үшін инновациялық технологиялар қолданылды. Аталған бұйымдардың құрылымына байланысты ұғымдарды меңгерді. Инновациялық технологияларды қолдану күрделі де сәнді бұйымдардың элементтерін, бөліктерін жасауға, қажетті материалдардың сапасын, оларды жасау жолдарымен тәсілдерімен, орындалу технологиясында қолданылатын құралдар мен саймандардың өзіндік ерекшеліктерімен, атқаратын міндеттерімен танысты. Оларды қолданудағы қауіпсіздік ережелерін үйренді. Этнодизайндық бұйымдардың қолданылу аясына, тұтыну мақсатына, көркемдік өңдеуіне қатысты ұғымдарын зерделеді.

Студенттермен жұмыс барысында қазақтың сәндік қолданбалы өнер туындыларының ішінде ою өрнек түрлерін этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге қолдану әдістерін меңгертуге ерекше мән берілді. Олар қолға, құлаққа, мойынға, шашқа тағатын салпыншақ бұйымдарды ою өрнектермен орындаудың дәстүрлі және қазіргі кезеңдегі этнодизайндық орындау технологияларымен танысты. Кілем, бау басқұр, алаша, сырмақ, тұскиіз, гобелен, сандық сияқты сәндік бұйымдардың құндылығын, адам ағзасына, денсаулығына пайдасын, көңіл күйіне әсерін инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану арқылы танып білді.

Студенттер осы меңгерген білімдерін өзіндік дербес жұмыстарда ұтымды пайдаланды: F3Ж барысында (шығармашылық сабағына, семинарға, конференцияға, олимпиада мен жарыстарға даярлық кезінде) баяндамалар, нақты тақырыптар бойынша ақпараттар даярлады, этнодизайн түрлеріне талдау жасап сипаттама берді, инновациялық технология түрлеріне тезис құрды, этнодизайн, интерактивтік әдістер, виртуалдық құралдар, мультимедиялық техникалар бойынша қысқаша аннотация жазды. Оқу жылының соңында әртүрлі инновациялық технологияларды қолдану арқылы ұсынған әдістемелік кемегімен (әңгімелесу, анкеттік сауалнама, проблемалық ситуация, шығармашылық тапсырмалар жүйесін орындауға) интерактивті тапсырмалар кешенін меңгеру сапасын анықтауға байланысты байқаулар жүргізілді. Байқаулар этнодизайн сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану әрекетінің теориялық білімдерін оқып, білуге және пайдалануға деген жоғары қызығушылықты танытты, студенттер өздігімен дербес оқу



тапсырмаларының шешімін іздестіруде өздерінің шығармашылық белсенділігін көрсетті.

Тәжірибенің үшінші кезеңі сонымен бірге Қазақстан Республикасының Жалпыға міндетті білім беру стандарттарына енген мамандықтар бойынша жасалған оқу-әдістемелік кешендермен (типтік оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары және т.б.) ерекшеленді. Аталған нормативтік құжаттар білім беру мазмұнының көкейкестілігіне бағдарланды, осыған орай бірқатар жаңа технологиялар ендірілді. Болашақ мұғалімдерді этнодизайн сабақтарында инновациялық технологияларды қолдануға этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді дайындау нәтижелерін бақылау тексеру сұрақтары үш топқа бөліп қарастырылды: бірінші топ: студенттердің инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдану этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді қажеттігін түсінуі, қызығушылығының болуы және инновациялық технологияларды қолдануға деген ұмтылысының болуы алынды. Екінші топ: инновациялық педагогикалық технологиялар этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді туралы білімдерінің; жоспарлау білімдерінің, ұйымдастыру білімдерінің, инновациялық технологияларды қолдану нәтижелерін талдау білімдерінің болуы танылды. Үшінші топ: инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдануды этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді жоспарлаудың және ұйымдастырудың нәтижелерін талдау іскерліктері мен дағдыларының болуы қарастырылды.

Тәжірибелік жұмыстардың барлық кезеңдерінде әртүрлі аудиториядан тыс жұмыс формалары ұйымдастырылды: жарыстар, кездесулер, көрмелер, СӨЖ, пікірталас, диспут және т.б. Мұнда студенттер өздерінің этнодизайн мен инновациялық технология білімдерінің деңгейін, инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолданудың этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді педагогикалық білімдерін, іс- әрекеттерін көрсетті.

Аудиториядан тыс өткізілген жұмыстар студенттерді кәсіби іс-әрекетінің әр қырынан ашылуына септігін тигізді және өздігінен дербес педагогикалық шығармашылыққа баруға бағдарлады. Мысалы, ою өрнектерді этнодизайн арқылы салу бойынша ұйымдастырылған жарыстар, студенттердің инновациялық технологияны сабақта қолдану бойынша әдістемелік құралдар бойынша көрмелер, өткізілді.

Ою өрнектерді этнодизайн көмегімен ұйымдастырылған олимпиадалар студенттерге өздерінің теориялық білімі мен практикалық дағдыларын көрсетуге мүмкіндік берсе, өздігінен дербес орындалған тапсырмалар бойынша ұйымдастырылған жұмыс формалары (ою өрнектермен белгілі тақырыптарға шығарма жазу, мысалы: «Кілем композициясын жасау», «Контрас пен нюанс», «Табиғаттағы және өнердегі симметрия» және т.б.) пікірталас, диспут, дөңгелек стол өткізу («Көркемдік өнер журналы», «Сыр және

сымбат», «Этнодизайн және ұлттық өнер» және т.б.) арқылы студенттерді этнодизайнді болашағы туралы өздерінің ойларымен бөлісуге, маңызды ұсыныстар жасауға дағдыландырды.

Тәжірибелік жұмыстың соңғы - бақылау кезеңінде қайтара жүргізілген анкеттік сауалнама негізінде болашақ мұғалімдердің этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді даярлығының қалыптастыру деңгейі анықталды. Болашақ мұғалімдерді инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдануға дайындықты үш бөлікке бөліп қарастырдық:

Бірінші бағыт: студенттің этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді қажеттігін түсінігінің қызығушылығының, ұмтылысының болуы алынды.

Екінші бағыт: студенттің этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді туралы білімді меңгеруі; диагностикалық талдау білімін, жоспарлау білімін, ұйымдастыру білімін, қолдану нәтижесін талдау білімін меңгеруі алынды;

Үшінші бағыт: студенттің этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді жоспарлаудың, ұйымдастырудың, талдаудың, технологияларды кезенге бөліп, оқу мазмұнына бөліп қолдану, инновациялық технологияларды таңдап алу іскерліктері мен дағдыларының болуы алынды.

Қалыптастыру тәжірибесінің төртінші кезеңінде «Этнодизайнды оқыту» өнері арқылы өнертанымдық білім беру» атты элективтік курс арқылы студенттер этнодизайн әдісімен ою өрнек композициясын жасау технологиясын меңгерді, яғни заттар мен бұйымдардың түрлерінен, қолданылу аясынан білімдерін шыңдады. Студенттердің этнодизайн сабақтарын өнертанымдық білім беруді әдістемесінің практикалық іскерлігі мен дағдысын жетілдіру мақсатында біз пәнді жеделдете оқыту принципінің жаңа интерактивті әдістемесін негізге алдық.

Элективті курстың мақсаты - кәсіби іс-әрекет процесінде тұлғаның ішкі қажеттіліктерін жүзеге асыруға ықпал ететін креативті ойлау қабілетін дамыту болды. Курстың міндеттері: теория мен практиканы пайдаланудағы іскерлік, дағдысын дамыту, кәсіби тұрғыда өзін-өзі жетілдіруге қажетті шығармашылық белсенділікті, шығармашылық әрекетке ынта-ықыласын дамыту. Курсты меңгерту процесінде студенттердің өздігінен орындайтын дербес жұмысына ерекше назар аударылды: тұрмыстық жиһаздар (сандық, кебеже, асадал, ырыс-аяқтар және т.б.) шаруашылық заттар (киіз үй әбзелдері, ер тоқым әбзелдері, бесік және т.б.) эскиздерін этнодизайн әдістерімен жасады және т.б. Сонымен, студенттердің инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдану бойынша меңгерген теориялық білімдерін практикада шыңдаумен сипатталады. «Этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беру курсының лекциялық сабақтарының тақырыптары анықталды:



Бірінші лекциялық сабақ тақырыбы: Этнодизайн және форма құрастыру. Форманы ою өрнектерге айналдыру. Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы ою өрнектер композициясын құрастыру жолдары.

Екінші лекциялық сабақ тақырыбы: Графикалық жобаны этнодизайн мүмкіндіктері арқылы жасау. Этнодизайнды түсіну негіздері. Үш өлшемді композиция. Статика кеңістік және салмақтылық, пішіннің үйлесімделу құралдары, орындалу (коллаж, аппликация) жолдары.

Үшінші лекциялық сабақ тақырыбы: Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы этнодизайн композициясының заңдылықтарын меңгеру. Динамика, кеңістік және салмақтылық, пішіннің үйлесімделу құралдары, симметрия тапсырмасын орындалу жолдары

Төртінші лекциялық сабақ тақырыбы: Көріністің композициялық тұтастығын практикада құрастыру Статика тақырыбында ою өрнектер арқылы бейне жасау. Бейненің түстік-дақтық шешімі

Бесінші лекциялық сабақ тақырыбы: Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы этнодизайн шығармашылық бағыты мен стилін көрсету. Этнодизайнді жаңаша бағыты. Динамика тақырыбында бейне жасау. Фактура тақырыбында бейне жасау

Алтыншы лекциялық сабақ тақырыбы: Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы ритм тақырыбында бейне жасау Масштаб тақырыбында бейне жасау

Жетінші лекциялық сабақ тақырыбы: Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы фирмалық белгілер жасау

Сегізінші лекциялық сабақ тақырыбы: Инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдануды диагностикалау.

Тоғызыншы лекциялық сабақ тақырыбы: Инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдануды жоспарлау

Оныншы лекциялық сабақ тақырыбы: Инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдануды ұйымдастыру

Он бірінші лекциялық сабақ тақырыбы: Инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдану нәтижелері.

Он екінші лекциялық сабақ тақырыбы: Инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдану нәтижелерін талдау.

Этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беру «Этнодизайнды оқыту» курсының практикалық сабақтарының тапсырмалары:

Бірінші практикалық сабақ тақырыбы: Этнодизайнді түрлері, материалдары, технологиялары, бұйымдары, шеберлері;

Екінші практикалық сабақ тақырыбы: Инновациялық технологиялардың түрлері, қолданылу аясы.

Үшінші практикалық сабақ тақырыбы: Этнодизайн технологиясын этнодизайн сабақтарында қолдану.

Төртінші практикалық сабақ тақырыбы: Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы ою өрнектер элементін салу технологиясы;

Бесінші практикалық сабақ тақырыбы: Ою өрнектер элементін түзудің және шеңбердің бойына компьютерлік графика мүмкіндіктері арқылы салу технологиясы;

Алтыншы практикалық сабақ тақырыбы: Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы ою өрнектер элементі бойынша композиция құрастыру технологиясы.

Жетінші практикалық сабақ тақырыбы: Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы кілемнің композициясын құрастыру технологиясы.

Сегізінші практикалық сабақ тақырыбы: Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы gobelen композициясын құрастыру технологиясы.

Тоғызыншы практикалық сабақ тақырыбы: Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы тақырыптық композиция құрастыру технологиясы.

Оныншы практикалық сабақ тақырыбы: Инновациялық технологияларды қолданатын этнодизайн сабақтарын жоспарлау;

Он бірінші практикалық сабақ тақырыбы: Инновациялық технологияларды қолданатын этнодизайн сабақтарын ұйымдастыру;

Он екінші практикалық сабақ тақырыбы: лекция: Инновациялық технологияларды қолданатын этнодизайн сабақтарын талдау;

Курстың соңында студенттер этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беру технологиясының білім, іскерлік, дағдысын шығармашылық ою өрнектер салу арқылы, этнодизайн сабағының нұсқауын жасау арқылы көрсете білді. Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы ою өрнектермен тақырыптық сурет салу сабағының нәтижесі студенттердің теория мен практикасын мазмұнды меңгергенін, педагогикалық тәжірибелік дағдысының, креативтік ойлау қабілетінің жетілгенін көрсетті.

Қалыптастыру тәжірибесі кезеңінде болашақ мұғалімдердің тәжірибелік даярлығы педагогикалық іс тәжірибе барысында жүзеге асырылды.

Ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша анықталған заңдылықтардың, қағидалар мен ұсыныстардың дұрыстығы тәжірибе арқылы тексеріледі және нақтыланды. Осыған сәйкес тәжірибелік жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау мына бағыттар бойынша жүргізілді: кәсіби тәжірибе жұмысының жалпы мақсаты мен міндеттерін анықтау; тәжірибе арқылы зерттеуді ұйымдастыру принциптері мен шарттарын нақтылау; анықтау, қалыптастыру және тәжірибе бақылау кезеңдеріне сәйкес міндеттерді дәл тұжырымдау; тәжірибенің ғылыми-педагогикалық әдістері мен ұйымдастырудағы



әдістемелік ерекшеліктерін нақтылау.

Тәжірибе мақсаты: этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беру бойынша ұсынылып отырған әдістері мен технологиясының тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру.

Мақсаты бұлайша қою арқылы, тәжірибе барысында шешімі іздестіретін мынандай міндеттердің сипатын анықтауға мүмкіндік аламыз:

- этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім берудің деңгейлерінің өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындау;

- зерттеу барысында этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беруді оқу бағдарламаларын кәсіби оқытуда қолдану;

инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдану мазмұны мен әдістерін практикаға ендіру, тәжірибе жүзінде тексеру;

- инновациялық технологияларды этнодизайн сабақтарында қолдану бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасау.

Ғылыми - педагогикалық құбылыстарды зерттеу барысы белгілі бір принциптер негізінде жүргізіледі, ол зерттеудің жүйелі түрде ұйымдастырылуын және жүргізілуін қамтамасыз етеді. Осы талаптарға сәйкес тәжірибелік зерттеу жұмысымызда біз мына принциптерді басшылыққа алдық: Педагогикалық құбылыстарды бір тұтас зерттеу принципін (жүйелі көзқарастырды пайдалану; педагогикалық процесте зерттеу құбылысының орынын нақты айқындау; зерттеу құбылысының динамикасын ашып көрсету);

Әділеттік принципі (әрбір дәлелдемені бірнеше жолмен, әдістермен тексеру; зерттелініп отырған объектідегі өзгерістердің бәрін белгілеп отыру; жүргізілген зерттеу нәтижелерін басқа зерттеу мәліметтерімен салыстыру); Тиімділік принципі (зерттеудің көздеген мақсатқа жетуі)

Бірінші принципті этнодизайн сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану басшылыққа алдық.

Екінші принципті этнодизайн арқылы өнертанымдық білім берудің деңгейі көрсеткіштерінің бағдарын жасауда, анықтау және қалыптастыру тәжірибесінің нәтижелерін талдауда негізге алдық.

Үшінші принципті болжауды анықтауда және талдауда, сонымен қатар тәжірибе жұмысын өткізудегі жағдайларды жоспарлауда, алынған мәліметтерді бақылауда, талдауда және бағалуда тірек еттік.

Қазақ этнодизайні арқылы болашақ мұғалімдерді даярлау мәселелерін шешуде жоғары оқу орны педагогикасының негізін қалаған педагог ғалымдар еңбектері негіз болды. Этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді әдістемесін құруда біз, жалпы дидактикалық принциптерге (саналылық, белсенділік, көрнекілік, жүйелілік, біріздік, ғылымилық, беріктілік, түсініктілік, теорияның

практикамен байланысы), сонымен қатар тұлғалық-бағдарлық, әрекеттік, модульдік сияқты дидактикалық принциптерге сүйендік.

Алынған нәтижелердің жоғары дәлдігі мен шынайылығын қамтамасыз ету мақсатында, өткізілетін жоғары оқу орны оқытушыларына арнап нұсқау әзірленді, онда тәжірибе кезінде анықталынатын, бағаланатын іс-әрекеттердің тізімі, тәжірибе нәтижелерін өңдеу туралы кеңестер берілді. Сонымен қатар оқытушы профессорлар құрамы тәжірибеге қажетті оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілді.

Тәжірибе жұмысы педагогикалық процестің күнделікті, кәдімгі жағдайында, болашақ мұғалімдерді дайындаудың оқу мен аудиториядан тыс жұмыстар барысында жүргізілді және ол үш кезеңде жүзеге асырылды.

Тәжірибе бірінші анықтау кезеңінде этнодизайн арқылы өнертанымдық білім берудің бастапқы деңгейін анықтау мақсатында мына проблемалардың шешімі іздестірілді:

- педагогикалық тәжірибенің мазмұнын анықтау;
- тәжірибенің объектісін, тақырыбын таңдау және оны іске асырудың теориялық жолдарын нақтылау;
- педагогикалық тәжірибенің болжамын тұжырымдау;
- тәжірибе барысында орындалатын жұмыс түрлерін анықтау;
- тәжірибеге қатысатын студенттер санын анықтау;
- өнертанымдық білім беруге даярлық деңгейлерін анықтауға қажетті әдістемелерді таңдау және оның тиімділігін тексеру жолдары;
- этнодизайн арқылы өнертанымдық білім берудің дидактикалық кешен дайындау және оны қолдану;
- педагогикалық тәжірибені жүргізетін оқытушылар құрамын анықтау және оларды оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз ету;
- тәжірибе нәтижесінде, этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді деңгейлерінде орын алған өзгерістерді тіркеу және оны өңдеу жолдарын анықтау, оны студенттерге меңгерту;

Қалыптастыру тәжірибесі кезеңінде жоспарланған іс шаралар орындалып, этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беру бағытталған курсты оқып үйренуге оң ықпал ететін дидактикалық кешен ендірілді. Оларды қолдану біз ұсынған әдістер мен технологиялар бойынша жүргізіліп, студенттердің педагогикалық білімдері, ебдейліктері мен дағдыларын қалыптасу дәрежесі зерттелді. Осы жұмыстар нәтижесінде: педагогикалық тәжірибе мазмұнын нақтылауға; этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді қажетті меңгеретін білімдері мен игеретін іс-әрекеттер көрсеткіштерін толықтыруға; этнодизайн сабақтарында инновациялық технологияларды қолдануға қажетті іс-әрекеттерін бағалау деңгейін



нақтылауға; педагогикалық тәжірибе кезінде туындаған қиыншылықтар мен кемшіліктерді анықтау және оларды болдырмаудың жолдарын қарастыруға мүмкіндік алдық.

Педагогикалық тәжірибенің үшінші бақылау кезеңінде мына жұмыстар орындалды: педагогикалық тәжірибе нәтижелерін талдау; тәжірибе нәтижелерін өңдеуде, математикалық статистика элементерін қолдану; тәжірибе нәтижелерін біздің болжаммен салыстыру, тиісті қорытынды жасау; тәжірибе нәтижелері негізінде этнодизайн сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану деңгейлеріндегі соңғы өзгерістердің динамикасы мен жетістіктерін жүйеге келтіру, өңдеу және ұсыныс жасау.

Педагогикалық ізденістердің нәтижесінде этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге қажетті іс-әрекеттерін дамытудың өзіндік тұжырымдамасын дайындадық. Бұл тұжырымдама принциптеріне сәйкес, этнодизайн сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану нобайы мен критериялық көрсеткіштері анықталып және оған әсер ететін дидактикалық құралдар жүйесі (ДҚЖ) таңдап алынды (§2.2, 2.3).

Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді қолдану мазмұны, онда қаралатын теориялық және практикалық мағлұматтар мен оны оқыту технологиясы екінші тарауда нақты тақырыптарға сәйкес баяндалды. Осындай теориялық және дидактикалық материалдар негізінде этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруді әдістемесінің білімдері мен іскерліктерін тәжірибелік-эксперименттік тұрғыдан қалыптастыруға мүмкіндік туғызылды.

Біздің зерттеуіміз үшін ұсынған әдісіміздің тиімді екендігіне көз жеткіздік. Ол ұғымдарды мынадай үш сипаты негізінде қалыптастыруды дұрыс бағыт деп санайды: инновациялық технология ұғымның мазмұны, ұғымның көлемі және оның басқа ұғымдармен байланысы.

Тәжірибелік жұмыстың соңғы бақылау кезеңінде педагогикалық зерттеудің және қайтара жүргізілген анкеталық сауалнама негізінде этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беру деңгейі анықталды. Осыған сәйкес мотивациялық компоненттің даму деңгейі тәжірибенің басы мен соңындағы даму деңгейінде мынадай өзгерістердің орын алғандығын байқауға болады: тәжірибе басында «төмен, орта және жоғары» деңгейлерге сәйкес келетін студенттердің саны шамалас болса, тәжірибе соңында жоғары деңгей көрсеткіштерінде үлкен жоғарылаушылық айырмашылықтар байқалады. Болашақ мұғалімнің өнертанымдық білім беру деңгейлерінің көрсеткіштері мен қалыптастыру деңгейлерінің қорытынды нәтижелері алынды.

Қорытынды нәтижеден мынаны көруге болады: егер тәжірибе басында ешбір студент жоғары деңгейді көрсетпесе, тәжірибе соңында ол 35,85%-ға жоғарылады; жеткіліксіз деңгейді алғашында

18,15%-ға көрсетсе, соңында 33,67%-ға жетті; орта деңгей басында 43,5%-ды көрсетсе, соңында 29,68% болды, төмен деңгейді басында 38,35%-ға көрсетсе, соңында 0,8%-ға төмендеді. Бақылау тобында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. Сонымен, тәжірибелік жұмысы болашақ мұғалімдердің этнодизайн арқылы өнертанымдық білім берудің құрылымдық моделінің, оның өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерінің дұрыстығын, біздің ұсынған әдістемеміздің тиімділігін дәлелдеді.

Біздің ойымызша, мұндай көрсеткіштерге қол жеткізу оқу процесінде біз ұсынған оқыту технологиясы мен оқу әдістемелік құралдар жүйесінің әсері деп санаймыз. Зерттеу бойынша мынадай ұсыныстар жасауға болады: Тұжырымдаманы және соның негізінде жасалған оқу құралдары мен әдістемелік нұсқауларды жоғары білім беру ісін шешуде негізге алған жөн.

Этнодизайн сабақтарында этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беру мазмұнын кәсіптік өнер пәндерінің оқу-бағдарламаларының мазмұнына енгізу қажет.

Этнодизайн сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану арқылы өнертанымдық білім беруден элективті курс бағдарламасын жоғары мектептің оқу процесінде студенттердің педагогикалық қызметке даярлығын қалыптастыру мақсатында пайдаланған жөн.

Проблеманы шешу бойынша дайындалған бағдарлама мен оқу-әдістемелік кешенді мұғалімдер біліктілігін жетілдіретін институттарда мұғалімдердің көркемдік өнер сабақтарын ұйымдастыруға даярлығын жетілдіру мақсатында пайдалану қажет.



## ҚОРЫТЫНДЫ

1. Ғалымдардың этнодизайн проблемасына байланысты ұсынған көзқарасына жасаған талдау былайша ой тұжырымдарға мүмкіндік береді: этнодизайн екі салада көрініс табады (этнодизайнды тануда, жана жоба жасауда); философиялық, жалпы-ғылыми және нақты ғылыми деңгейге сәйкес қалыптасқан этнодизайн білімі болмай, біртұтас оқыту білімі болмайды; этнодизайнерлік жоба жасау технологиясы оны даярлаудағы ерекшеліктерді ескеруі қажет, өйткені бұл болашақ мұғалімді этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беруге даярлауда проблемалық тапсырманың ерекше түрін болжайды, ал бұл болса осы даярлық технологиясының материалдық негізін құрайды.

2. Болашақ мұғалімдердің этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау тұжырымдамасы жана заман қоғамының білікті мамандарды даярлауға байланысты қойып отырған талаптарына және педагогика ғылымының болашақ мамандарды кәсіптік даярлаудың жетекші қағидаларына негізделеді.

3. Этнодизайн мүмкіндіктері арқылы болашақ мұғалімдерді өнертанымдық білім беруге даярлаудың мәні мен мазмұнына кәсіптік даярлық жүйесінде талдау жасау олардың мақсатын, міндеттерін, заңдылықтары мен принциптерін, атқаратын функцияларын, әдіс-тәсілдері мен өзіндік ерекшеліктерін дәлелдеп көрсетуге мүмкіндік береді.

4. Болашақ мұғалімдердің этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беруге даярлығын қалыптастырудың құрылымдық моделі (болашақ мұғалімдерді өнертанымдық білім беруге даярлау мақсаты, міндеттері, мазмұны, педагогикалық технологиясы, олардың этнодизайнерлік іс әрекетке даярлығын қалыптастыру компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері) мен өлшемдері, көрсеткіштері студенттердің осы саладан меңгерген кәсіби теориялық білімін, практикалық іскерліктерін, дағдысын, оларды кәсіптік іс-әрекеттерде тиімді пайдаланудағы білігін анықтауға септігін тигізеді.

5. Ұсынылған модельді жүзеге асыратын педагогикалық шарттар (оқытылатын пәндер бойынша меңгерілуге тиісті білім деңгейін анықтау; алдағы кәсіби іс-әрекетке қажетті білімді белгілі деңгейде студенттердің санасына қалыптастыру; маманды даярлауда саралы көзқарасты жүзеге асыру; студенттерде өздігімен білімін жетілдіру дағдысын қалыптастыру, ой еңбегі мәдениетіне тәрбиелеу; таңдаған мамандықты игеруге қатысты шығармашылық әрекетке даярлығының болуы; этнодизайнерлік шығармашылық іс-әрекет пен педагогикалық іс әрекетке даярлығының бүкіл оқу кезеңін қамтуы; студенттердің дербес дамуын қамтамасыздандыратын вариативті бағдарламалардың болуы болашақ мұғалімдерінің этнодизайн мүмкіндіктері арқылы

өнертанымдық білім беруге даярлығын қалыптастыруды қамтамасыздандырады.

6. Оқу-әдістемелік кешен (типтік оқу бағдарламалары, оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар, электронды оқулық, әдістемелік нұсқаулар және т.б.) болашақ мұғалімдердің этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беруге теориялық, практикалық, әдістемелік даярлығын қамтамасыздандырады.

7. Болашақ мұғалімдерді этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беру технологиясын мазмұнды бірідзділікте меңгертуді көздейді.

8. Тәжірибелі-эксперимент жұмысының нәтижесі болашақ мұғалімдерді этнодизайн мүмкіндіктері арқылы өнертанымдық білім беруге даярлығын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін дәлелдеді. - педагогика кафедрасының, арнайы пәндер кафедрасы ұздарының сабақтық, тематикалық, курыстық, жүйелік жоспарлауындағы іс-әрекеттерін үйлестіру, бірыңғай талаптарды, терминалогияларды өндіру, білімді-ізденістік іс-әрекетті ұйымдастырудағы керекті шаралар мен үлгісін табу (пәнаралық байланысты ұйымдастырушы функция).



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы желтоқсандағы Қазақстан халқына жолдауы
- 2.Тәңірбергенов М. Графика, Шымкент,2004.
3. Бейсенбаев С. Арнайы пәндерді оқыту. Шымкент ,2010.
4. Жолдасбекова С. Қазақ сәндік қолданбалы өнері арқылы оқушылардың эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру. Алматы,1993.
5. Қамақов А. Казахское декоративно-прикладное искусство как средство эстетического воспитания. М., 1983.
- 6.Болатбаев Қ. Бейнелеу өнері сабағында халықтық педагогика элементтерін қолдану. Алматы, 1995.
7. Әлмұхамбетов Б. Сурет сала біл. Алматы, 1987.
8. Оспанов Б. Развитие творческих способностей у студентов на занятиях композиции. Алматы, 2004.
9. Кемешов Д. Керамика. Шымкент. 1996.
- 10.Ералин К.Е.Бейнелеу өнерінің мамандық пәндерін оқыту әдістері. Оқу құралы – Түркістан: А.Ясауи атын.ХҚТУ, 2012. – 90 б.
- 11.Ералин К.Е.Дизайн негіздері. Оқу құралы –Түркістан: А.Ясауи атын.ХҚТУ,2013.–197 б.
- 12..Ералин К.Е.Этнодизайн.Оқу құралы – Түркістан: А.Ясауи атын.ХҚТУ, 2014. – 203 б.
- 13.Ералин К.Е. Мамандыққа кіріспе.Түркістан. А.Ясауи университеті. 2009 - 207 б.
- 14.Дейнека А.А.Об искусстве, М.,Художник 1965. С.128
- 15.Дейнека А. А. Сурет сала біл. М.: 1978, С.-149
- 16.Кардовский Д.Н. Рисование с натуры. М.Знание.1956. 178 -С.
- 17.Художники об искусстве.М.Искусство.1975.-С.214
- 18.Альберти Л. Б. Кескіндеме туралы үш кітап СПб. 1957- С. 278
- 19.Савицкий Г. К. Картина туралы. М. Просвещение. – 1982 С.-183.
- 20.Алпатов М. В. Кескіндеме композициясы. М.: 1994.- 97 б,
- 21.Ералин Қ., Нақбаева А. Ежелгі костюм тарихы. Түркістан. Тұран. 2007.
22. Асанова С. Ұлттық киімдерді жобалау және тігу технологиясы.
23. Рунге В.Ф. Эргономика в дизайн-проектировании. Уч. пособие. М.1987.
24. Ералин Қ.Е.Ералина Ф.Қ.Дизайн негіздері.Түркістан. Тұран.2012.
25. Ростовцев Н.Н. Методика преподавания изобразительного искусства в школе. М. Просвещение. 1980.
26. Кузин В.С. Изобразительного искусства и его методика преподавания в начальной школе. М.Просвещение. 1986.
27. Медведов Л.Г. Формирование графического образа на занятиях рисунка. М.Просвещение. 1986.
28. Шорохов Е.В. Композиция, М., Просвещение, 1986.
29. Абилова З. Сыныптан тыс жұмыстардағы эстетикалық тәрбие. Алматы,1977.

30. Жакыпбекова М. Коллаж үйірмесін ұйымдастыру Шымкент. 1998.
31. Әмірғазин Қ. Қазақ колөнері. Алматы, 1998.
32. Асылханов Е. Қазақ колөнерін оқу-тәрбие жүйесінде қолданудың сабақтастығы. Шымкент. 1989.
33. Шпикалова Т.Я. Декоративно прикладное искусства в школе. М.,Просвещение,1985
34. Ералин Қ. Мамандыққа кіріспе. Түркістан. Тұран. 2009
- 35.Асанова.С.Қазақтың ұлттық киімдері және колөнер тарихы Алматы.2008.
36. Андреева. Р.Н. Моданың энциклопедиясы М., 1990.
37. Зайцев. В.М. Моданың өзгеріп тұруы М., 1995.
- 38.Пармон. Ф.М. Өндіріс үлгілерін көркем модельдеу М., 2011.
39. Тәкішева Г.А.,Асанова Б.Е. Киімді көркем безендіру. Алматы.2008
40. Орехов Г.Н. Өндірістік графика М., 1988
- 41.Нешумов Б.П.Основы художественного конструирования. М., Просвещение. 198. – 214с.
42. Орлова Л.В. Азбука моды. – М., 1997.
43. Әлмұхамбетов Б. Сурет сала біл. Алматы. РОӘК. 1983.
44. Ибраева Қ.Е. Казахский орнамент. –Алматы, 1994. –С.64.
- 45 Сарыкулова Г.Очерк истории казахского изобразительного искусства. - Алматы: Қазақстан, 1970.-С.175
46. Көпбосынова Ә. Казахское декоративно-прикладное искусство.- Алматы: Ғылым, 1977. –С.84.
47. Ли К.В. Прикладное искусство Казахстана. Искусство народов СССР. - М.: Искусство, 1979. -Т.4. –С.296.
48. Марғұлан Ә. Қазақтың сәндік қолданбалы өнері. -Алматы: Өнер, 1989.- Т.2.- 409 б.
49. Аргынбаев Х. Қазақ отбасы. - Алматы: Қазақстан,1996. – 125 б.
50. Мұханов М. Қазақтың үй шаруашылығындағы көркем колөнері. - Алматы: Ғылым, 1978.-88б
51. Ералин К.Е. Изобразительное искусство Казахстана в системе художественного – профессиональной подготовки будущих учителей изобразительного искусства и художественного труда: дисс. ... докт.пед. наук.- – М., 1992. -445 с.
52. Балкенов Ж. Халық мұрасындағы ұлттық өрнек және рең: ғылыми әдістемелік монография. – Қарағанды, 1996. -198б.
53. Аманжолов С. Развитие индивидуально-творческой способности у школьников. – Жезказған: ЖПИ им.Байқоңырова, 2005. –С.105.
54. Әмірғазин Қ, "Қазақ колөнері", А., 1996 ж.
55. Ұзақбаева С. "Тамыры терең тәрбие", А., 1995 ж.
56. Қасиманов С. "Қазақ халқының колөнері", А., 1995 ж.
- 57.Мастера искусств об искусстве-М.,Искусство, 1966.-Т.2.-С.355.
- 58.Юон К.Ф. Өнер туралы. – М.,Искусство, 1959. – 1т. – С.113.
- 59.Каменова Е. Какова цвета радуга. М.; Детская литература, 1975, - 167



60. Володаева Н.А. Творческий процесс в дизайне одежды: теория и практика. // Преемственность традиций культуры и искусства в мировом пространстве. Сборник докладов. МНПК. Нац. акад. искусс. им Т.Жургенова. Алматы. – 2008. – С.274.

61. Егорова Р.И. Монастирная В.П. Учись шить. М., Просвещение. 1989 – 160с. 8 л. Ил. : ил.

62. Бердник Т.О. Моделирование художественное оформление одежды. Учебник. Ростов. Н/Д: фенникс, 2001. -352с.

63. Асанова С. Қазақтың ұлттық киімдері: Каталог –оқулық. –Астана: Фолиант, 2008. -152 бет.

64. Мастера искусств об искусстве» -М., Искусство, 1966.-Т.2.-С.355.

65. Юон К.Ф. «Өнер туралы» М., Искусство, 1959. – 1т. – С.113.

66. Каменова Е. Какова цвета радуга М.; Детская литература, 1975, - 167 с.с ил.

67. Володаева Н.А. «Творческий процесс в дизайне одежды: теория и практика. // Преемственность традиций культуры и искусства в мировом пространстве. (Сборник докладов. МНПК. Нац. акад. искусс. им Т.Жургенова. Алматы. – 2008. – С.274.)

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>1. БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ЭТНОДИЗАЙН АРҚЫЛЫ ӨНЕРТАНЫМДЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЯРЛАУ</b>	
1.1 Этнодизайн арқылы болашақ мұғалімдерді өнертанымдық білім беруге даярлау педагогикалық проблема.....	7
1.2 Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлаудың моделі.....	37
1.3 Өнертанымдық білім беруге болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы даярлаудың педагогикалық шарттары .....	46
<b>2. ЭТНОДИЗАЙН АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ӨНЕРТАНЫМДЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЯРЛАУ ӘДІСТЕРІ.</b>	
2.1 Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлаудың мазмұны.....	61
2.2 Этнодизайн арқылы болашақ мұғалімдерді өнертанымдық білім беруге даярлаудың әдістері .....	74
2.3 Өнертанымдық білім беруге этнодизайн арқылы болашақ мұғалімдерді даярлаудың нәтижелері.....	79
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	90
<b>ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	92



Ералин Қ. Болашақ мұғалімдерді этнодизайн арқылы өнертанымдық білім беруге даярлау. Монография. Түркістан: Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2016, - 95 бет

Басуға 23.11.2016 ж. қол қойылды.  
Резографиялық басылым. Қаріп түрі – Таймс  
Көлемі 8 шартты баспа табак  
Таралымы 500 дана.

Дизайнер-корректор Сабырова Әсел

Дайын түпнұсқа-макет бойынша басылды.  
Тапсырыс № 08.  
161200, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы.

Ералин К. Подготовка будущих учителей к искусствоведческому образованию средствами этнодизайна. Монография. Туркистан: МКТУ им. К. А. Ясауи, 2016, - С.95.



ОҚУҒА